Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ МЕКЕМЕЛЕРІ

ЛЕЧЕБНО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ УЧРЕЖДЕНИЯ

ҚР ЕЖ 3.02-113-2014
СП РК 3.02-113-2014

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕГЕН: «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС

2. ҰСЫНҒАН: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы

3. БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы «29» желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен

ПРЕДИСЛОВИЕ

1. РАЗРАБОТАН: АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»

2. ПРЕДСТАВЛЕН: Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ: Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсам Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ VI
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 2
4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР 2
4.1 Негізгі ережелер 2
4.2 Өрт қауіпсіздігі 3
4.3 Көлемдік-жоспарлық шешімдер 4
4.3.1 Учаскені жоспарлау және аумақты ұйымдастыру 4
4.3.2 Сәулет-жоспарлау және конструктивтік шешімдер 7
4.3.3 Үй-жайларды ішкі әрлеу 12
4.3.4 Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар 14
4.3.4.1 Ересектерге арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар 14
4.3.4.2 Балаларға арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар 15
4.3.4.3 Әйелдер консультациясы 16
4.3.4.4 Дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, медициналық пункт 17
4.3.5 Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар 18
4.3.5.1 Стационарларға жалпы ережелер 18
4.3.5.2 Қабылдау бөлімдері, мамандандырылған бокстар, травматологиялық пункттер 20
4.3.5.3 Стационар бөлімі 22
4.3.5.4 Перинаталдық орталық, перзентханалар және босану бөлімдері 24
4.3.5.5 Операциялық блоктар 25
4.3.5.6 Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері 27
4.3.6 Мамандандырылған емдеу-диагностикалық бөлімшелер (үй-жайлар) 28
4.3.6.1 Дәрігер-маман кабинеті, процедуралық, таңу, шағын операция бөлмелері, топтық процедуралар кабинеті 28
4.3.6.2 Клиникалық-диагностикалық зертханалар 29
4.3.6.3 Гипербарикалық оксигенация бөлімі 30
4.3.6.4 Функционалдық диагностика бөлімі 31
4.3.6.5 Гемодиализ бөлімі 31
4.3.6.6 Эндоскопиялық бөлім 32
4.3.6.7 Медициналық оңалту бөлімі 32
4.3.6.8 Қан құю бөлімі 36
4.3.6.9 Сәулемен диагностикалау бөлімі 36
4.3.6.10 Сәулемен емдеу бөлімі 37
4.3.6.11 Радиоизотопты диагностика бөлімі (зертхана) 38

4.3.6.12 Патологоанатомиялық бюро, патологоанатомиялық бөлім және сот-медициналық сараптама бөлімі....39
4.3.6.13 Орталық зарарсыздандыру бөлімі....41
4.3.6.14 Дезинфекциялаушы бөлім....41
4.3.6.15 Кір жуу орны....42
4.3.6.16 Тамақ дайындау қызметі....43
4.3.6.17 Қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар....43
4.3.6.18 Клиникалық кафедралар үй-жайы....44
4.3.7 Жедел медициналық көмек және санитариялық авиация ұйымдары....45
4.3.8 Қан орталығы....46
4.3.9 Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника (медициналық ұйымдар үшін) айналысы саласындағы объектілер....47
4.3.10 Балалар сүт асханалары, сүт асханаларын үлестіру пункттері....48
4.3.11 Медициналық газдар, вакуум желісі және сығылған ауа құбырлары....49
4.3.11.1 Медициналық газдар....49
4.3.11.2 Оттегімен орталықтандырылған жабдықтау жүйесі және оттегімен жабдықтау көздері....51
4.3.11.3 Оттегі құбырларының сыртқы желілері....53
4.3.11.4 Ішкі жүйелер....55
4.3.11.5 Майсыздандыру....57
4.3.11.6 Азоттың шала тотығын орталықтандырылған жабдықтау жүйесі....58
4.3.11.7 Вакууммен орталықтандырылған қамтамасыз ету жүйесі....59
4.3.11.8 Сығылған ауамен орталықтандырылған жабдықтау жүйесі....60
4.3.11.9 Көмірқышқыл газымен орталықтандырылған жабдықтау жүйесі....62
4.3.11.10 Наркоз газын кетіру және емдік газдарды үлестіру жүйесі....62
4.3.11.11 Емдік газдар құбырларын жүргізу....63
4.3.11.12 Емдік газдардың есептік шығындарын анықтау....63
4.3.11.13 Құбырлар диаметрін есептеу....65
4.3.11.14 Автоматтандыру және бақылау....66
4.3.11.15 Емдік газбен жабдықтау жүйелерін монтаждау....66
4.3.12 Қоқыстарды, қалдықтарды жою және шаңдарды жинау....69
4.3.13 Крематория....70
4.4 Ғимараттардың конструктивтік шешімдері және құрылыс конструкцияларын есептеу әдістері....71
4.5 Инженерлік қондырғылар....71
4.5.1 Сумен қамту және канализация....71
4.5.2 Жылумен қамту....74
4.5.3 Жылыту....75
4.5.4 Желдету және ауа баптау....76
4.5.5 Газбен қамту....82
4.5.6 Электр техникалық құрылғылар....82
4.5.7 Әлсіз токты желілер....85

4.5.8 Азаматтық қорғаныс және және төтенше жағдайларды ескерту бойынша инженерлік-техникалық шаралар 86
4.6 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету 87
4.7 Қоршаған ортаны қорғау және санитарлық-гигиеналық талаптар 89
5 ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ 90
5.1 Энергия тиімділігін қамтамасыз ету 90
5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану 91
А қосымшасы *(міндетті)* Ғимараттар арасындағы жол берілген ең төменгі арақашықтық 92
Б қосымшасы *(міндетті)* Ересектерге арналған амбулаторлық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар құрамы мен ауданы 94
В қосымшасы *(міндетті)* Аудандық емханалардың негізгі үй-жайлар ауданы 115
Г қосымшасы *(міндетті)* Күндізгі стационар ауданы 118
Д қосымшасы *(міндетті)* Дәрігерлік амбулатория үй-жайының ауданы 119
Е қосымшасы *(міндетті)* Медициналық пункт үй-жайының ауданы 120
Ж қосымшасы *(міндетті)* Емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі әртүрлі мақсаттағы үй-жайлар құрамы мен ауданы 121
К қосымшасы *(міндетті)* Палата бөлімдері үй-жайының ауданы 228
Л қосымшасы *(міндетті)* Қабылдау бөлімдері үй-жайларының (қабылдау үй-жайы) ауданы 234
М қосымшасы *(міндетті)* Травматологиялық пункттердің мамандандырылған бокстары мен үй-жайының ауданы 238
Н қосымшасы *(міндетті)* Қабылдау бөлмелері үй-жайының ауданы (ауруханадан шығару үй-жайлары) 241
П қосымшасы *(міндетті)* Туберкулезге қарсы стационар үй-жайының ауданы 242
Р қосымшасы *(міндетті)* Денсаулық сақтау объектілерінің бір төсекті палаталарының ауданы 244
С қосымшасы *(міндетті)* Ауруханалардың босну бөлімі 246
Т қосымшасы *(міндетті)* Операциялық блок үй-жайының ауданы 253
У қосымшасы *(міндетті)* Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері үй-жайларының ауданы 258
Ф қосымшасы *(міндетті)* Процедуралар санын емдеу түрі бойынша бөлу 263
Х қосымшасы *(ақпараттық)* Емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі бассейндер 265
Ц қосымшасы *(ақпараттық)* Әртүрлі салалық бөлімдердегі ашудың болжамдық мөлшері 268
Ш қосымшасы *(міндетті)* Емдеу-профилактикалық мекемелерін инженерлік қамтамасыз ету 269

КІРІСПЕ

Осы құжат Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базасын реформалау шегінде әзірленді және техникалық реттеудің озық жүйесін жасауға бағытталған.

Осы ҚР ЕЖ «Емдеу-сауықтыру мекемелері» «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Ережелер жинағы қолайлы шешімдер болып табылатын параметрді қамтиды және ҚР ҚН «Емдеу-сауықтыру мекемелері» құрылыс нормаларының талаптарын орындаудың бірден-бір әдісі болып табылмайды.

Қолайлы шешімдер ғимараттарды пайдалану деңгейін (негізгі мақсаты немесе функциясы), ғимаратты пайдаланушылар үшін қауіпті тәуекелдік факторларды және қауіптілік сипатын (ішкі немесе сыртқы), пайдаланушылар санын (келушілер, қызметкерлер), адамдардың, оның ішінде халықтың әлсіз топтары бөлігінің (сәбилер, кішкентай балалар, ақыл-есі қалыпты емес немесе басқа да кемшіліктері бар адамдар) жұмыс істеу ұзақтығын және т.б. жағдайлар мөлшерін ескере отырып қабылданады.

БЕЛГІ ҮШІН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЕМДЕУ- САУЫҚТЫРУ МЕКЕМЕЛЕРІ

ЛЕЧЕБНО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ УЧРЕЖДЕНИЯ

Енгізілген күні – 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы ғимараттар мен үй-жайлардың аумағына, көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдеріне, емдеу-профилактикалық мекемелердің инженерлік қамтамасыз етілуіне, өрт қауіпсіздігіне қолайлы шешімдерді белгілейді.

1.2 Осы ереженің талаптары Қазақстан Республикасының аумағындағы жаңадан салынатын және реконструкцияланатын емдеу-профилактикалық мекемелерін жобалауға таратылады.

1.3 Осы ережелер жинағының талаптары:

- паллиативтік көмек пен медбикелік күтім көрсететін ұйымдарға;
- интернат-үйлерге арналған қабылдау-карантин бөлімдерінің үй-жайларына;
- емдеу стационарларының құрамына кіретін оқу үй-жайларына;
- клиникалық кафедралардың оқу үй-жайларына таратылмайды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағын қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР ЕЖ 1.02-104-2013 Құрылысқа арналған инженерлік іздеулер. Сейсмикалық шағын аймақтандыру. Жалпы ережелер.

ҚР ЕЖ 2.02-102-2012 Ғимараттар мен имараттардың өрт автоматикасы.

ҚР ЕЖ 2.03-101-2012 Аймақтарда және отырмалы топырақтарда орналасқан ғимараттар мен имараттар.

ҚР ЕЖ 2.04-104-2012 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ЕЖ 3.01-101-2012 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ЕЖ 3.02-121-2012 Қоғамдық тамақтану объектілері.

ҚР ЕЖ 3.02-108-2012 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар.

ҚР ЕЖ 3.06-101-2012 Ғимараттар мен имараттарды халықтың қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімділіктің есебімен жобалау.

ҚР ЕЖ 4.01-101-2012 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ЕЖ 4.01-103-2013 Сумен жабдықтау мен кәрізің сыртқы желілері және имараттары.

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ЕЖ 4.02-104-2013 Жылу желілері.

ҚР ЕЖ 4.02-105-2013 Қазандық қондырғылары.

ҚР ЕЖ 4.04-106-2013 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды электрмен жабдықтау. Жобалау ережелері.

ҚР ЕЖ 5.01-102-2013 Ғимараттар мен имараттардың іргелері.

Ескертпе - Осы құрылыс нормаларын пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жасалатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттар көрсеткіштері» және «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» ақпараттық тізімдемесі және ай сайын шығатын тиісті ақпараттық бюллетень-журнал бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында осы объектілердің құрылыс нормаларында келтірілген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Антисептик:** Микробтарды жою мақсатында теріге немесе тінге қолдануға арналған химиялық микробқа қарсы агент.

3.2 **Асептикалық режим:** Микробтардың жараға түсуіне жол бермейтін санитарлық-техникалық және санитарлық-гигиеналық шаралар кешені.

3.3 **Паразитологиялық зертхана:** Биологиялық материалдағы және қоршаған орта объектілеріндегі гельминттер мен қарапайымдарды анықтау бойынша зерттеу жасайтын зертхана.

4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР

4.1 Негізгі ережелер

4.1.1 «Әдістемелік-технологиялық тапсырма» емдеу-профилактикалық мекемесінің таңдалған учаскесінде осы немесе басқа қуатты немесе функционалдық бағыттың мүмкіндігіне өз бетінше бағалау жүргізетін объектінің (әдеттегідей, мамандығы бойынша медик) алдағы пайдаланушысын алдын ала бағалау негізінде жасау ұсынылады. Пайдаланушымен және құрылыстың тапсырыс берушісімен алдын ала келіскеннен кейінгі тапсырма жоба құжаттамасын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

4.1.2 Амбулаториялық-емханалық (бұдан әрі - амбулатория және/немесе емханалар) көмек көрсететін ұйымдар ересектер мен балаларға арналған бөлек, сол сияқты бірыңғай құрылымда болуы мүмкін.

4.1.3 Емдеу-профилактикалық мекемелері мен дәріханалар ғимараттарында жылумен қамтамасыз етуді, жылытуды, желдетуді, ауа баптауды жобалау барысында ҚР ЕЖ 4.02-101, ҚР ЕЖ 4.02-104, ҚР ЕЖ 4.02-105 талаптарын, ал емдеу-профилактикалық мекемелері ғимараттарының тағамды, сүт асханаларын және дайындау қызметтері мен кір жуатын орындар үй-жайларын жобалау барысында ҚР ЕЖ 3.02-121, ҚР ЕЖ 3.02-108 талаптарын және осы ереженің нұсқауларын орындау керек.

4.1.4 Жылу пункттерінің, жылыту, желдету жүйелерінің және ауа баптау жабдықтарын орналастыруды емдеу-профилактикалық мекемелері ғимараттарының көлемдік-жоспарлық шешімдерінің жалпы талаптарына сәйкес қарастыру керек.

4.1.5 Инженерлік іздестірулерді жүргізген кезде ҚР ЕЖ 1.02-104 ережелерін және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету керек.

4.2 Өрт қауіпсіздігі

4.2.1 Емдеу-профилактикалық мекемелерінің және дәріханалардың өрт қауіпсіздігі өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға және басқа да қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

4.2.2 Емдеу-профилактикалық мекемелері мен дәріханалардың үй-жайларын басқа мақсаттағы ғимараттарға орналастыру кезінде олар басқа үй-жайлардан REI 120 отқа төзімділік шегі бар жанбайтын материалдардан тұтас қабырғалармен бөлінуі тиіс және сыртқа шығатын жеке шығаберіс есігі болуы тиіс.

4.2.3 60 және одан аз төсекті стационарларға және бір ауысымда 90 және одан аз амбулаториялық-емханалық мекемелер үшін IV-V дәрежелі отқа төзімді ғимараттардың қабырғалары бөренелерден немесе қырлы бөренелерден салынуын және ішінен сылануын қарастыру керек.

4.2.4 Психиатриялық ауруханалар мен диспансерлердің емдеу корпустарын отқа төзімділіктің III дәрежесінен төмен қарастырмау керек.

4.2.5 Жертөле және цокольдық қабаттардан шығатын эвакуациялық шығаберіс есікті тікелей сырттан қарастыру керек, олар мекеменің жалпы баспалдақ торларынан оқшау болуы тиіс.

4.2.6 Лифт шахталары мен жертөле бар баспалдақ торларының байланысы үшін ерекшелік 2 кгс/м^2 жертөле деңгейіндегі лифтілік холдарға ауаны тіреу арқылы лифт шахталарын құрайды; бұл холдар басқа үй-жайлардан және жертөле дәліздерінен жанбайтын материалдардан жасалған тегіс арақабырғалармен бөлінуі тиіс.

4.2.7 Жертөлелердің сыртқы қабырғаларында кемінде бір терезені жертөленің 200 м^2 ауданына есептеу арқылы ойықтары бар 1,2 м × 0,9 м өлшемді терезелер қарастырылуы тиіс.

4.2.8 Емдеу-профилактикалық мекемелері ғимараттарының тоннельдерге түйіскен жерлеріндегі және өткелдердегі қабырғалар отқа төзімділік шегі REI 120 жанбайтын материалдардан қарастырылуы тиіс; осы қабырғалар ойықтарындағы есіктерде отқа төзімділік шегі EI 60 болуы тиіс.

4.2.9 Емдеу-профилактикалық мекемелері ғимараттарының биіктігі 10 м және одан астам шатырында биіктігі кемінде 0,6 м (тегіс жабындарда – кемінде 0,9 м) қоршауларды қарастыру керек.

4.2.10 Емдеу-профилактикалық мекемелері ғимараттарының әрбір қабатында кемінде екі эвакуациялық шығаберіс қарастыру керек.

4.2.11 Егер вестибюльдің қабырғалары мен аражабындары отқа төзімділік шегі кемінде REI 45 жанбайтын материалдардан жасалған болса, вестибюльден екінші қабатқа дейін ашық баспалдақтарды (ішкі қоршалмайтын қабырғалары мен аражабындарынсыз) орнатуға жол беріледі, ал вестибюль үй-жайлары дәліздерден есіктері бар арақабырғалармен бөлінуі тиіс.

4.2.12 Әрбір баспалдақ клеткасында тікелей сыртқа немесе вестибюль арқылы шығаберіс қарастырылуы тиіс.

4.2.13 Коммуникациялық қуыстарды қоршау отқа төзімділік шегі кемінде REI 45 жанбайтын материалдардан орындалуы тиіс.

4.2.14 Емдеу мекемелерінің палата корпустарын араларындағы арақашықтығы 42 м аспайтын 2-ші типті өртке қарсы арақабырғалармен бөлу керек.

4.2.15 Тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтарға арналған қоймалардың сыртқы қабырғасында ені немесе биіктігі кемінде 0,75 м ауданы кемінде 1,1 $м^2$ ойық, темірбетонды жабын, қабырғалары отқа төзімділік шегі кемінде REI 45 жанбайтын материалдардан, есікке көлбеу цементтелген еден және отқа төзімділік шегі кемінде EI 60 есік болуы тиіс.

4.2.16 Дәріханаларда және тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтарды сақтауға арналған зертханаларда ені кемінде 0,7 м және биіктігі кемінде 1,2 м есіктері бар кіріктірме шкафтарды қарастыруға жол беріледі.

4.3 Көлемдік-жоспарлық шешімдер

4.3.1 Учаскені жоспарлау және аумақты ұйымдастыру

4.3.1.1 Емдеу-профилактикалық ұйымдарын тұрғын үй құрылыс аумағына, ашық немесе қалааралық аймақтарға қоғамдық, өнеркәсіптік, коммуналдық, шаруашылық және басқа да ұйымдардың қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар ережесіне сәйкес қабылданған қашықтықта орналастыру ұсынылады.

4.3.1.2 Денсаулық сақтаудың мамандандырылған объектілері немесе ұзақ уақыт бойы науқастардың келуіне арналған қуаты 1000 төсектен асатын кешендері, ерекше режимді (психиатриялық, туберкулезге қарсы, наркологиялық) көрсетілген қуаттағы стационарлар селитебтік аумақтан кемінде 500 м алшақтықты сақтай отырып қала маңындағы аймаққа немесе шеткі аудандарға орналасады.

4.3.1.3 Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар, әдеттегідей, жеке тұрған ғимараттарға немесе стационарға шектес ғимараттарға орналасуы тиіс.

4.3.1.4 Денсаулық сақтау объектілерін селитебтік аймаққа орналастыру кезінде емдеу және палата корпустары құрылыстың қызыл жолағынан 30 жақын емес және

тұрғын және қоғамдық ғимараттардан кемінде 50 м және теміржолдардан, әуежайлардан, жедел автомагистральдардан және басқа шу көздерінен алыс орналасады.

4.3.1.5 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, оларға кіріктірме-жапсарлас үй-жайларға жеке кіре беріс болған жағдайда, қуаты бір ауысымда 100 келушілерден артық емес амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін (тіс техника зертханалары және иондаушы сәуле көздері жоқ), оның ішінде инфекциялық науқастарға және алкоголь және есірткіге байланысты тұлғаларға қызмет көрсетуге арналған стационарларды қоспағанда, күндізгі стационарлар бар ұйымдарды орналастыруға жол беріледі.

4.3.1.6 IV климаттық ауданда және III Б климаттық ішкі ауданда орналасқан ауруханаларда немесе стационарлық диспансерлерде жаздық (террасалар, верандалар және лоджиялар) үй-жайларды қарастыру керек.

4.3.1.7 Емдеу-профилактикалық ұйымдардың аумақтары бойынша кернеуі 110 кВ астам электр берудің транзиттік жоғары вольтті желілерін, сонымен қатар қалалық (ауылдық) мақсаттағы магистральдық инженерлік коммуникацияларды (сумен қамтамасыз, канализация, жылумен жабдықтау және басқалары) жүргізуге жол берілмейді.

4.3.1.8 Емдеу-профилактикалық ұйымдар, санитарлық-эпидемиологиялық ұйымдардың ғимараттары және басқа ғимараттар арасындағы ең төменгі жол берілген арақашықтық ҚР ЕЖ 3.01-101 берілген арақашықтықтан кем болмауы және А қосымшаға сәйкес болуы тиіс.

4.3.1.9 Тамақтану блогының жеке тұрған ғимаратын аурухана корпустарымен жерүсті немесе жерасты тоннель өткелдері арқылы қосу ұсынылады.

4.3.1.10 Өрт автомобильдерінің өтуі үшін қолайлы өтетін жолдар немесе жолақтарды ауруханалардың емдеу корпустарының, диспансерлердің және перзентханалардың екі бойлық шетінен емдеу корпустарынан кемінде 5 м және 8 м аспайтын арақашықтықта, ал басқа ғимараттар үшін ҚР ЕЖ 3.01-101 талаптарына сәйкес жобалау керек.

4.3.1.11 Патологоанатомиялық корпус аймағына және шаруашылық аймағына кіретін жолдар біріктірілуі мүмкін.

4.3.1.12 Патологоанатомиялық бөлім жеке ғимаратқа немесе тамақтану блогын қоспағанда, шаруашылық аймағында орналасқан ғимараттарға кіріктірме үй-жайда орналасады.

4.3.1.13 Жеке тұрған жедел медициналық көмек станциялары (бөлімдер) учаскесінде, сонымен қатар осы станция (бөлім) аймағында оларды ауруханаға жер теліміне орналастыру кезінде жедел медициналық көмек автомобильдері үшін жеке кіретін және шығатын жолды қарастыру керек.

4.3.1.14 Ауруханаларға, емханаларға, диспансерлерге және перзентханаларға кіретін негізгі кіреберіске бір төсекке 2 $м^2$ немесе бір ауысымдағы бір кіріп шығу есебінен келушілерге арналған алаңдарды қарастыру керек.

4.3.1.15 Сүт асханаларының үлестіру пункттерінің кіреберісіне күніне сатылатын 1000 үлеске 10 $м^2$ есебінен балалар арбаларына арналған алаңдарды қарастыру керек.

4.3.1.16 Жас көшеттер және гүлзарлар алаңы ауруханалардың және стационарлары бар диспансерлер учаскелерінің ауданының 40 % артық құрамауы тиіс.

4.3.1.17 Туберкулезге қарсы стационарларда биіктігі кемінде 2,5 м тұтас қоршауды, бақылау өткізу пунктін, күзет қарастыру керек.

4.3.1.18 Құрылыс салынбаған ауруханалардың, стационарлары бар диспансерлердің және перзентханалардың аумақтық периметрі бойынша ені 15 м жас көшеттер жолағын, емханалар, әйелдер консультациялары, амбулаториялар, стационары жоқ диспансерлер аумақтарының периметрлері бойынша ені 5 м жас көшеттер жолағын қарастыру керек.

4.3.1.19 Радиологиялық және инфекциялық корпустардың айналасына, сонымен қатар бірінші қабатқа рентген кабинеттерін орналастыру кезінде корпусты бойлай ені 5 м аспайтын өтуге қиын бұталардан тұратын жас көшеттер жолағын қарастыру керек.

4.3.1.20 Стационары бар емдеу-профилактикалық мекемелердің аумақтарында қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес биіктігі кемінде 1,6 м қоршаулар, психиатриялық аурухана аумақтарында биіктігі кемінде 2,5 м қоршаулар болуы тиіс.

4.3.1.21 Туберкулезге қарсы стационарлар аумақтарында бактериялық іріңді, бактериялық ірің жоқ науқастарға арналған жеке қоршалған серуендеу алаңдары қарастырылады.

4.3.1.22 Аумаққа кіретін-шығатын жолдарда бейне бақылау пунктінен автоматты түрде ашылатын шлагбаум құрылғысы қарастырылады. Жобалау тапсырмасы бойынша тиісті жарықтандырылатын өтетін жол қарастырылуы мүмкін. Инфекциялық аурухана аумағынан шығатын жолда жабық алаңды және көліктерді дезинфекциялық өңдеуге арналған құрылғылар қарастыру керек.

4.3.1.23 Инфекциялық, психиатриялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы бөлімдерді жоспарлы оқшаулау барысында дербес желдету жүйелері болған жағдайда, туберкулезге қарсы бөлімдерді қоспағанда, аталған бөлімдерді басқа бөлімдермен бір ғимаратқа орналастыруға болады.

4.3.1.24 Емдеу-профилактикалық мекемелерінің аумақтарындағы жаяу жүргіншілер жолдары механикалық мүгедек арбаларының өту мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс, бұл үшін олар жүретін жолдардағы тік кедергілердің биіктігі 2,5 м аспауы тиіс. Еңістігі 10 % артық жол бергісіз биік пандустар.

4.3.1.25 Еңістігі 3 % бастап 6 % дейінгі жолдарда 100 м жиілікпен ұзындығы кемінде 6 м көлденең учаскелерді орналастыру керек.

4.3.1.26 Алаңдар аудандарын емхананың қуатына байланысты, бірақ 20 $м^2$ кем емес қабылдау керек.

4.3.1.27 600 төсек орынды аурухана ғимаратын оларды салу кезектілігін және жеке қызметтерді кеңейту және түрлендіру мүмкіндіктерін пайдалануға енгізуді ескере отырып жобалау керек.

4.3.1.28 Санитарлық авиация бөлімі бар ірі емдеу-профилактикалық мекемелерінің аумақтарында қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес санитарлық авиацияның авиациялық құралдарына арналған ұшақ тұрақтарды және тікұшақ алаңдарын салуды қарастыру ұсынылады.

4.3.1.29 Емдеу-профилактикалық мекемелерін орналастыру учаскесінде санитарлық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық көрсеткіштер, радиациялық фактор бойынша топырақ гигиеналық нормативтерге сәйкес келуі тиіс, атмосфера ауасындағы

зиянды заттардың құрамы, электр магниттік сәуленің, шудың, дірілдің, инфрадыбыстың деңгейі гигиеналық нормативтерден аспауы тиіс.

4.3.1.30 Емдеу-профилактикалық мекемелерінің аумағында немесе оған тікелей жақын жерде амбулаториялық тексеруге келгендерге және/немесе оларды алып жүрушілерге арналған қонақүйлер немесе пансионаттар мақсатты түрде қарастырылуы тиіс.

4.3.1.31 Емдеу-профилактикалық мекемелердің учаскелерін жоспарлау және аймақтандыруда функционалды аймақтардың қатаң оқшауланuын сақтау керек.

4.3.1.32 Стационарлар аумағында инфекциялық және инфекциялық емес науқастарға арналған емдеу корпустарының, бақша-саяжай, патологоанатомиялық корпус, шаруашылық және инженерлік құрылыстар аймақтары бөлінеді.

4.3.1.33 Патологоанатомиялық корпус бөлімінде кемінде үш кіреберіс болуы тиіс (екеуі –жеке қабылдауға және мәйіттерді тапсыруға арналған, үшіншісі – қызметкерге арналған). Емдеу-профилактикалық мекемелерінің жерлеу аймағында жеке кіретін есік қарастырылуы тиіс.

4.3.1.34 Тығыз орналасқан қала құрылысы жағдайларында, сонымен қатар өз құрамында қалпына келтіріп емдеу және күтім жасау палата бөлімдері жоқ стационарларда жер телімі ауданын жас көшеттердің үлесін және бақша-саяжай аймақтарының өлшемдерін қысқарту есебінен, нормаланғаннан 10 % - 15 % шектерінде азайтуға жол беріледі.

4.3.1.35 Ағаштар ғимараттың жарық өтетін тесіктерінен кемінде 15 м арақашықтықта, бұталар кемінде 5 арақашықтықта орналасуы тиіс.

4.3.1.36 Емдеу-профилактикалық мекемелердің шаруашылық аймағында терезелерден кемінде 25 м арақашықтықта қатты жабынды және көше жағынан кіретін жолы бар тұрмыстық қалдықтарға (А сынып) арналған контейнер алаңын орналастырады. Алаңдардың өлшемдері контейнерлердің негізінің ауданынан барлық жағынан 1,5 м асуы керек. Контейнер алаңы сыртқы қатынаудан қорғалуы және қоршауы мен шатыры болуы тиіс.

4.3.1.37 Ауылдық жерлерде дәрігерлік амбулаторияларды, фельдшерлік-акушерлік пункттерді, медициналық пункттерді бір немесе бірнеше елді мекендерге қызмет көрсетуді ескерумен тұрғын және қоғамдық ғимараттарға орналастыруға жол беріледі. Тұрғын ғимараттарға орналастыру барысында көшеден кіретін жеке кіреберіс қарастыру керек.

4.3.2 Сәулет-жоспарлау және конструктивтік шешімдер

4.3.2.1 Емдеу-профилактикалық мекемелердің ғимараттары жерүсті тоғыз қабаттан аспай жобаланады. Балалар ауруханаларының палата бөлімдері (оның ішінде аналарымен бірге үш жасқа дейінгі балаларға арналған) бесінші қабаттан жоғары емес орналасады, жеті жасқа дейінгі балаларға арналған палаталар және балалар психиатриялық бөлімдер (палаталар) екінші қабаттан жоғары орналастырылмайды.

4.3.2.2 Емдеу-профилактикалық мекемелері мен дәріханалар ғимараттарының жерүсті қабаттарының биіктігін 3,3 м аспайтындай қабылдау керек. Тұрғын үй

ғимаратында орналасуына жол берілген үй-жайлардың (дәріханалар, сүт асханасының үлестіру пункті және т. б.) биіктігін тұрғын үй-жайларының биіктігіне тең қабылдауға жол беріледі.

4.3.2.3 Операциялық блоктардағы (залдардағы) төбенің биіктігін таза әрлеуде кемінде 4 м қарастыру керек.

4.3.2.4 Пациенттер саны 10 және одан көп емдеу-жүзу бассейндері залының биіктігі 4,2 м артық қабылданбайды.

4.3.2.5 Дәріханалардың сауда залдарын екі деңгейде орналастыруға жол беріледі.

4.3.2.6 Емдеу-профилактикалық мекемелердің ғимараттары мен үй-жайлары үшін есептік маңызды көрсеткіштері(өткізу қабілеттігі) келесілер болып табылады:

- стационары бар мекемелер үшін – төсектер саны, оның ішінде қабылдау бөлімдері (науқастарды жоспарлы және жедел қабылдау);
- мамандандырылған орталықтар үшін – ауысымдағы келушілер саны және төсектер саны;
- жедел медициналық көмек станциясы үшін – бір жылдағы шығулар саны;
- стационары бар диспансерлер үшін - ауысымдағы келушілер саны мен төсектер саны;
- амбулаториялық-емханалық мекемелер үшін - ауысымдағы келушілер саны;
- сүт асханалары үшін – бір күнде дайындалатын порция саны;
- сүт асханаларының үлестіру пункттері үшін – бір күндегі таратылатын порциялар саны;
- аурухана дәріханалары үшін - қызмет көрсетілетін төсектер саны;
- ауруханаңың тамақтану блогы үшін - қызмет көрсетілетін төсектер саны.

4.3.2.7 Ауысымда емдеу-профилактикалық мекемелерге келушілер саны күніне дәрігер кабинеттерін жалпы келушілер санының 60 % тең болып қабылданады.

4.3.2.8 Емдеу-профилактикалық мекемелерінің ең төменгі енін 1-кесте бойынша қабылдау керек.

1-кесте - Емдеу-диагностикалық мекемелер үй-жайының ең төменгі ені

Метрмен есептегенде

Үй-жайдың атауы	Үй-жайдың ені, кемінде
1 Дәрігерлер кабинеті	2,4
2 Бір төсекті палаталар	2,9
3 Шағын операция бөлмелері, таңу, урологиялық креслосы бар процедура, гинекология, урология, ортопедия кабинеттері	3,2
4 Рентген-флюорографиялық және рентгенотерапевтік кабинеттерінің процедуралық бөлімдері	4,0

1-кестенің жалғасы

Үй-жайдың атауы	Үй-жайдың ені, кемінде
5 Операциялық, реанимациялық, босандыру, суреттерді түсіруге арналған үстелдері бар рентгенодиагностикалық процедуралық кабинеттер, қашықтықтан және қуысішілік сәулемен емдеу аппаратура кабинеттері	5,0

4.3.2.9 Палаталардың, емдеу-диагностикалық үй-жайлардың ауқымдылығы оларды бір жағынан табиғи жарықтандыру кезінде 6 м аспауы тиіс. Гинекологиялық, урологиялық, хирургиялық, ортопедиялық, онкологиялық, отоларингологиялық, процедуралық, рентген кабинеттері, қашықтықтан және қуыс ішілік сәулемен емдеу аппаратура кабинеттері, таңу, офтальмологиялық, операциялық кабинеттері үй-жайының ауқымдылығы кемінде 5 м, босану - кемінде 4,5 м, наркоз палаталары - кемінде 3,5 м болуы тиіс. Палаталардың және емдеу-диагностикалық үй-жайлар енінің ауқымдылығына қатынасы кемінде 0,5 болуы тиіс.

4.3.2.10 Палаталардағы аурухана төсектері палатада 4 төсектен аспайтын бір төсек гигиеналық нормативтерге сәйкес орнатылуы тиіс.

4.3.2.11 Палаталар өлшемдерін (радиологиялық бөлімдердің палаталарынан басқа) төмендегідей талаптарға сүйене отырып, анықтау керек:

- төсектерді терезелері бар қабырғаларға параллель қатарлармен орналастырған кезде – төсектерден терезелері бар қабырғаларға дейінгі арақашықтық кемінде 0,9 м қарастырылады;

- төрт төсекті палаталардағы төсектердің шетжақтары арасындағы және оңалту бөлімінің екі және үш төсекті палаталардағы төсектердің шетжақтары мен қабырға арасындағы арақашықтығы кемінде 1,6 м, ал басқа бөлімдердегі палаталарда кемінде 1,2 м;

- тұрған төсектердің жанындағы ұзын жақтары арасындағы арақашықтық 0,8 м дейін, ал балалар палаталарында және қалпына келтіріп емдеу палаталарында 1,2 м қарастырылады.

4.3.2.12 Емдеу-профилактикалық мекемелері дәліздерінің ені 2-кесте бойынша қабылдануы тиіс (өрт кезінде адамдарды эвакуациялау бойынша талаптарды ескеру арқылы).

4.3.2.13 Палата секцияларының (бөлімдердің) дәліздерінде ғимараттың шетжақ қабырғаларындағы және жарық қалташаларындағы (холдарда) терезе арқылы жүзеге асатын табиғи жарықтандыру болуы тиіс.

4.3.2.14 Жобалауға берілген тапсырмаға сәйкес технологиялық шешімдерді ескере отырып, емдеу-профилактикалық мекемелері үй-жайларының жалпы ауданын (рекреация, қосалқы үй-жай және т. б.) қысқартуға жол беріледі.

4.3.2.15 Горизонттың оңтүстік румбына бағдарланған терезе күннен қорғайтын құрылғылармен (күнқағарлар, жалюздер) жабдықталады.

4.3.2.16 Палата бөлімдеріндегі науқастарға арналған санитарлық торап ауыр науқастарға санитарлық аспаптарды қолдануды жеңілдететін керек-жарақтармен (тұтқыштар, тіректер, қайырмалы отырғыштар) жабдықталады.

2-кесте - Емдеу-профилактикалық мекемелері дәліздерінің ені

Метрмен

Ғимараттар мен үй-жайлардың атауы	Дәліздердің ені, кем емес
1 Палата бөлімдері	2,4
2 Амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуші ұйымдар, зертхана бөлімдері	2,0
3 Операциялық блоктар, босану және реанимациялық бөлімдер, диспансерлер, әйелдер консультациясы	2,8
4 Неврологиялық және ортопедиялық саладағы қалпына келтіру емі ауруханаларының күту залы ретінде қолданылатын дәліздер	3,2
5 Қойма үй-жайлары, сүт асханалары, дәріханалар	1,8

4.3.2.17 Қызметкерлерге арналған операциялық блоктардың санитарлық өткізу орындарында (ерлер мен әйелдерге арналған) үш жапсарлас үй-жай болуы тиіс. Бірінші үй-жайда душ, санитарлық торап және антисептик ерітіндісі бар мөлшерлеуіш қарастырылған, екінші және үшінші үй-жай қызметкерлердің киім ауыстыруына және қолданылған киімді жинауға арналған. Душ бөлмелері 2-4 операциялық бөлмеге 1 кабина есептеу арқылы жобаланады.

4.3.2.18 Стационарлардың палата бөлімдерінде палаталардың жанында санитарлық тораптар болмаған жағдайда, науқастар үшін санитарлық аспаптар саны: ерлер дәретханасында бір аспапқа 15 адам және әйелдер дәретханасында – 10 адамға есептеумен қабылданады. Ерлер дәретханасындағы писсуарлар саны унитаздар саны бойынша қабылданады.

4.3.2.19 Әйелдер палата секцияларындағы санитарлық тораптарда раковина және душ кабинасы немесе ыстық және суық су араластырғыш арқылы келетін ванна, унитаз және биде бар санитарлық торап болуы тиіс.

4.3.2.20 Қызметкерлерге арналған санитарлық-тұрмыстық үй-жайларда келесілерді қарастыру керек:

а) әйелдер үшін бір аспап және ерлер үшін бір аспап есебімен әрбір бөлімдегі санитарлық аспаптар саны;

б) инфекциялық және туберкулезге қарсы стационарлардағы (бөлімдердегі) он адамға бір душ кабинасы, қалғандарында – ортаңғы және кіші қызметкердің ең көп ауысымында жұмыс істейтін он бес адамға бір душ кабинасы. Қызметкердің саны аз болғанда бөлімге бір душ кабинасы.

4.3.2.21 Қызмет көрсетуші қызметкерге арналған санитарлық аспаптар саны: ерлер дәретханасында бір аспапқа 50 адам және әйелдер дәретханасында – 30 адамға есептеумен

қабылданады. Қызмет көрсетуші қызметкерлерге арналған санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардағы бөлме қызметкеріне арналған санитарлық аспаптар саны әйелдер үшін кемінде екі және ерлер үшін бір аспап болуы тиіс.

4.3.2.22 Емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі есік ойықтарының ең төменгі енін 3-кесте бойынша қабылдау керек.

4.3.2.23 Палата үй-жайларына арналған стационарларды инсоляциялау тікелей күн сәулелерін күнделікті 2,5-3,0 сағаттық сәулелендіру арқылы қамтамасыз етіледі.

4.3.2.24 Тұрғын ғимараттарда және оларға кіріктірме-жапсарлас үй-жайларға микробиологиялық (вирусологиялық, паразитологиялық) зертханаларды (бөлімдерді), магниттік-резонансты томография бөлімін орналастыруға жол берілмейді.

4.3.2.25 Магниттік-резонансты томографияға арналған үй-жайды жүкті әйелдерге, балаларға және кардиологиялық науқастарға арналған палаталармен көршілес (көлденеңінен және тігінен) орналастыруға жол берілмейді.

4.3.2.26 Жоспарлық оқшаулау және дербес желдету жүйелері болған кезде туберкулезге қарсы бөлімді қоспағанда, инфекциялық, психиатриялық, тері-венерологиялық бөлімдерді басқа бөлімдермен бір ғимаратқа орналастыруға жол беріледі.

3-кесте - Емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі есік ойықтарының ең төменгі ені

Метрмен есептегенде

Үй-жайдың атауы	Есік ойықтарының ені
1 Палаталар, изоляторлар, тамбурлар және бокс шлюздері, жартылай бокстар, босанар алдындағы, босану, процедуралық, таңу, операциялық, реанимациялық, наркоз беру, ванна бөлмелері, мүмкіндігі шектеулі науқастарға арналған дәретханалар, қалпына келтіру емдеу ауруханаларындағы немесе бөлімдеріндегі клизма жасау бөлмесі	1,2 (жартылай жармалы есікті орнату арқылы)
2 Дәрігерлер кабинеті, зертхана үй-жайлары	1,0
3 Рентгенодиагностикалық процедуралық кабинеттер, сәулемен емдеу және ірі габаритті жабдығы және науқастарды эвакуациялау жолдарындағы радиоизотопты диагностикалау	1,2 (қос жармалы есікті орнату арқылы)
4 Барозалдар	1,5 (қос жармалы есікті орнату арқылы)
5 Палата бөлімдерінің науқастарына арналған дәретханалар, клизма жасау бөлмесі	0,9

4.3.2.27 Ғимараттың астыңғы және жертөле қабаттарына науқастарға арналған қабылдау және палата бөлімдерін, электр-жарықпен емдеу, босану, операциялық, таңу, процедуралық, манипуляциялық кабинеттерді, рентген кабинеттерін, шеберхананы улы,

күшті әсер етуші, тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтар қоймаларын орналастыруға жол берілмейді.

4.3.2.28 Ішкі үй-жайларды (зарарсыздандырылған аймақ, қатаң режимді аймақ, «кір» үй-жайлар аймағы) қатаң аймақтандыра отырып септикалық және асептикалық операциялық блоктарды (бөлімдерді) оқшауланған ғимаратқа, жапсарлас блокқа немесе ғимараттың оқшауландырылған секцияларына орналастырады. Операциялық блокты басқа емдеу корпустарынан тыс орналастырған жағдайда, жылытылған өтпелерді қарастыру керек. Ең кезек күттірмейтін хирургияға арналған операциялық бөлмелер қабылдау бөлімдерінің құрамында орналасуы мүмкін.

4.3.2.29 Асептикалық режимді бөлімшелерден, сәулемен диагностикалау және емдеу бөлімінен, тұйық технологиялық кезеңі бар бөлімшелер: зертхана, тамақтану блогы, орталықтандырылған зарарсыздандыру бөлімдерінен, дәріхана, кір жуу орындарынан ешкім өтпеуі тиіс.

4.3.2.30 Жалпы палаталардан басқа инфекциялық бөлімдерде бокстар және жартылай бокстарды қарастыру керек. Бокстар мен жартылай бокстар құрамына дәретхана мен ваннадан тұратын санитарлық торап, палата және палата мен дәліз арасындағы шлюз кіреді. Бокста сыртқа шығатын тамбур болуы тиіс.

4.3.2.31 Стационарлық көмек көрсететін барлық объектілердегі палата секциясынан ешкім өтпеуі тиіс.

4.3.2.32 Палаталарға төсектер ауданымен қатаң сәйкестікте орнатылады, бірақ әрбір палатада 4 төсектен артық болмауы тиіс. Мультирезистенттік және суперрезистентті туберкулез науқастарына арналған бөлімдерге, туберкулез микобактериясы бөлінетін және туберкулез микобактериясы бөлінбейтін науқастарға арналған палаталарға ең көп дегенде 2 төсек орнатылады.

4.3.2.33 Балалар бөлімінде 3 жастан асқан балалар үшін асхана қарастыру керек.

4.3.3 Үй-жайларды ішкі әрлеу

4.3.3.1 Санитарлық аспаптарды, сонымен қатар пайдалану кезінде қабырғалар мен арақабырғаларды ықтимал ылғалдандыруға байланысты жабдықтарды орнату орындарын еденнен кемінде 1,6 м биіктікте және әрбір жағынан жабдықтан және аспаптардан кемінде 0,2 м енінде соңғы ылғалға төзімді материалдармен әрлеуді қарастыру керек.

4.3.3.2 Операциялық бөлменің қабырғаларын қаптау түсін ашық реңктермен қарастыру керек.

4.3.3.3 Хирургиялық стоматологиялық және операциялық кабинеттерде керамикалық плиткаларды қолдануға жол беріледі.

4.3.3.4 Операциялық, қанды дайындау бойынша операция алдындағы бөлмелердің, компоненттердің плазмоферезді блок үй-жайларын (қабырғаларын, төбелерін) әрлеуді дымқыл өңдеуге және дезинфекциялауға мүмкіндік беретін материалдардан орындалуы тиіс және арнайы панельдерді қолдануға жол беріледі.

4.3.3.5 Вестибюльдерде еден жабыны үшін механикалық әсерге орнықты материал, операциялық, наркоз беру, босану үй-жайларында антистатикалық қасиеттерге ие материалдар қолданылады.

4.3.3.6 Үй-жайлардағы еденді сырғанамайтын, оларды санитарлық өңдеуге болатын су өткізбейтін, су сіңірмейтін және улы емес материалдардан орындайды.

4.3.3.7 Барозалдардағы, тез тұтанғыш, жанғыш сұйықтықтар қоймаларындағы және басқа жарылу қауіпті үй-жайлардағы еден антистатикалық және қабырғалардың барлық контуры бойынша жерге тұйықтау арқылы ұшқынсыз болуы тиіс.

4.3.3.8 Рентген процедуралық бөлмелердегі (рентген операциялық бөлмелерден басқа), физиотерапия кабинеттеріндегі едендер антистатикалық материалдардан жасалуы тиіс. Процедуралық үй-жай едені әлсіз сорбциялайтын материалдармен жабылуы тиіс. Ашық радионуклидті көздері бар II класты жұмыстарға арналған үй-жайлардағы еден дезактивациялау құралдарына төзімді, әлсіз сорбциялайтын материалдармен жабылуы тиіс. Жеке жабын табақтары арасындағы жіктер саны аз болуы тиіс; қатерсіздендіретін қатайту құрамдары негізінде жіксіз жабынға жол беріледі.

4.3.3.9 Палата бөлімдерінде едендер соққы шуын сіңіретін және жоғары жылу оқшаулағыш қасиеттері болуы тиіс.

Су-балшықпен емдеу үй-жайларындағы едендер сырғанамайтын керамикалық плитадан немесе осыған ұқсас материалдардан жасалуы тиіс.

Желдету камераларындағы едендерде шаң түзбейтін жабыны болуы тиіс.

4.3.3.10 Операциялық бөлімді әрлеу үшін келесідей қасиеттерге ие материалдарды қолдану ұсынылады:

- едендерге қолданылатын жабындарда қажетті тоқ қайтарғыш қасиеттерін қамтамасыз ететін ток өткізгіш негізі болуы тиіс. Жабын негізінің астында жерге тұйықтау енімен жалғанған үй-жайдың периметрі бойынша мыс лентасын төсеу қарастырылады;

- төбе герметикалық болуы және инженерлік жүйелерді қамтамасыз ету үшін төбеаралық кеңістікке қатынауға мүмкіндік беруі тиіс. Кіріктірме шамдар төбемен бетпе-бет монтаждалуы тиіс.

4.3.3.11 Диагностика зертханасы, бактериологиялық және клиникалық-биохимиялық зертхана, HLA (тінді үйлесімділіктің антигендері), орталықтан зарарсыздандыру үй-жайларындағы қабырғалар, төбелер майлы бояумен немесе қаптау плиткасымен әрленуі тиіс.

4.3.3.12 Медициналық жиһаздың сыртқы және ішкі беті тегіс болуы және жуғыш және дезинфекциялаушы құралдардың әсеріне төзімді материалдардан жасалуы тиіс.

4.3.3.13 Туберкулезге қарсы ұйымның әрбір бөлімінде қақырық жинауға арналған бөлме беріледі, оның тікелей қақырық жинау үшін қолданылатын бөлігі үй-жайдың түгел биіктігі жуғыш және дезинфекциялаушы құралдардың әсеріне төзімді материалдардан жасалған арақабырғамен бөлінеді.

4.3.3.14 Туберкулезге қарсы стационардың әрбір бөлімі араларына шлюзді орнату арқылы, «таза» және «кір» аймақтарға бөлінеді. Шлюз жуғыш және дезинфекциялаушы құралдардың әсеріне төзімді, оңай жуылатын материалдан орнатылады және жасанды себепті сору желдеткішінің дербес жүйесімен, әрбір есікте екі бактерицидті экрандалған сәулелендіргішпен, қол жууға арналған раковинамен жабдықталады.

4.3.3.15 Шлюздің есіктері «кір» аймаққа қарай ашылатын диагоналы бойынша орналасқан барлық периметрі бойынша герметикалық болуы және өздігінен жабылатын механизмдермен жабдықталуы тиіс.

4.3.4 Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар

4.3.4.1 Ересектерге арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар

4.3.4.1 Жалпы үй-жайлар тобына, әдеттегідей, келесілер кіреді:

- тіркеу бөлімі бар вестибюль;
- келушілер мен қызметкерлерге арналған киім сақтайтын орын;
- анықтама-ақпараттық үй-жайлар;
- ақылы қызметтер үшін ақшаны қабылдау касса үй-жайы.

4.3.4.2 Ересектерге арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдардың құрамы мен ауданы Б.1-кестесінде және В қосымшасында берілген.

4.3.4.3 Емдеу-профилактикалық бөлімшелер жалпы дәрігерлік тәжірибе және (немесе) учаскелік қызмет, мамандандырылған қызмет бөлімдерінен, профилактика бөлімінен, қосымша бөлімдерден және жедел көмек көрсету бөлімдерінен тұрады.

4.3.4.4 Емдеу-профилактикалық бөлімдер құрамына, әдеттегідей, келесілер кіреді:

- дәрігерлік қабылдау кабинеттері, оның ішінде жалпы тәжірибелік дәрігерлік қабылдау кабинеттері;
- диагностикалық бөлімшелер (сәулелік және функционалдық диагностика кабинеттері, клиникалық-диагностикалық зертхана);
- медициналық оңалту бөлімі (физиотерапия және емдік дене шынықтыру).

4.3.4.5 Қосымша бөлімге орталықтан зарарсыздандыру бөлімі кіреді.

4.3.4.6 Жедел көмек бөліміне травматологиялық пункт және жедел медициналық көмек бөлімі жатады.

4.3.4.7 Профилактика бөлімін науқастар өтпейтін жеке аймаққа орналастыру керек, яғни олар белгілі кәсіби топтардың нақты ауырмайтын адамдарды, сонымен қатар созылмалы аурудың «тәуекел тобына» жататын адамдарды тұрақты диспансерлік тексеруге арналған.

4.3.4.8 Жобалау тапсырмасы бойынша емханалар құрамына әйелдер консультациясы, дәріхана, стоматологиялық бөлім, күндізгі стационар кіруі мүмкін.

4.3.4.9 Күндізгі стационар емхананың емдеу-профилактикалық қызметін қолданатын бірнеше емдеу процедуралары немесе диагностикалық зерттеулер жүйелі жүргізілетін науқастар бірнеше сағат бойы жатуына арналған.

4.3.4.10 Күндізгі стационардың ауданы Г қосымшасында берілген.

4.3.4.11 Күндізгі стационар дербес блокқа орналастырылады және келесі үй-жайлар жиынтығын қамтиды: күту аймағы 10,0 м^2, дәрігер кабинеті 10,0 м^2, процедуралық кабинет 10,0 м^2, ересек үшін бір төсекке 6,0 м^2, бала үшін бір төсекке 4,5 м^2 есебінен күндізгі жату палаталары, санитарлық торап.

4.3.4.12 Күндізгі стационардың өткізу қабілеттігін бір күнде емханаға келушілердің санының 10 % тең, ал стационардағы төсектер саны – оның өткізу қабілеттігінен 20 % дейін тең қабылдау керек.

4.3.4.13 Дәрігер амбулатория үй-жайының және медициналық пункт үй-жайының ауданын Д, Е қосымшаларына сәйкес қабылдау керек.

4.3.4.14 Мамандандырылған: дерматовенерологиялық, фтизиатриялық, акушерлік-гинекологиялық, психиатриялық, наркологиялық бөлімдер денсаулық сақтау органдарының шешімі бойынша емхана құрамына кіреді, себебі оларды тиісті мамандандырылған медициналық ұйымдарға (диспансерлерге) орналастырған жөн. Осы бөлімшелерді емхана құрамына қосу барысында олардың әрқайсысы үшін оқшауланған аймақтарға орналастырылған өтпейтін дәліздерді және күту бөлмелерін қарастыру керек.

4.3.4.15 Стоматологиялық бөлімде тіс протезді зертхананы өтпейтін аймақта басқа үй-жайлардан жекеше орналастыруды қарастыру керек.

4.3.4.16 Конференц-залдың сыйымдылығы жобалау тапсырмасы бойынша анықталады, бірақ ол қызметкерлер құрамынан 50 % артық болмауы тиіс.

4.3.4.17 Күту және вестибюльдер-киім сақтайтын орындар ауданы емханада бір уақытта болатын келушілер санын ескере отырып есептеледі.

4.3.4.2 Балаларға арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар

4.3.4.2.1 Балаларға арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар (бұдан әрі- балаларға арналған амбулатория және/немесе емхана) дербес немесе оның құрылымдық бөлімшелер құқықтарындағы балалар ауруханасымен бірлескен болуы мүмкін.

4.3.4.2.2 Балалар емханасын ересектерге арналған емханамен бір ғимаратқа орналастыруға жол беріледі, бұл жағдайда балалар емханасында сыртқы кіре беріс болуы тиіс, ал оның жоспарлық шешімі – балалардың ересектерге арналған емханаға келушілермен байланысу мүмкіндігін болдырмау. Сонымен қатар аумақты аймақтарға бөлуді қарастыру керек.

4.3.4.2.3 Жалпы үй-жайлар құрамына, әдеттегідей, келесілер кіреді:

- үй-жайдың вестибюль тобы (дәріхана дүңгіршегі бар вестибюль, тіркеу бөлімі, киім сақтайтын орын, арба қоятын орын);
- ақпараттық үй-жайлар (фармацевтік және әдістемелік ақпарат кабинеті, заңгер кабинеті, анықтама бөлімі).

4.3.4.2.4 Емдеу-профилактикалық бөлімшелерге әдеттегідей келесілер кіреді:

- профилактика бөлімі, соның ішінде халықпен санитарлық-ағарту жұмысын өткізуге арналған әдістемелік кабинеттер (денсаулық мектебі), валеолог кабинеті, скрининг-тестілер кабинеті, (дәрігерге дейінгі кабинет), сау баланың кабинеті.
- дәрігердің қабылдау бөлімі, оның ішінде мамандандырылған қызмет;
- медициналық оңалту бөлімі және күндізгі стационар;
- күндізгі стационар принципі бойынша жұмыс істейтін аллергологиялық кабинет;
- картотекалары бар егу кабинеттері;

- процедуралық кабинеттер;
- фильтр-боксы бар инфекциялық блок;
- орталық зарарсыздандыру бөлімі;
- диагностикалық бөлімдер;
- сүт үлестіру пункті.

4.3.4.2.5 Балаларға арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуші ұйымдар үй-жайларының құрамы мен ауданы Б.2 қосымшасында берілген.

4.3.4.2.6 Балаларға арналған әртүрлі қуаттағы амбулаториялық-емханалық мекемелердің қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар құрамы мен ауданы Ж.1 қосымшасында берілген.

4.3.4.3 Әйелдер консультациясы

4.3.4.3.1 Бірінші ауысымдағы келушілер саны консультацияның жұмыс күні ішіндегі келушілер санынан 60 % алынады.

4.3.4.3.2 Терапевт кабинеті, физиотерапевтік, тіс дәрігерлік, рентген кабинеттері және клиникалық-диагностикалық зертханаларды емхана және балалар консультациясы үшін жалпылай қарастыруға жол беріледі.

4.3.4.3.3 Әйелдер консультациясы үй-жайының құрамына: келушілерге арналған вестибюль-киім сақтайтын орын, тіркеу бөлімі, күту кабинеттері, акушер-гинеколог дәрігерінің кабинеті, гинекологиялық креслосы бар процедуралық кабинет, көк тамыр ішіне құюға арналған процедуралық кабинет, бұлшықет инъекциясына арналған процедуралық кабинет, шағын операция жасау бөлмесі (операция жасау бөлмесі, операция алдындағы бөлме, операция бөлмесінің кіреберісі жанындағы шлюз), операциядан кейін уақытша жату бөлмесі (дәретханасы бар), терапевт кабинеті, стоматолог кабинеті, мамандандырылған акушерлік-гинекологиялық қабылдау кабинеттері (гинеколог-эндокринолог дәрігері, жүктілікті көтермеудің алдын алу және емдеу, балалар мен жасөспірімдерге арналған), физиопсихопрофилактикалық дайындауға арналған кабинет, жаңа туған балаларға күтім жасау және емшек емізу мәселелері бойынша (киім ілетін бөлме), пренаталдық диагностика кабинеттері (ультрадыбысты сканерлеу, фоноэлектрокардиография және кардиомониторлық бақылау), рентгенодиагностикалық кабинет.

4.3.4.3.4 Перинаталдық орталықтың, перзентхананың құрамына кіретін әйелдер консультациясында стационары бар келесі бірыңғай үй-жайлар болуы мүмкін: рентгендік және физиотерапевтік кабинеттер, функционалдық диагностика кабинеті, клиникалық-диагностикалық зертхана. Осы үй-жайлардағы перзентхана және әйелдер консультациясының бөлімдерінің акушерлік-гинекологиялық қабылдау аталған үй-жайларды міндетті кварцтау және жуу арқылы күндер бойынша (немесе ауысымдар бойынша) алмасуы тиіс.

4.3.4.3.5 Әйелдер консультациясында, сондай-ақ акушерлік-гинекологиялық стационар жанында (оның санитарлық режимін өзгертпей-ақ) перинаталдық диагностика кабинеттері қарастырылады.

4.3.4.3.6 Бес және одан көп дәрігерлік лауазымы бар әйелдер консультациясының жанында өз құрамында аналарға құқықтық көмек көрсету үшін заңгерлер бар арнайы әлеуметтік-құқықтық кабинеттерін қарастыру керек.

4.3.4.3.7 Әйелдер консультациясы үй-жайының құрамы мен аудандарын Ж.2 қосымшасын ескере отырып қарастыру керек.

4.3.4.3.8 Қызметтік және тұрмыстық үй-жайлардың құрамы мен аудандары Б.3 қосымшасында берілген.

4.3.4.4 Дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, медициналық пункт

4.3.4.4.1 Дәрігерлік амбулаториялар дербес ұйым болып табылады.

4.3.4.4.2 Дәрігерлік амбулаторияның балалар бөлімінің жеке кіреберісі ересектерге қызмет көрсететін вестибюльден оқшауланған киім сақтайтын вестибюлі бар үй-жайлардың дербес тобын білдіреді.

4.3.4.4.3 Дәрігерлік амбулатория құрылымында дәріхананы қарастыруға жол беріледі.

4.3.4.4.4 Ересек адамдарды және балаларды қабылдаудың дәрігерлік амбулатория бөлімін, әдеттегідей, бір ғимаратқа біріктіреді. Үй-жайлардың тиісті топтарын орналастыру ересек келушілер мен балалар ағындарының ең аз кедергісін қамтамасыз етуі тиіс.

4.3.4.4.5 Диагностикалық бөлімшелер, қалпына келтіріп емдеу бөлімі, стоматолог кабинеті ересек адамдар мен балалар үшін жалпы болуы мүмкін. Бұл жағдайда ересектер немесе балаларды қабылдау үшін осы үй-жайларды белгілі уақытқа оқшаулауды қамтамасыз етуі тиіс. Ересектер мен балалар ағымының түйісуіне жол берілмейді.

4.3.4.4.6 Хирург кабинетіне ересектер, сол сияқты балалар келуі мүмкін болғандықтан оны көп жүрмейтін аймаққа орналастыру ұсынылады.

4.3.4.4.7 Әртүрлі қуаттағы дәрігерлік амбулатория үй-жайларының құрамы мен аудандарын Ж.3 қосымшасына сәйкес қарастыру керек.

4.3.4.4.8 Оқшаулағыш бөлмені өз бетімен көшеден (тамбур арқылы) кіретін есігін ескере отырып,акушерка кабинетімен шектестіріп орналастыру керек. Оқшаулағыш бөлме перзентханаға (бөлімге) жатуы тиіс босанған әйелдің уақытша жатуына арналған.

4.3.4.4.9 Фельдшерлік-акушерлік пункт үй-жайының құрамы мен ауданын Ж.4 қосымшасын ескере отырып қарастыру керек.

4.3.4.4.10 Медициналық пункттер үй-жайының құрамы мен ауданын 4-кестеге сәйкес қарастыру керек.

4-кесте - Медициналық пункт үй-жайының ең төменгі құрамы мен ауданы

Шаршы метрмен

Үй-жайдың атауы	Ауданы, кем емес
Дәріхана пункті және анықтама бөлімі бар вестибюль	10
Ортаңғы медициналық қызметкердің кабинеті	12
Акушерлік қабылдау кабинеті	18
Процедуралық кабинет	12
Егу кабинеті	8
Дезинфекциялаушы құралдарды дайындауға және сақтауға арналған үй-жай	4
Шаруашылық және тұрмыстық үй-жайлар	11
Қол жууға арналған раковина (қолжуғыш) бар дәретхана	3

4.3.5 Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар

4.3.5.1 Стационарларға жалпы ережелер

4.3.5.1.1 Стационарлар емханамен, жедел медициналық көмек станциясымен, перзентханамен, перинаталды орталықпен кешенді жобалануы мүмкін.

4.3.5.1.2 Стационарлардың дербес түрлері ұлттық және республикалық ғылыми орталықтар, мамандандырылған ауруханалар, госпитальдар, жедел медициналық көмек көрсету ауруханалары, қалпына келтіру емдеу, балалар, инфекциялық ауруханалары болып табылады.

4.3.5.1.3 Стационарлар құрамында келесі құрылымдық бөлімшелер болуы мүмкін:

- қабылдау бөлімдері және ауруханадан шығару үй-жайлары, мамандандырылған бокстар;
- қабылдау бөлімі және ауруханадан шығару үй-жайы, мамандандырылған бокстар;
- мамандандырылған және соматикалық бөлімдер;
- инфекциялық бөлімдер;
- босану стационарларының палата бөлімдері, босану бөлімдері;
- операциялық блоктар;
- гемодиализ бөлімдері;
- гипербарикалық оксигенация бөлімдері;
- анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері;
- функционалдық диагностика бөлімдері (кабинеттері);
- эндоскопиялық бөлімдері (кабинеттері);
- мамандандырылған емдеу үй-жайлары;

- медициналық оңалту бөлімдері (кабинеттері);
- еңбекпен емдеу бөлімдері;
- радиологиялық бөлімдер (сәулемен емдеу бөлімдері);
- радиоизотопты (радионуклидті) диагностика зертханасы;
- сәулемен диагностикалау бөлімдері;
- клиникалық-диагностикалық зертханалар;
- патологоанатомиялық бөлімдер;
- қан құю бөлімдері;
- орталық зарарсыздандыру бөлімдері;
- дәріханалар;
- тамақ дайындау қызметі;
- кір жуу орындары;
- дезинфекциялық бөлімдер;
- қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар;
- қойма үй-жайлары;
- жедел медициналық көмек бөлімі;
- клиникалық кафедра бөлімі.

Ауылдық жерлердегі стационардың және оның құрылымдарының қуатын, ауданын және құрамын қызмет көрсетілетін халықтың санына байланысты азайту керек.

4.3.5.1.4 600 және одан көп төсекті орны бар клиникалық көп салалы ауруханалардың (жедел медициналық көмек ауруханаларында – 500 төсек) құрамында, сонымен қатар жылына 50 және одан астам шығатын жедел медициналық көмек станциясының құрамында қуаты жобалау тапсырмасымен анықталатын серверлік үй-жайды қарастыру керек.

4.3.5.1.5 Ауруханаларда немесе IV климаттық ауданға және IIIБ климаттық ішкі ауданға орналастырылған диспансерлер стационарларында жаздық үй-жайларды (терраса, веранда және лоджия) қарастыру керек. Аталған үй-жайлардың өлшемдерін осы ережелер жинағының К қосымшасы бойынша қабылдау керек.

4.3.5.1.6 Аталған үй-жайларға науқастар және қызметкерлер тұрақты жататын үй-жайлардан кіруге жол берілмейді. Жаздық үй-жайлардың түрлері құрылыс ауданының орын алған дәстүрін ескерумен анықталады. Психиатриялық және онкологиялық ауруханаларда жаздық үй-жайлар қарастырылмайды.

4.3.5.1.7 Стационарларда дезинфекциялаушы бөлім қарастырылады (құрамы мен ауданы стационардың қуатымен анықталады). Өзінің дезинфекциялаушы бөлімі болмаған жағдайда, төсек-орын керек-жарақтарын дезинфекциялау дезинфекциялаушы камералары бар ұйымдарда өткізілуі мүмкін.

4.3.5.1.8 Биіктігі екі қабаттан жоғары ғимараттар лифтімен жабдықталады.

Бұл жағдайда науқастарды, келушілерді тасымалдау, науқастар тамақтарын жеткізудің «кір» және «таза» ағымдардың кездесіп қалмауын болдырмау үшін «шартты түрде кір» және «шартты түрде таза» ағымдарға лифтілерді анықтап алу керек.

4.3.5.1.9 Объектілердің қабылдау бөлімінде келіп түскен науқастар мен қызметкерлерге арналған бөлек санитарлық өткізу орындарын қарастыру керек.

4.3.5.1.10 Инфекциялық стационардың қабылдау бөлімінде кемінде екі қабылдау-тексеру бокстарын қарастыру керек (ішек және ауа-тамшы инфекцияларына күдігі бар науқастар үшін).

4.3.5.1.11 Сонымен қатар туберкулезге қарсы стационардың қабылдау бөлімінде кемінде екі қабылдау-тексеру бокстарын және науқастардың қақырықтарын жинауға арналған бөлмені (кабинаны) қарастыру керек. Қабылдау бөліміне кірмей-ақ боксқа, реанимация және қарқынды терапия бөліміне науқастарды жатқызуға жол беріледі. Бұл жағдайда науқастарды санитарлық өңдеу осы үй-жайларда өткізіледі.

4.3.5.1.12 Науқастарға арналған палаталар, емдеу-диагностикалық және процедуралық кабинеттер жанына шу және діріл көзі болып табылатын медициналық және инженерлік қондырғыларды орналастыруға жол берілмейді.

4.3.5.2 Қабылдау бөлімдері, мамандандырылған бокстар, травматологиялық пункттер

4.3.5.2.1 Бір тәулік ішінде қабылдау бөлімдеріне келіп түскен науқастардың есептік санын (науқастарды жоспарлы және жедел қабылдау) ауруханадағы немесе сәйкесінше бөлімдегі төсектердің санына байланысты қабылдау керек:

а) 2 % - туберкулез, психиатриялық, қалпына келтіріп емдеу ауруханаларында;

б) 15 % - жедел медициналық көмек ауруханаларында, перзентханаларда;

в) 10 % - балалар және басқа ауруханаларда.

4.3.5.2.2 Анестезиология және реанимация немесе реанимация және қарқынды терапия бөліміне түсетін науқастар саны есепке алынбайды.

4.3.5.2.3 Инфекция ауруханаларына және көп салалы ауруханалардың инфекция бөлімдеріне науқастарды қабылдау үшін қабылдау-тексеру бокстарын қарастыру керек, олардың саны бөлімдердегі төсектер санына байланысты анықталады:

а) 60 төсекке дейін - екі бокс;

б) 60 бастап 100 төсекке дейін - үш бокс;

в) 100 төсектен жоғары – үш бокс оған қоса бөлімдегі әрбір 50 төсекке бір қосымша бокс.

4.3.5.2.4 Инфекциялық стационарлардың палата бөлімдері үшін тікелей көшеден оқшауланған кіреберісті және баспалдақ-лифт тораптарын бөлек қарастыру керек:

а) «кір» бағыттар үшін – науқастарды бөлімге жеткізу; кір киімдер бөлімінен тағам қалдықтарын, қолданылған таңу материалдарын және кірлеген заттарды, мәйіттерді, зертхана талдауларына арналған материалды тасымалдау; науқастарды бөлімнен қарқынды терапия палатасы бар реанимациялық боксқа жеткізу;

б) «таза» бағыттар үшін – осы бағыт бойынша өткен кезде жоғарыда аталған жұмыс түрлерін орындамайтын қызметкер, студенттер үшін; таза киім бөліміне дәрілерді және таңу материалдарын, науқастарға және қызметкерлерге арналған тамақтарды, науқастарға арналған сәлем-сауқатты тасымалдау; дәрігермен әңгімелесу үшін келушілерді, науқастардың санитарлық өткізу орындары, оның ішінде бактерия тасушылар арқылы бөлімнен шығатындар үшін өткізу.

4.3.5.2.5 Қабылдау-тексеру бокстарының санын терапевтік және хирургиялық саладағы төсектердің санына сәйкес анықтау керек:

а) терапия - 2 %;

б) хирургия - 4 %;

в) оқшаулау-диагностикалық (қоршалатын) бокстар – қабылдау бөлімінен түсетіндерге арналған балалар төсектері санының 5 % (жалпы төсектер санына кірмейді);

г) оқшаулау-диагностикалық бокстар – палата бөлімдерінен ауысатындарға арналған балалар төсектерінің 3 % (жалпы төсектер санына кіреді).

4.3.5.2.6 Көп функционалдық ауруханалар, клиникалар мен инфекциялық ауруханалар қабылдау бөлімдерінің жанына мамандандырылған бокстарды (рентген, операциялық, реанимациялық) ұйымдастыруға жол беріледі.

4.3.5.2.7 Өзінің құрамында ортопедотравматологиялық бөлімдері бар ауруханаларда жедел тәулік бойы травмотологиялық көмек көрсету үшін травматологиялық пункттер ұйымдастырылады.

4.3.5.2.8 Травматологиялық пункттердің вестибюльдері жанында тереңдігі кемінде 1,6 м тамбурлар қарастыру керек.

4.3.5.2.9 Емдеу стационарларының қуатына, саласына және құрылымына байланысты қабылдау бөлімдерінің құрамы, қабылдау бөлімдері, мамандандырылған бокстардың және травматологиялық пункттер үй-жайларының ауданы Л - Н қосымшаларын ескере отырып жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.3.5.2.10 Инфекциялық ауруханаларда қабылдау және ауруханадан шығару бөлімдерін жобалау барысында көп салалы ауруханалардан ерекшелігі науқастарды санитарлық өңдеу және ауруханадан шығару қабылдау бөлімдерінде емес, боксталған немесе жартылай боксталған секцияларда жүреді.

4.3.5.2.11 Науқастарды қабылдау және ауруханадан шығару бөлімдерін үй-жайлардың келесі функционалдық топтарына сүйене отырып жобалау керек:

- үй-жайдың вестибюльдік тобы;
- тексеруге, сұрыптауға және медициналық көмек көрсетуге арналған үй-жай;
- диагностикалық үй-жайлар тобы;
- қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар;
- уақытша оқшаулауға және науқастарды бақылауға арналған үй-жай;
- ауруханадан шығаруға арналған үй-жайлар тобы (келушілерге арналған вестибюльмен шектес).

Аталған топтардан басқа инфекциялық ауруханалардың қабылдау бөлімдерінде инфекциялық ауруының болуы күмәнді науқас жеткізілген көлік құралдарын санитарлық өңдеуге арналған үй-жайды бөлу керек. Осы топқа келесілер кіреді:

- дезинфекциялық құралдарды сақтауға арналған үй-жай;
- көлікті өңдеуге арналған бокс;
- кезекші дезинфекторлар бөлмесі.

Осы үй-жайлар тобының саны мен жиынтығын жобаланатын ауруханаңың түріне және қуатына, оның төсек қорының құрылымына, палата бөлімдерінің сыйымдылығына, олардың салаларына, сонымен қатар травматологиялық пунктің немесе стационардың болуына байланысты анықтау керек.

4.3.5.2.12 Бір науқасқа боксталған палатаға бокс алдындағы бөлме, дәретхана, раковина мен қол жуғыш, ваннасы және душы бар палата кіреді. Бокс алдындағы бөлмеге қызметкерге арналған қол жуғыш раковина орнатылады.

4.3.5.2.13 Перзентханалардың немесе көп салалы ауруханалардағы босану үйлерінің қабылдау бөлімдерін жобалау барысында үй-жай құрамына екі оқшаулау ағынында шығатын фильтрді қосу керек: бөлімге және жеке - жүктілік патология бөлімі бар босану физиологиялық бөлім. Бұл жағдайда әрбір ағында гинекологиялық креслосы бар тексеру бөлмесі және стационарға келіп түсетіндерді санитарлық өңдеуге арналған үй-жай қарастырылады.

4.3.5.2.14 Науқастарды қабылдау және ауруханадан шығару бөлімдерін Л, Н қосымшаларында көрсетілген үй-жайлардың функционалдық топтарына сүйене отырып жобалау керек.

4.3.5.2.15 Қабылдау-тексеру боксының жалпы ауданын инфекциялық ауруханалар үшін кемінде 16 м^2 және балалар ауруханалары үшін кемінде 22 м^2 қабылдау керек.

4.3.5.2.16 Инфекциялық ауруханаларға қарағанда, балалар ауруханасының қабылдау-тексеру боксында кез келген медициналық саладағы науқастанған 17 жасқа дейінгі әртүрлі жастағы науқас балаларды қабылдауға арналған жабдықтың ұлғайтылған жиынтығы болуы тиіс.

4.3.5.3 Стационар бөлімі

4.3.5.3.1 Бөлімдер, әдеттегідей, жеке палаталардан және жалпы үй-жайлардан тұрады. Бөлімдердің жалпы үй-жайларына медициналық қызметкерлерге арналған емдік, қызметтік үй-жайлар жатады.

4.3.5.3.2 Стационар бөлімдер оқшауланған палата кешендерін және біртекті аурулары бар науқастарға арналған емдеу-қосымша үй-жайларды ұсынады. Бөлімдегі төсектер саны бөлім саласына сәйкес жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.3.5.3.3 Әрбір стационарда ұйымдастырылған дербес ауа режимі бар бөлімге бір бокс палатасы қарастырылады.

4.3.5.3.4 Бір төсекті палаталар санын босандыру бөлімінде, жүктілік патология бөлімінде, сонымен қатар ересектер мен балаларға арналған гематологиялық, күйік шалу, нейрохирургиялық және урологиялық бөлімдерде 15 % тең, басқа бөлімдерде – бөлімдегі төсектер санынан 7 % қабылдау ұсынылады. Аталған бөлімдердегі екі төсекті палаталар саны 15 % құруы тиіс. Әртүрлі сыйымдылықтағы палаталар қатынасы тиісті негіздеме кезінде жобалау тапсырмасы бойынша өзгеруі мүмкін. Туберкулезге қарсы ауруханаларда 1-2 төсекті палата ұсынылады.

4.3.5.3.5 Туберкулезге қарсы стационар үй-жайының ауданын П қосымшасына сәйкес қабылдау керек.

4.3.5.3.6 Инфекциялық стационарда палата бөлімінің негізгі құрылымдық бірлігі боксталған үй-жайлар: бокс, жартылай бокс, боксталған палата болып табылады. Туберкулезге қарсы ауруханалар үшін құрылымдық бірлігі шлюздермен «таза» және «кір» аймаққа бөлінген палата секциялары болып табылады.

4.3.5.3.7 Бокстарды қолдану барысында науқастарды толықтай оқшаулау мүмкіндігі қарастырылады (бокстар бір-екі төсекті болып қарастырылады). Науқас тамбуры бар сыртқы есік арқылы өтіп, ауруханадан шығарғанға дейін бокстан шықпайды. Бокстың сыртқы есігі арқылы науқасты тексеруге және мамандандырылған кабинеттерге немесе сыртқы кіре берістері бар бокстарға емдеуге ауыстырады. Қызметкердің боксқа кіру инфекциялық емес (шартты түрде таза), шлюздер арқылы дәліздан қарастырылады, мұнда арнайы киімді ауыстыру, қолды жуу және дезинфекциялау жүргізіледі. Бокталған бөлімдер ептілікке және өткізу қабілеттігіне ие, бұл әсіресе сыйымдылығы шағын бөлімдер үшін маңызды.

4.3.5.3.8 Жартылай бокстар бокстардан ерекшелігі оларда сыртқы есіктері жоқ. Сонымен қатар жартылай бокстар бір және екі төсекті болып қарастырылады. Жартылай бокталған бөлімнің режимі санитарлық өткізу орны арқылы бөлімнің жалпы дәлізінен жартылай боксқа түсетіндігімен бокталған бөлімнен ерекшеленеді.

4.3.5.3.9 Бокстар мен жартылай бокстардың құрамында дәретхана мен ваннадан тұратын санитарлық торапты қарастыру керек.

4.3.5.3.10 Бокталған бөлімдердегі төсектердің 25 % бір төсекті бокстарға, ал қалғандарын екі төсекті бокстарға орналастыру ұсынылады.

4.3.5.3.11 Инфекциялық палата бөлімдеріндегі негізгі төсектер санын шлюзі және санторабы бар бір-екі төсекті бокталған палаталарға орналастыру ұсынылады. Әрбір палата секциясында бір-екі төсекті екі жартылай бокты қарастыру керек.

4.3.5.3.12 1 жастан асқан балаларға және ересектерге арналған инфекциялық бөлімдерде палаталардың сыйымдылығы төрт төсектен артық қабылданбайды. 1 жасқа толмаған балаларға арналған палаталардың сыйымдылығы көп дегенде екі төсекті болуы тиіс.

4.3.5.3.13 Жаңа туылған сәбилерден 3 жасқа дейінгі балаларға арналған секциялардағы бокстау пайызы 100 % болып қабылданады. Бокстау бөліктерді шлюздеу және балалы аналардың тәулік бойы бірге жатуы үшін жартылай бокстарды (бокталған палаталар) ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Үш жастан асқан балалар үшін тәулік бойы немесе балалы аналардың күндіз бірге жатуына арналған төсектердің 50 % қарастырылады.

3 жасқа толмаған балаларға арналған бөлік, сонымен қатар жаңа туылған сәбилерге арналған палаталар алдында ені 2 м, ал онда кезекші медбикенің орны болған жағдайда, 2,5 м үй-жайды қарастыру керек.

4.3.5.3.14 Инфекциялық емес науқастарға арналған бөлімдер терапевтік саладағы, хирургиялық саладағы және мамандандырылған саладағы бөлімдерге бөлінеді. Соңғыларына офтальмологиялық, психиатриялық, наркологиялық, дерматовенерологиялық және басқалары жатады.

4.3.5.3.15 Стационардың таза және кір киімдерін тасымалдау жабық таңбаланған ыдыста қапталған күйінде («таза», «кір» киімдер) арнайы бөлінген көлікпен жүзеге асырылады.

4.3.5.3.16 Тамақтану бөліміне қызметкердің жанында жүруімен арнайы лифтімен жеткізіледі, ал тамақ қалдықтары ешкімнің ілесуінсіз басқа «кір» лифтімен шығарылады.

4.3.5.3.17 Стационарда, жеке палаталарда сырқаттарды тамақтандыруды ұйымдастыруды асхананы орналастырусыз қарастыруға жол беріледі.

Сырқаттарды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін үй-жайды ҚР ЕЖ 3.02-121 талаптарына сәйкес қарастыруға жол беріледі.

4.3.5.3.18 Жылытылмайтын верандалардағы төсектер санын (бөлім төсектерінің саны % есептегенде) - 70 % тең деп қабылдау керек.

4.3.5.3.19 Жылытылатын верандалардағы төсектер санын бөлімдегі төсектер санынан 50 %, ал қалпына келтіріп емдеу балалар бөлімінде - 75 % тең деп қабылдау керек.

4.3.5.3.20 Палата бөлімі «сызықты» - бір немесе екі дәлізді немесе «периметралды» - палаталарды ғимарат периметрі бойынша орналастыру арқылы болуы мүмкін. Бұл жағдайда дәліздерде, әдеттегідей, шетжақтан жарықтандыруы болуы тиіс.

4.3.5.3.21 Екі және одан көп төсекті палаталардағы бір төсектің ауданы, сонымен қатар палата бөлімдері үй-жайының аудандарын К, Р қосымшаларын ескере отырып қарастыру керек.

4.3.5.4 Перинаталдық орталық, перзентханалар және босану бөлімдері

4.3.5.4.1 Босану бөліміндегі төсектердің есептік саны жаңа туған сәбилердің төсектерін есепке алмай, төсектердің 100 % құрайтын жүктілік патология бөлімінің, ана мен бала бірге жататын бөлім төсектерінің қосындысына тең.

4.3.5.4.2 Босанған әйелдер және босану бөліміне түскен жүкті әйелдер фильтрде екі ағынға бөлінеді. Бір ағыны жаңа босанған әйелдерді, екіншісі жүкті әйелдерді құрайды.

4.3.5.4.3 Жеке босану блогы жұмысының кезеңдігі үшін босану бөлімінің үй-жайы екі секцияға бөлінуі мүмкін.

4.3.5.4.4 Босанғаннан кейінгі бөлім бір-екі төсекті және бір-екі кішкене бала төсегі бар жаңа босанған әйел мен жаңа туған сәбидің бірге жатын палаталарынан жобаланады.

4.3.5.4.5 Шлюзі, дәретханасы және өздігінен ауа режимі арқылы ұйымдастырылған душ (икемді шланга) бар бөлімде бір палата қарастырылады.

4.3.5.4.6 Шала туған балаларға және туа біткен жарақаты бар туған балаларға арналған кішкене бала төсегінің саны босанғаннан кейінгі бөлімнің төсектер санынан 15 % тең. Шала туған балаларға арналған барлық палаталар кювез және консольдермен жабдықталады.

4.3.5.4.7 Жүктілік патология бөлімін жоспарлау жүкті әйелдерді босану бөліміне тасымалдау, сонымен қатар осы бөлімнің жүкті әйелдерінің акушер бөлімінің (стационардың) оқшауланған ауласына серуендеуге шығу мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

4.3.5.4.8 Ауруханалардың босану бөлімінің құрамын С.1, С.2, С.3 қосымшаларын ескере отырып қарастыру керек.

4.3.5.4.9 Жеке босану палаталарының және босану палаталарының үй-жайы дәретхана үшін жаңа туған сәби жабдығымен қарастырылады.

4.3.5.4.10 Шала туғандар бөлімінде (секцияларында) және жаңа туған сәбилер патологиясында төрт төсекті бөлік (медициналық бикенің орнына сәйкес), сонымен қатар ауданы 10 $м^2$ кезекші медбике орны қарастырылады.

4.3.5.4.11 Олардың мақсатына сәйкес барлық палаталарды және бөлімдегі үй-жайларды бактерицидті сәулелермен жабдықтау ұсынылады.

Кір киімді сақтауға, іріктеуге, қаптауға арналған (кір жуатын орынға тасымалдауға арналған) үй-жайлар қарастырылады: біреуі - перзентханаға.

Осы үй-жайлар қабылдау және ауруханадан шығару үй-жайларының тобынан оңашаланып жобалануы тиіс, босану және босанудан кейінгі бөлімдер жылтыратылған керамикалық плиткамен қапталуы тиіс.

4.3.5.5 Операциялық блоктар

4.3.5.5.1 Жалпы салалы, сол сияқты мамандандырылған операциялық блоктар үй-жайларының құрамына септикалық және асептикалық (қосымша және қызметтік үй-жайлары бар операциялық) бөлімдер кіреді. Бұл жағдайда операциялық блоктың қосымша үй-жайлары асептикалық операциялық бөлім үшін жеке және септикалық операциялық бөлім үшін жеке қарастырылады.

4.3.5.5.2 Мамандандырылған операциялық блоктарды жасау барысында операциялық блокта тек асептикалық бөлімдердің (нейрохирургия, кардиохирургия және басқалары) болуына жол беріледі.

Бір (асептикалық) немесе екі (асептикалық және септикалық) бөлім болуы белгісі бойынша операциялық блоктар асептикалық және құрамдастырылған бөлімдерге бөлінеді.

4.3.5.5.3 Ауылдық жердегі орталық аудандық және ауданаралық ауруханалардағы және қалалық аудандық ауруханалардағы операция бөлімінің санын келесідей қабылдау керек: хирургиялық саладағы әрбір 30 төсекті және жедел медициналық көмек ауруханаларында 25 төсекті бір операция жасау бөлмесі. Хирургиялық саладағы мамандандырылған бөлімдерде операциялық бөлімдер санын есептеу кезінде бөлімнің саласын ескеру керек. Облыстық және клиникалық ауруханалардағы операциялық бөлімдердің саны әрбір нақты жағдайда жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.3.5.5.4 Әдеттегідей операциялық бөлімдер бір операциялық үстелге жобаланады.

4.3.5.5.5 Жалпы салалы ауруханалардың операциялық блоктарындағы септикалық және асептикалық операциялық бөлімдердің шамалас қатынасы 1:3 болуы, операция блогында кемінде бір септикалық операциялық бөлімі болуы тиіс.

4.3.5.5.6 Операциялық бөлімдерді бірінің үстіне бірін орналастырған кезде септикалық операциялық бөлімдер асептикалық бөлімнен жоғары орналасады.

4.3.5.5.7 Операциялық блоктардан (бөлімдерден) ешкім өтпеуі тиіс. Қызметкерге арналған кіре берістер санитарлық өткізу орындары арқылы, ал науқастар үшін шлюздер арқылы қарастырылады.

4.3.5.5.8 Қызметкерге арналған санитарлық өткізу орындары жапсарлас үш үй-жай құрамында жобаланады. Бірінші үй-жай душпен, санитарлық тораппен жабдықталады. Екінші үй-жай таза хирургиялық костюмдерді, аяқ киімдерді, бахилді кию үшін қолданылады. Операция жүргізгеннен кейін қызметкер пайдаланған киімдерді жинауға арналған үшінші үй-жай арқылы санитарлық өткізу орнына қайтады.

4.3.5.5.9 Операциялық блокта (бөлімде) мынадай ағымдар қозғалысын қарастыру қажет: «зарарсыздандырылған» (операция жасаушы және көмекші хирургтар, операция

жасау бөлмесі, медбике), «таза» (анестезиологтар, кіші және техникалық қызметкерлер, науқастарды, таза киімдерді, дәрі-дәрмектерді жеткізу), «кір» (медициналық қалдықтарды, пайдаланған киімдерді, таңу материалын шығару).

4.3.5.5.10 Асептикалық бөлімдерді (блоктарды) қатерлі өскінді науқастарды қарқынды химиямен емдеумен, алдын ала иммунодепрессивті емдеу аясында жілік майын және басқа органдарды трансплантациялау, асқынған сәуле ауруымен, агранулоцитозбен, иммунадефицитті күймен өтетін аурулармен ауыратын науқастарды емдеумен айналысатын денсаулық сақтау объектілерінде, сонымен қатар мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін басқа денсаулық сақтау ұйымдарында ұйымдастыру керек.

4.3.5.5.11 Асептикалық бөлімдерге (блоктарға) киім сақтайтын орын, ванна, душ, дәретхана бар науқастарға арналған санитарлық өткізу орны, қызметкерге арналған санитарлық өткізу орны, бір төсекті боксталған палата, процедуралық бөлім, дәрігер кабинеті, буфет, зарасыздандырылған материалды сақтауға арналған үй-жай және бөлімнің саласына байланысты басқа үй-жайлар кіреді.

4.3.5.5.12 Операциялық бөлімнің саны алтыдан асқан жағдайда, диспетчер постын қарастыру керек.

4.3.5.5.13 Зарарсыздандырылған аймаққа операциялық бөлімдердің үй-жайы кіреді.

4.3.5.5.14 Қатаң режимді аймаққа келесідей үй-жайлар кіреді:

- қызметкерді операция алдындағы бөлмеден және арнайы және жұмыс киіміне арналған қызметкердің киім сақтайтын орны бар үй-жайда операция жасауға дайындау;

- науқасты операцияға немесе наркоз алуға дайындау үй-жайында науқасты операцияға дайындау;

- жасанды қан айналымы аппаратына және гипотермия аппаратына арналған үй-жайда науқастардың тіршілік әрекетін қамтамасыз етуге арналған аппараттуларды және жабдықтарды орналастыруға арналған;

- операциядан кейінгі палаталар, олар жеке палаталардан және кезекші медициналық бикелердің үй-жайларынан (посттарынан) тұрады;

- қосымша мақсаттағы, соның ішінде операциялық бөлімге (наркоз бөлімі болмағанда) кіреберістегі шлюз.

4.3.5.5.15 Шектеулі режим аймағына келесідей үй-жайлар кіреді:

- операция жасауға құрал-жабдықтарды дайындауға арналған - зарарсыздандыру үй-жайы немесе операциялық блоктың орталық зарарсыздандыруға дейінгі бөлмесі, құралдарды бөлшектеуге және жууға, наркозды-тыныс алу аппаратурасын дезинфекциялауға арналған құралдық-материалдық бөлме;

- қызметкерге арналған – хирургтар кабинеті, хаттама толтыру кабинеті, анестезиолог-дәрігер кабинеті, анестезист-медбикелер бөлмесі және кіші қызметкер бөлмесі;

- септикалық және асептикалық бөлімге кіре берісіндегі шлюзді қоспағанда, қосымша мақсаттағы, науқастың күйін бақылауға арналған монитор жүйесінің орталық пульт бөлмесі, гипс салу бөлмесі, қызмет көрсету үшін операциядан кейінгі палаталар (дәретхана ыдыстарын жуу және дезинфекциялау, клеенкаларды жуу және кептіру және басқалары);

- қойма мақсатында – қанды, жылжымалы рентген аппаратын сақтауға арналған, наркозды-тыныс алу аппаратурасының қоймасы, дезинфекциялаушы ерітінділерді дайындауға және дезинфекциялаушы құралдарды сақтауға арналған, каталкаларды уақытша сақтауға арналған.

4.3.5.5.16 Жалпы ауруханаңың режимдік аймағына келесідей үй-жайлар кіреді:

- қызметкер үшін - бөлім меңгерушісінің кабинеті, аға медбикенің бөлмесі, қызметкердің душ бар жеке гигиена бөлмесі;

- қойма мақсатында - жинауға арналған заттар қоймасы, гипсті сақтауға арналған қойма.

4.3.5.5.17 Операциядан кейінгі палаталардағы төсектер санын бір операциялық бөлімге екі төсек нормасы бойынша қарастыру керек. Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері болған жағдайда, операциядан кейінгі палаталар қарастырылмайды, ал олардың саны анестезиология және реанимация бөлімдерінің төсектер санымен ескеріледі.

4.3.5.5.18 Әдеттегідей, бөлімде жергілікті кондиционерлерге арналған үй-жайды қарастыру керек, олардың ауданы жабдықты орналастырумен анықталады.

4.3.5.5.19 Палата корпусына тікелей жапсарлас жатқан немесе онымен жылытылған өтпелермен жалғанған оқшауланған емдеу-диагностикалық корпус құрамындағы операциялық блокты орналастыру аса тиімді болып табылады. Операциялық блокты палата корпусының жоғарғы қабатына орналастыруға жол беріледі.

4.3.5.5.20 Қабылдау бөлімінің жанындағы жедел операцияларға арналған операция бөлмесін барлық ауруханаларда бірінші қабатқа жоспарлау керек.

4.3.5.5.21 Барлық операциялық бөлімдерді клиникалық-диагностикалық зертханаға және кері қарай пневматикалық жеткізу құрылғысымен жабдықтау ұсынылады.

4.3.5.5.22 Көп салалы ауруханаларда жедел көмек бойынша операцияларды жүргізу үшін қосымша кезекші операциялық бөлімдерді қарастыру керек.

4.3.5.5.23 Операциядан кейінгі палаталарды операциялық блок жанындағы жеке оқшауланған бөлікке немесе анестезиология және реанимация бөлімінің құрамында немесе палаталық хирургиялық бөлім құрамында оқшау орналастыру ұсынылады.

4.3.5.5.24 Операциялық блоктар үй-жайының құрамы мен қуаты аурухана стационарының төсектерінің түріне және санына, оның бөлімшелерінің қуаттылығы мен құрылымына байланысты.

4.3.5.5.25 Операциялық блок үй-жайының ауданын Т қосымшасына сәйкес қарастыру керек.

4.3.5.6 Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері

4.3.5.6.1 Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері хирургиялық салада кемінде 70 төсек болған жағдайда, 500 және одан көп төсекті көп салалы ауруханалар құрамында; балалар ауруханасында - хирургиялық салада 300 төсек және кемінде 50 төсек болғанда, сонымен қатар перзентханаларда 300 және одан көп төсек немесе қаланың барлық перзентханаларында кемінде 300 төсек болған

жағдайда (жалпы босандыру және гинекологиялық саладағы) қуаттылығы аз перзентханалардың бірінде ұйымдастырылады. Қарқынды терапия реанимация бөлімдері 1 реанимациялық төсек 25 инфекциялық төсектерге есептегенде, инфекциялық ауруханаларда, туберкулезге қарсы медициналық ұйымдарда – хирургиялық саладағы кемінде 70 төсек болған кезде ұйымдастырылады.

4.3.5.6.2 Реанимация және қарқынды терапия бөлімдері 500 мың адам және одан астам халқы бар қалаларда ірі көп салалы ауруханалардың құрамында ұйымдастырылуы мүмкін (ересектер ауруханасында 800 және одан астам төсектері және балалар ауруханасында 400 және одан астам төсектері болған жағдайда). Бөлімдегі төсектер саны 25 аспауы тиіс.

4.3.5.6.3 Анестезиология және реанимация ірі бөлімдері құрамындағы емдеу стационарында іріңді хирургия бөлімі болған жағдайда, жеке ешкім өтпейтін палата блогын, ал 6 бастап 12 дейін төсек бар бөлім құрамында іріңді инфекциялы науқастарға арналған шлюз бар палаталарды бөлу керек.

4.3.5.6.4 Бөлімнің ауруханадағы орналасқан орны ауруханаңың санатына және медициналық көмек көрсетілетін науқастардың ауру бейініне байланысты. Аурухана ішіндегі бөлімдер стационар бөлімдерінен келіп түсетін науқастардың негізгі ағынына жақын орналасады. Зардап шегушілерге көшеде көмек көрсетуге арналған бөлімдер ауруханаңың қабылдау бөлімдері жанына немесе оларға барынша жақын орналасады; ауыр науқастардың ауруханаішілік ағымы басым болған жағдайда, оларды науқастарды көшеден қолайлы тасымалдау шартымен олардың операциялық блокқа жақын орналасуы мүмкін.

4.3.5.6.5 Бөлімдерді қабылдау бөлімінің үстіне орналастырған жағдайда, олардың жеке лифтімен байланысын қамтамасыз ету керек.

4.3.5.6.6 Құрамдастырылған бөлімді ұйымдастыру барысында оның бір бөлігі қабылдау бөлімінің жанында орналасады, ал екіншісі ауыр науқастардың ауруханаішілік ағындарына жақын.

4.3.5.6.7 Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері үй-жайларының құрамы ауруханаңың түрі мен қуатына және оның бөлімшелерінің құрылымына байланысты. Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері үй-жайларының ауданын У қосымшасына сәйкес қабылдау керек.

4.3.6 Мамандандырылған емдеу-диагностикалық бөлімшелері (үй-жайлары)

4.3.6.1 Дәрігер-маман кабинеті, процедуралық, таңу, шағын операция бөлмелері, топтық процедуралар кабинеті

4.3.6.1.1 Жобалауға берілген тапсырма бойынша жеке кабинеттер және емдеу үй-жайлары тікелей стационар бөлімдерінің құрамына кіруі мүмкін. Екі секциядан тұратын стационар бөлімдеріндегі осы үй-жайларды олардың жалпы аймағына орналастыру керек.

4.3.6.1.2 Мамандандырылған емдеу үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.5-кестесінде берілген.

4.3.6.1.3 Топпен жұмыс істеуге арналған кабинеттер мамандандырылған ұйымдар құрамында басымдылықпен жобаланады: психиатриялық, наркологиялық, оңалту. Мамандандырылған ұйымдардың емдеу кабинеттерінің құрамы мен ауданын 5-кесте бойынша қабылдау керек.

5-кесте – Мамандандырылған ұйымдардың емдеу кабинеттері үй-жайларының құрамы мен ауданы

Шаршы метрмен

Үй-жайдың атауы	Ауданы, кем емес
1 Шлюзі бар гипнотария	6 бір орынға, кемінде 24 + 2
2 Психотерапевтік кабинет:	
психотерапевт кабинеті, жеке емдеу кабинеті	10
Психологиялық зертхана	10
топтық психотерапия кабинеті	бір орынға 4, алайда кемінде 24 + 2

4.3.6.1.4 Әдеттегідей гипнотарияны психиатриялық және наркологиялық емдеу ұйымдарының құрамында жобалау және оны дыбысты оқшаулау талаптарын ескере отырып орналастыру керек. Гипнотариядағы орындардың оңтайлы саны 10 артық емес, сеанс ұзақтығы – 1 бастап 1,5 сағатқа дейін болуы тиіс.

4.3.6.1.5 Топпен психотерапия кабинетін дыбысты оқшаулау талаптарын ескере отырып орналастыру керек және оны 8 бастап 12 дейінгі келушілер санына және магнитофонмен және слайдтарды көрсетуге арналған аппаратпен жабдықталған психотерапевтің жұмыс орнын есептеу керек.

4.3.6.1.6 Топтық процедураларға арналған мамандандырылған кабинеттер жанында ауданы кемінде 10 $м^2$ күту бөлмелерін қарастыру керек.

4.3.6.1.7 Тәулік бойы жұмыс істеуге арналған наркологиялық диспансерлерде және ауруханаларда алкогольдік мастық жағдайына сараптама жүргізуге арналған үй-жайларды бірінші қабатқа орналастыру керек және оларда көшпелі бригадалар арнайы автокөлігінің қолайлы кіретін жолымен жеке кіре берістерді қарастыру керек.

4.3.6.1.8 Топтық психотерапияға арналған кабинетті 1 бастап 1,5 сағатқа дейінгі ұзақтықпен 8 бастап 10 дейінгі адамнан құралған топты оқыту үшін қалпына келтіріп емдеудің стационарлық және емханалық орталықтарында қарастыру керек.

4.3.6.2 Клиникалық-диагностикалық зертханалар

4.3.6.2.1 Клиникалық-диагностикалық зертхананы әдеттегідей палата бөлімдерімен, қабылдау бөлімімен, операциялық блокпен, ешкім өтпейтін аймақта анестезиология және

реанимация бөлімімен қолайлы байланыстыра отырып, емдеу-диагностикалық ұйымдар тобына орналастыру керек.

4.3.6.2.2 Клиникалық-диагностикалық зертхана үй-жайының құрамы мен ауданын емхананың қуаттылығына және стационардың сыйымдылығына байланысты Ж.6 қосымшасын ескере отырып қарастыру керек.

4.3.6.2.3 Өндірістік және зертханалық үй-жайларды тек белгілі мақсат үшін пайдаланылатын және жол берілген рұқсаты бар басқа үй-жайлардан бөлек орналастыру керек.

4.3.6.2.4 Микробиологиялық зертхана тек стационар үшін қарастырылады; төсек саны 600 дейін болғанда, ол мамандандырылған бөлімшелер болғанда және орталық зертхана болмаған жағдайда қарастырылады.

4.3.6.2.5 Микробиологиялық зертхана үй-жайы басқа зертхана үй-жайларынан оқшаулау керек. Келушілер үшін микробиологиялық зертханаға кіретін есік сыртында болуы тиіс.

4.3.6.2.6 Өзінің құрамында емханасы бар ауруханаларда микроскопиялық үй-жайды әрбір қосымша орынға 4 $м^2$ ұлғайту керек. Лаборант стационарының жалпы клиникалық, гематологиялық, биохимиялық үй-жайларын әрбір қосымша орынға 6 $м^2$ ұлғайту керек. Қалған үй-жайлардың жиынтығы және ауданы стационар немесе емхана бағанасының ең көп көрсеткіші бойынша қабылданады.

4.3.6.2.7 Өзінің құрамында бір ауысымда 250 және одан көп келуші келетін емханасы бар ауруханаларда емхана вестибюлі жанында ауданы 6 $м^2$ талдауларды қабылдау үй-жайын қарастыру керек.

4.3.6.3 Гипербарикалық оксигенация бөлімі

4.3.6.3.1 Гипербарикалық оксигенация бөлімінің негізгі үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.7-кестесінде берілген.

4.3.6.3.2 Гипербарикалық оксигенация бөлімін кемінде бір орынды екі барокамераға және көп дегенде сегіз барокамераға жобалау керек.

4.3.6.3.3 Гипербарикалық оксигенация жүргізу үшін үй-жайды балалар, акушерлік, инфекциялық бөлімдердің құрамына, сонымен қатар анестезиология және реанимация бөліміне кіргізуге жол беріледі. Бұл жағдайда тек барозалдар қарастырылады (науқастарды сеансқа дайындау палаталарда жүзеге асады).

4.3.6.3.4 Гипербарикалық оксигенация бөлімін бірінші қабатқа орналастыру керек.

4.3.6.3.5 Барозалға жиынтықтаушы аппаратурасы бар ересектерге арналған бір орынды екі барокамерадан артық емес және балаларға арналған төрт барокамерадан артық емес орнату керек.

4.3.6.3.6 Барокамералардың шығыңқы бөліктерінен қабырғаға дейінгі арақашықтық кемінде 1 м, екі барокамера арасындағы арақашықтық кемінде 1,5 м, барокамералар мен басқа стационарлы орнатылған аппаратура арасындағы арақашықтық кемінде 1 м; эвакуациялық жол ені кемінде 2 м болуы тиіс. Төсекті жоғарылататын жататын науқастар үшін барокамераның ұзындығы 5 м құрайтындығын ескеру керек.

4.3.6.3.7 Натронды әкті құрғақ үй-жайда сақтау керек, ал оны сору зонды астына ілу керек. Натронды әк шығыны 20 сеансқа бір барокамераға 3 бастап 5 кг дейін құрайды.

4.3.6.4 Функционалдық диагностика бөлімі

4.3.6.4.1 Функционалдық диагностика бөлімдерін (кабинеттері), әдеттегідей, көп салалы және мамандандырылған ауруханаларда, диспансерлерде, емханаларда, мамандандырылған емдеу-диагностикалық орталықтарда қарастыру керек.

4.3.6.4.2 Диагностикалық кабинеттерде оларды экрандау бойынша шараларды қарастыру керек, себебі диагностикалық аспаптардың көрсеткіштеріне рентген және физиотерапевтік аппаратураның, күштік кабельдердің, энергия қондырғыларының, электр қалқандарының және электр шкафтардың, лифтілердің машина бөлімдерінің және жоғары вольтті тарату бөлімдерінің сәулелері әсер етеді.

4.3.6.4.3 Функционалдық диагностика бөлімін рентген бөлімінен кемінде 10 м арақашықтыққа орналастыру керек.

4.3.6.4.4 Термодиагностика кабинетінде келесілерді қарастыру керек:

- сору шкафын орнату – сұйық азотты сақтауға арналған үй-жайға;
- науқастардың бейімделуіне арналған биіктігі кемінде 2 м кабиналар.

4.3.6.4.5 Функционалдық диагностика бөлімі үй-жайының құрамы мен ауданын Ж.8-кестесін ескере отырып қарастыру керек.

4.3.6.5 Гемодиализ бөлімі

4.3.6.5.1 Созылмалы гемодиализді жүргізуге арналған бөлімді, әдеттегідей, науқастарға нефрологиялық, урологиялық бөлімдерде қызмет көрсету үшін республикалық, облыстық, қалалық, көп салалы орталық аудандық ауруханалар құрамында қарастыру керек; бір диализді орынға 2 төсек есебімен жеке палаталар қарастырылады.

4.3.6.5.2 Стационарлардағы асқынған гемодиализге арналған үй-жайды анестезиология және реанимация бөлімінің немесе оған шектесіп жатқан жасанды бүйрек аппараты бар талықсуға қарсы палаталар құрамына орналастыру керек.

4.3.6.5.3 Құрылымда токсикологиялық бөлімдердің жедел медициналық көмектің ірі ауруханалары болған кезде асқынған гемодиализ үй-жайлары олардың құрамына кіруі мүмкін.

4.3.6.5.4 Бөлімдердің өткізу қабілеттігін бір науқас ауысымдағы бір диализді орынға есебімен қабылдау керек.

4.3.6.5.5 Асқынған және созылмалы гемодиализ бөлімі үй-жайының құрамы мен ауданы Ж.9-кестесінде берілген.

4.3.6.5.6 Диализді зал функционалдық төсектермен немесе креслолармен және «жасанды бүйрек» аппараттарымен жабдықталады. Болмашы хирургиялық араласу және таңулар үшін кіші операция жасау бөлмесі қарастырылады.

4.3.6.5.7 Тұз қорын сақтауға арналған қойма гемодиализдің 1 сеансына 3 кг тұз шығыны нәтижесінде есептеледі.

4.3.6.6 Эндоскопиялық бөлім

4.3.6.6.1 Эндоскопиялық бөлімдерді (кабинеттерді), әдеттегідей, 300 және одан астам төсекті республикалық, облыстық, қалалық, көп салалы орталық аудандық ауруханалар, 100 және одан астам төсекті онкологиялық диспансерлер, сонымен қатар 50 000 және одан көп адамға қызмет көрсететін дербес қалалық емханалар құрамында қарастыру керек. Эндоскопиялық бөлімдер (кабинеттер) осы емдеу-профилактикалық ұйымдардың құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

4.3.6.6.2 Стационардың тар шеңберлі мамандандыруы кезінде бөлім палата бөлімдерінің құрамында болуы мүмкін.

4.3.6.6.3 Эндоскопиялық зерттеулердің белгілі қатарын жүргізу үшін рентгенологиялық бақылаудың болуын қарастыру керек.

4.3.6.6.4 Емдеу-диагностикалық корпустағы эндоскопиялық бөлімді оны өткелдердің палата бөлімдерімен біріктіру шартымен орналастыруға жол беріледі.

4.3.6.6.5 Стационар құрылымында бөлімдерді орналастыру кезінде науқастарды каталкалармен тасымалдау, кабинеттерді науқастар демалатын бөлмеге және лифт холлына жақындату мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

4.3.6.6.6 Эндоскопиялық бөлім үй-жайының құрамы мен ауданы Ж.10-кестесіне сәйкес қабылданады.

4.3.6.7 Медициналық оңалту бөлімі

4.3.6.7.1 Медициналық оңалту бөлімі қуаттылығына, саласына және құрылымына байланысты бөлек немесе жалпы бөлімге біріктірілуі мүмкін.

4.3.6.7.2 Жеке физиотерапия және емдік дене шынықтыру кабинеттері жобалау тапсырмасымен балалар ауруханасы палата бөлімдерінің, жүкті әйелдердің патология бөлімдері, мүмкіндігі шектеулі науқастары көп бөлімдер (неврологиялық, нейрохирургиялық, травматологиялық, ортопедиялық, кардиологиялық) құрамына орналасуы мүмкін.

4.3.6.7.3 Осы кабинеттердегі процедуралық орындар санын физиотерапия және емдік дене шынықтыру бөлімдерінің процедуралық орындарының жалпы есептік санына қосу керек.

4.3.6.7.4 Үй-жай ауданын анықтау үшін процедуралардың есептік санын қабылдау керек:

а) физиотерапевтік процедуралар (электр жарықпен емдеу, балшық-сумен емдеу, жылумен емдеу):

- бір төсекті стационар – 0,7;
- емхана дәрігері кабинетіне бір рет келу – 0,5;

б) массаж, емдік дене шынықтыру (оның ішінде судағы дене шынықтыру жаттығулары), механотерапия:

- бір төсекті стационар – 0,5;
- емхана дәрігері кабинетіне бір рет келу - 0,3.

4.3.6.7.5 Емдеу ұйымының ерекшелігіне байланысты сәйкесінше негіздеме кезінде процедуралар саны өзгеруі мүмкін.

4.3.6.7.6 Емдеу түрі бойынша пайызбен есептегендегі процедуралар санын бағдарлы үлестіру Ф.1-кестесінде берілген.

4.3.6.7.7 Жабдықтың бір түріне ең көп ауысымдағы процедуралар санын үлестіруді Ф.2-кестесінде бойынша қабылдау керек.

4.3.6.7.8 Күту бөлмелерінің және вестибюль-киім сақтайтын орындардың ауданын анықтау үшін бөлімде бір уақытта болған келушілердің есептік санын 6-кесте бойынша қабылдау керек.

4.3.6.7.9 Физиотерапия және емдік дене шынықтыру үй-жайларының (бассейндерді қоспағанда) құрамы мен ауданын Ж.11-кестесі бойынша қарастыру керек.

4.3.6.7.10 Емханалары бар ауруханаларда және диспансерлерде осы бөлімдер әдеттегідей орталықтандырылуы және емхана бөлімімен қолайлы байланысы болуы тиіс.

4.3.6.7.11 Емханалардың балалар бөлімдерінің және стационарлардың емхана бөлімдерінің құрамына электр және жарықпен емдеудің дербес кабинеттерін орналастыру ұсынылады.

4.3.6.7.12 Физиотерапия бөлімінде процедура жүргізу үшін жеке үй-жайлар жабдықталады. Электрмен емдеуге және жарықпен емдеуге арналған жабдықтарды бір үй-жайға орналастыруға жол беріледі.

4.3.6.7.13 «Ылғалды» аймаққа суда қозғалыспен емдеуге арналған үй-жай жатады. «Ылғалды» аймақтың үй-жайын, әдеттегідей, бірінші қабатқа орналастыру керек.

4.3.6.7.14 Физиотерапия бөлімдерінің «құрғақ» аймақты үй-жайлары кез келген қабатқа орналасуы мүмкін, дегенмен екі аймақтың қолайлы байланысын қарастыру керек.

6-кесте – Күту бөлмелерінің және вестибюль-киім сақтайтын орындардың ауданын анықтау үшін үй-жайларда бір уақытта болатын келушілер саны

Үй-жайдың, қондырғының атауы	Келушілер саны	
	күту бөлмесіндегі	вестибюль-киім сақтайтын орындағы
1 Физиотерапевт дәрігерінің, емдік дене шынықтыру дәрігерінің кабинеті	4	5
2 Электр жарықпен емдеу кушеткасы	1	2
3 Жылумен немесе балшықпен емдеу кушеткасы, ингаляциялық емдеу орны, ванна	1	3
4 Душ	2	6
5 Емдік дене шынықтыру залындағы, бассейндердегі, механотерапия кабинеттеріндегі бір орын	1	2

4.3.6.7.15 Сәулелерді қашықтықта орналастыра отырып, қысқа толқынды терапия аппараттарын микросымды матамен оқшауланған кабинеттерге немесе кабиналарға орналастыру керек.

4.3.6.7.16 Төрт немесе одан көп қуаты 100 Вт астам УВЧ стационар аппараттары, сонымен қатар қуаты кемінде 100 Вт аппараттарды жеке үй-жайларға, электрмен және жарықпен емдейтін басқа үй-жайларға шектестіре орналастыру керек.

4.3.6.7.17 Электрмен, жарықпен емдеу және ультрадыбыстық терапия бөлімдерінің (кабинеттерінің) ауданы бір стационарлық аппаратқа кемінде 6 $м^2$ болуы тиіс.

4.3.6.7.18 Электр ұйқы кабинеті дыбыс оқшаулағыш шарттарымен, терезелерді тыныш аймаққа бағдарлауды ескере отырып, ешкім өтпейтін аймаққа орналастыру керек. кабинеттің жанында бақылауға арналған қарау терезесі бар өтетін аппарат бөлмесі болуы тиіс.

4.3.6.7.19 Топтық ингаляция үй-жайы қалған үй-жайлардан оқшауланады.

4.3.6.7.20 Оны терезелерді учаскенің ең тыныш аймағын бағдарлай отырып, бөлімнің ешкім өтпейтін аймағына орналастыру ұсынылады.

4.3.6.7.21 Фотария жанында киім ілетін бөлме және медбикенің жұмыс орны бар ауданы кемінде 4 $м^2$ пульттік бөлме қарастырылады.

4.3.6.7.22 Пульттік бөлмеде ауданы кемінде 0,5 $м^2$ және дыбыстық дабылы бар әйнектелген қарау терезесі болуы тиіс. Пульттік бөлмеге кіреберіс процедуралық бөлмеден қарастырылады.

4.3.6.7.23 Гирудотерапия кабинетінде келесі үй-жайлар болуы тиіс: қабылдауды күтуге арналған, емдеу процедураларын жіберуге арналған кабинет, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар (санторап, жинау құрал-жабдығын сақтауға арналған үй-жай).

4.3.6.7.24 Қалпына келтіру емдеу және медициналық оңалту кезінде жағажайды орнатуға жол беріледі.

4.3.6.7.25 Жылумен емдеу кабинетінің қосалқы үй-жайында еденді метлах плиткасымен, 2,5 м биік қабырғаны жылтырақ плиткамен қаптау керек.

4.3.6.7.26 Аэрозолдық, электроаэрозолдық терапияға (ингалятория) арналған кабинеттер қабырғаларын 2,5 м биіктікке жылтырақ плиткамен қаптау, еденіне –линолеум төсеу керек.

4.3.6.7.27 Инерефлексотерапия бөлімінде келесілерді қарастыру керек: дәрігер кабинеті, процедуралық кабинет, науқастарға арналған демалу бөлмесі және санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар.

4.3.6.7.28 Жеке ингаляциялық аппараттарға берілген компрессорды олардың жанына немесе көрші үй-жайға орналастыруға жол беріледі. Бірнеше процедуралық орындардағы ингаляциялық қондырғыларға арналған компрессорды жертөле немесе жартылай жертөле қабаттарына орналастыру керек.

4.3.6.7.29 Түсі қарама-қарсы ванналар өлшемдері 1,75 м × 1,75 м әрқайсысы және тереңдігі 1,2 м (1,3 м) аспайтын екі шектес бассейндерде жүргізіледі. Бір бассейннен екіншісіне өту бассейндер арасындағы баспалдақпен жүзеге асады.

4.3.6.7.30 Балшықпен емдеудің процедуралық орындарының жалпы саны жеті және одан көп болған кезінде балшықты тасымалдауды және жылытуды механикаландыру керек. Орындар аз болған жағдайда, балшық балшықпен емдеу залымен шектесіп

«балшық бөлмесіне» беріледі, бұл жерде арнайы жылытқыштарда немесе тасымалдаушы құрылғыларда жылытылады.

4.3.6.7.31 Балшықтарды сақтауға арналған бассейндердің жалпы көлемін болжалды есептеу Х.1-кестесінде берілген.

4.3.6.7.32 Емдеу-жүзу бассейні, шағын бассейндер, суда дене шынықтыру жаттығуларын жасауға арналған ванналар. Емдеу-жүзу бассейндерінің су айнасының өлшемдерін бір жаттығушыға кемінде 6 $м^2$ есеппен, кіші бассейндер - бір жаттығушыға кемінде 5 $м^2$ есеппен қабылдау керек.

4.3.6.7.33 Су айнасының габариттері және бассейндердің тереңдігі, бассейн үй-жайларының ең кіші өлшемдері және олардың аудандары Х.2-кестесінде берілген.

4.3.6.7.34 Топпен жаттығу үшін емдеу-жүзу бассейндерінің түбі 0,03 бастап 0,05 дейін ұзын жағы бойынша көлбеу қарастырылады. Су деңгейінен жоғары бүйірінің биіктігі 0,3 бастап 0,4 м дейін, еден деңгейінен 0,8 бастап 0,9 м дейін, ені 0,2 бастап 0,4 м дейін.

4.3.6.7.35 Бассейнге кіру және шығу үшін ересектер үшін биіктігі 0,9 м екі жағынан таяныштары бар ені 0,9 бастап 1,1 м дейін; балалар үшін – ені 0,85 м, таяныштарының биіктігі 0,7 м баспалдақтарды қарастыру керек. Сатыларының енін 0,25 бастап 0,3 м дейін, биіктігін 0,12 бастап 0,14 м дейін қабылдау керек.

4.3.6.7.36 Бассейнге түсетін баспалдақтың алдында ені 0,6 м және тереңдігі 0,1 м, ұзындығы – кемінде 1,0 м аяқ ваннасын қарастыру керек.

4.3.6.7.37 Бассейн ваннасының айналасында ұзын бойымен ені 1,2 бастап 2,5 м дейін, 3 м – кіреберіске қарама-қарсы шетжақта, 5 м – ваннаға кіретін есік жағынан (көтергішті орналастыруды, каталканы бұруды және кезекші қызметкердің жұмыс орнын ұйымдастыруды ескере отырып) айналма жолды қарастыру керек.

4.3.6.7.38 Су деңгейінде бассейннің периметрі бойынша құйылмалы астаушаны қарастыру керек. Суды шығару үшін астауша түбінің жолына қарай еңістігі 0,010 бастап 0,015 дейін болуы тиіс.

4.3.6.7.39 Түбінен бастап биіктігі ересектер үшін 0,95 м және балалар үшін 0,55 м бассейннің периметрі бойынша бассейн бүйіріне бекітілген диаметрі 25 мм тұтқышты қарастыру керек.

4.3.6.7.40 Еңбекпен емдеуге арналған үй-жай. Еңбекпен емдеуге арналған үй-жайдың құрамы мен ауданы Ж.12-кестесінде берілген.

4.3.6.7.41 Емдеу-еңбек шеберханалары үй-жайының құрамы мен ауданы Ж.13-кестесінде берілген.

4.3.6.7.42 Емдеу ұйымдарында қолданылатын еңбекпен емдеудің түрлері әртүрлі және ұйымның саласына, сол сияқты жергілікті жағдайларға да байланысты. Жинау, тігін, картонажды, ағаш өңдеу шеберханалары кеңінен қолданылады. Еңбекпен емдеу бөлімдерінде көркемдік шеберлік, қол еңбегі, тігін, тоқыма, түптеу шеберханаларының әртүрлі түрлері ұйымдастырылады.

4.3.6.7.43 Еңбекпен емдеуді жүргізу үшін келесілер қарастырылады:

- палата бөлімдері құрамындағы үй-жайлар, мұнда науқастардың өз бетімен қозғалу мүмкіндігі жоқ;

- қозғалу мүмкіндігі бар науқастардың жұмыс істеуіне арналған емдеу үй-жайларының құрамындағы еңбекпен емдеу үй-жайлары (бөлімдер);

- емдеу-еңбек шеберханалары және өнеркәсіптік кәсіпорындардың арнайы цехтары.

4.3.6.8 Қан құю бөлімі

4.3.6.8.1 Қан құю бөлімі, әдеттегідей, республикалық, облыстық, орталық аудандық және қалалық ауруханалардың жанында, мамандандырылған ауруханалардың, ҒЗИ клиникаларының және медициналық институттардың жанында қарастырылады (донор қанының қажеттілігі жылына кемінде 120 л).

4.3.6.8.2 Қан құю бөлімі қуаттылығына байланысты жылына 120 л бастап 299 л дейін, жылына 300 л бастап 599 л дейін және 600 л бастап 1200 л дейін қан дайындайтын дәрежелерге бөлінеді. Осыған сәйкес қан құю бөлімдері үй-жайларының жиынтығы мен ауданы дәрежесіне байланысты анықталады. Тиісті негіздеме болған кезде жеке үй-жайлар бұл жағдайда біріктірілуі мүмкін.

4.3.6.8.3 Қан жасушасын ұзақ сақтау үй-жайы жылына кемінде 600 л қан дайындайтын бөлімдердің жанында болуы мүмкін. Эритроциттерді және криорецинитаттарды сақтау бұл жағдайда температурасы минус 80 ºС төмен температуралы тоңазытқыштарда жүзеге асады, бір тоңазытқыш қосалқы болуы тиіс.

4.3.6.8.4 Қан құю бөлімдері үй-жайының құрамы мен ауданы Ж.14-кестесінде берілген және жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.3.6.8.5 Қан қызметі ұйымдарында жұмыс түрлері бойынша технологиялық тұрғыдан байланысты өндірістік үй-жайлар функционалдық блоктар бойынша жобаланады. Жеке үй-жайлар донорларды медициналық куәландыру, зертханалық тестілеу және өнім сапасын бақылау, қан алу, өңдеу, сақтау мен беру сапасы үшін қарастырылады. Нақты функционалдық блоктар үшін тұрмыстық үй-жайлар (киім сақтайтын орындар, дәретханалар, қызметкерлер бөлмесі) қарастырылады.

4.3.6.9 Сәулемен диагностикалау бөлімі

4.3.6.9.1 Сәулемен диагностикалау бөлімдері науқастарға медициналық рентгенологиялық тексеру жүргізуге арналған және ауруханалар мен емханалардың міндетті құрылымдық бөлімшелері болып табылады. Сәулемен диагностикалау бөлімдерін жобалау барысында сәулемен емдеу кабинеттерін орнату, пайдалану және радиациялық-қауіпті объектілерде медициналық рентгенологиялық процедуралар жүргізу бойынша қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарды басшылыққа алу керек.

4.3.6.9.2 400 және одан көп орынды ауруханалардың 300 және одан көп төсекті балалар ауруханаларының қабылдау бөлімдерінде, сонымен қатар бір және одан артық ауысымда 720 келушілер бар емхана бөлімдерінде жеке рентгенодиагностикалық кабинеттерді қарастыруға жол беріледі.

4.3.6.9.3 Республикалық және облыстық ауруханалардағы жалпы тексеруге арналған рентгенодиагностикалық кабинеттердің санын 200 төсекті бір кабинет, басқа ауруханаларда - 250 төсекті бір кабинет (бірақ біреуден кем емес), емханаларда – жобалау

тапсырмасына сәйкес, ең көп ауысымда 400 келушіге бір кабинеттен артық емес есеппен қарастыру керек (рентген-флюорографиялық кабинетті есептемегенде).

4.3.6.9.4 Ауруханананың немесе емхананың құрамында травматолого-ортопедиялық бөлім (кабинет) болған жағдайда, оның жанына рентген кабинетін қарастыруға жол беріледі.

4.3.6.9.5 Рентгенодиагностикалық кабинеттің процедуралық бөлмесіне ауданын сәйкесінше ұлғайту арқылы габариті шағын тістерді және маммографияны түсіруге арналған рентген аппаратын қосымша орнатуға жол беріледі.

4.3.6.9.6 Сәулемен диагностикалау кабинеттерін және бөлімдерін (бұдан әрі - кабинет) стационарлар, медициналық орталықтар амбулаториялық-емханалық ұйымдарының ғимараттарына орналастырады. Кабинет өтпелі болмауы тиіс.

Кабинетті судың аражабын арқылы өтуі мүмкін үй-жайлардың (душ бөлмесі, дәретхана) астына және егер рұқсат етілген қуаттылық мәні тиімді дозадан 1,3 мкЗв/сағ. асатын болса, науқастарға арналған палаталарға көлденеңінен және тігінен шектестіріп орналастыруға жол берілмейді.

4.3.6.9.7 Кабинетті бірінші қабатқа орналастырған жағдайда, процедуралық бөлменің терезесі ғимараттың тегістеме деңгейінен биіктігі кемінде 2 м қорғаныс қақпақпен экрандалады, астыңғы қабатта – терезелер биіктігі түгел қорғаныс қақпақтармен экрандалады. Рентген кабинетінің процедуралық бөлімінен көрші ғимараттың тұрғын және қызметтік үй-жайларына дейін арақашықтығы кемінде 30 м болғанда осы дозиметриялық бақылауды ескерумен процедуралық бөлменің терезелері еден деңгейінен кемінде 2 м биіктікте қорғаныс қақпақтармен экрандалады.

Кабинетті тұрғын үй ғимараты мен медициналық емес мақсаттағы қоғамдық, мектепке дейінгі балалар және оқу ұйымдарының ғимараттарына орналастыруға жол берілмейді.

4.3.6.9.8 Фотозертхана екі кабинет үшін жалпы болуы мүмкін, бұл жағдайда оған кіре берісті тікелей басқару бөлмесінен қарастыру керек.

4.3.6.9.9 Бөлімнің саласына байланысты оның құрамында ксерозертхана, барийді дайындауға арналған кабина, дәретхана қарастырылуы мүмкін.

4.3.6.9.10 Сәулемен диагностикалау бөлімдері үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.15-кестеде берілген.

4.3.6.10 Сәулемен емдеу бөлімі

4.3.6.10.1 Сәулемен емдеу бөлімдерін (радиологиялық бөлімдер) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы аясында өкілетті органмен келісім бойынша қалаларға және басқа елді мекендерге орналастыруға жол беріледі.

4.3.6.10.2 Қолданылатын радиоактивті заттардың және иондаушы сәулелердің басқа көздерінің функционалдық мақсатына, түріне, сонымен қатар қорғаныш талаптарына байланысты сәулемен емдеу бөлімдерінде келесі үй-жай блоктары бөлінеді:

- жабық сәулелену көздерін емдік қолдануға арналған үй-жайлар;
- ашық сәулелену көздерін емдік қолдануға арналған үй-жайлар;
- қашықтықтан сәулемен емдеуге арналған үй-жайлар;

- радиоизотопты диагностика үй-жайлары (зертханалар).

4.3.6.10.3 Иондаушы сәулелердің радиоактивті көздерімен емдеу кезінде палатадағы төсектер саны екіден аспауы тиіс.

4.3.6.10.4 Иондаушы сәулелердің жабық көздерін (IV дәрежелі радиациялық объект) қолдану арқылы радиологиялық бөлімдер үшін ерекше санитарлық-қорғану аймақтары белгіленбейді.

4.3.6.10.5 Сұйық радиоактивті қалдықтар кейінгі шоғырландыру, қатыру және көму үшін арнайы ыдыстарға жиналуы тиіс. Сұйық радиоактивті қалдықтардың күнделікті мөлшері 200 л астам болған кезде, тазалау құрылыстары бар арнайы канализацияны қарастыру керек. Сұйық радиоактивті қалдықтарды шаруашылық-тұрмыстық немесе нөсерлі канализацияға тастауға тыйым салынады.

4.3.6.10.6 Құрамында 15 тәулікке дейін ыдырау кезеңімен қысқа өмір сүретін нуклидтері бар қатты және сұйық радиоактивті қалдықтар радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес шамаға дейін белсенділігін төмендетуді қамтамасыз ететін уақыт ішінде сақталады, содан кейін қатты радиоактивті қалдықтар кәдімгі өндірістік қалдықтармен бірге, ал сұйық радиоактивті қалдықтар тиісті актіні рәсімдеу арқылы шаруашылық-тұрмыстық канализацияға шығарылады.

4.3.6.10.7 Сәулемен емдеу бөлімдері үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.16-кестеде берілген. Әрбір нақты жағдай үшін бөлімдер үй-жайының құрамы мен ауданы жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.3.6.11 Радиоизотопты диагностика бөлімі (зертхана)

4.3.6.11.1 Радиоизотопты диагностика зертханаларын жеке ғимаратқа немесе оның басқа үй-жайларынан оқшауланған емдеу-профилактикалық операциялық ғимаратың жеке ғимаратына орналастыру ұсынылады. Радиоизотопты диагностика зертханасын қолданыстағы норамтивтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес жобалау керек.

4.3.6.11.2 Зертханаларда келесі блоктарды бөлу керек:

- радиоизотопты қамтамасыз ету блогы;
- ИН ВИТРО радиодиагностикалық зерттеу блогы;
- ИН ВИВО.

4.3.6.11.3 Тікелей радиологиялық зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайларда иондаушы сәуле көздері бар (дозаның есептік қуаты 0,03 мк^{3}в/сағ.) шектесіп орналасқан үй-жайлар жағынан қорғалуы тиіс.

4.3.6.11.4 Радиоизотопты қамтамасыз ету үй-жайлары бар ИН ВИТРО радио диагностикалық зерттеулер блогы радиоизотопты диагностика зертханасынан тыс қарастырылуы мүмкін.

4.3.6.11.5 Диагностикалық мақсатпен ашық радиоактивтік көздерді қолданатын үй-жайлар жұмыс орнындағы белсенділігі бойынша III класты жұмыстарға арналған үй-жайларға жатады; радиоактивтік заттарды және олардың орамдарын сақтауға арналған үй-жайлар II класс бойынша орналастырылады. Сонымен қатар II класс бойынша белсенділігі жоғары радиофармацевтикалық препараттарды қолданатын үй-жайлар орналастырылады.

4.3.6.11.6 II класты жұмыстарға арналған үй-жай ғимараттың жеке бөлігіне шоғырлануы және санитарлық шлюздің және шығаберістегі радиациялық бақылау пунктінің көмегімен қалған үй-жайлардан оқшауланууы тиіс.

4.3.6.11.7 Тікелей диагностикалық зерттеулер үшін III класты жұмыстарға арналған үй-жайлар радиоактивті заттар сақталатын немесе ең төменгі мағыналы белсенділіктен асатын мөлшерлерде олармен бірге жұмыстар жүргізілетін үй-жайлардан мүмкіндігінше алыс болуы тиіс. III класты жұмыстарға арналған үй-жайларда үш еселі ағыны және төрт еселі тарту және душ бөлмесі бар желдету құрылғысын қарастыру керек.

4.3.6.11.8 II және III класты жұмыстарға арналған үй-жайларды II класты жұмыстарға берілген талаптарға сәйкес жабдықталған жалпы блокқа бөлуге болады.

4.3.6.11.9 Радиоизотопты диагностика үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.17-кестеде берілген.

4.3.6.12 Патологоанатомиялық бюро, патологоанатомиялық бөлім және сот-медициналық сараптама бөлімі

4.3.6.12.1 Патологоанатомиялық бюро дербес заңды тұлға ретінде (медициналық ұйым) қарастырылады.

4.3.6.12.2 Патологоанатомиялық бөлім көп салалы ауруханалар, сол сияқты мамандандырылған: балалар, инфекциялық, психиатриялық, онкологиялық ауруханалар және диспансерлер құрамында қарастырылады.

4.3.6.12.3 Патологоанатомиялық бөлімде және мәйітханада үш кіреберіс-шығаберіс болуы тиіс, оның екеуі бөлек қабылдау және мәйіттерді беруге, ал үшіншісі қызметкер қолдануға арналған.

4.3.6.12.4 Мәйітханада келесі үй-жайларды қарастыру керек: мәйіттерді қабылдау және сақтау, секциялық (кемінде екі), соның ішінде инфекциялық аурулардан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін союға арналған жеке сыртқы кіреберістер және кіретін жолдар бар шағын секция үй-жайы, жерлеу процедуралары және мәйіттерді беру залы, тіркелген материалды, киімдерді, табыттарды және басқа мүлікті сақтауды, қызметкерлерге арналған тұрмыстық үй-жайларды.

4.3.6.12.5 Ғимараттың ішінде мәйіттерді тасымалдауға, союды жүргізуге, тіркелмеген секциялық материалды өңдеуге және сақтауға байланысты үй-жайлар гистологиялық зертханалардан, дәрігерлерге және қызмет көрсетуші қызметкерге арналған үй-жайлардан, мұражайдан және тұрмыстық үй-жайлардан тамбурмен немесе дәлізбен бөлінеді.

4.3.6.12.6 Мәйіттерді сақтауға арналған үй-жайлардағы, секция алдындағы, секциялық бөлмелердегі, мәйіттерді киіндіруге арналған бөлмедегі және қаралы залдағы есік ойықтарын және есіктердің конструкциясын жоспарлау зембілдерді еркін алып өтуді және каталкалардың өтетін жолын қамтамасыз етуі тиіс.

4.3.6.12.7 Орындалатын жұмыстардың түрлеріне, сонымен қатар функционалды және гигиеналық белгілеріне сәйкес патологоанатомиялық бюро және патологоанатомиялық бөлімдердің барлық үй-жайларын келесі топтарға бөлуге болады:

- әкімшілік-шаруашылық;

- зертханалық;
- секциялық;
- инфекциялық;
- салттық.

4.3.6.12.8 Әртүрлі саладағы бөлімдер үшін союлардың болжамдық саны Ц қосымшасында берілген.

4.3.6.12.9 Патологоанатомиялық бюрода және патологоанатомиялық бөлімдегі бір үстелдегі ашу саны 1-2 болып қабылданады. Биопсиялық зерттеулердің орташа статистикалық саны жылына бір төсекте – 30 бастап 40 дейін.

4.3.6.12.10 Патологоанатомның бір лауазымына 15 жастан асқан қайтыс болғандардың 150 ашу; немесе 15 жасқа толмаған балаларды, түсіктерді, мезгілсіз түсіктерді 100 ашу; немесе биопсия және операциялық материалды 3000 зерттеулер келеді.

4.3.6.12.11 Дәрігер лауазымының санына байланысты патологоанатомиялық бөлімдер үй-жайының құрамы мен ауданы Ж.18-кестеде берілген.

4.3.6.12.12 Патологоанатомиялық бюроның типтік ғимаратында кемінде екі қабаты және астыңғы қабаты болуы немесе үш қабатты болуы тиіс.

4.3.6.12.13 Дәрігер лауазымының санына байланысты патологоанатомиялық бюро үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.19-кестеде берілген.

4.3.6.12.14 Сот-медициналық сараптама орталықтарындағы тірі адамдарға сараптама жүргізу бөлімі дербес кіреберісі бар оқшауланған бөлікте орналасады.

4.3.6.12.15 Терапевтік, ортопедиялық, хирургиялық, ортодонтикалы стоматологиялық кабинеттердің ауданы негізгі стоматологиялық креслоға кемінде 14 $м^2$ және әрбір қосымша креслоға кемінде 7 $м^2$ есебімен анықталады. Қосымша креслода әмбебап стоматологиялық қондырғы болған жағдайда ауданы 10 $м^2$ дейін ұлғаяды.

4.3.6.12.16 Сот-медициналық сараптама бөліміндегі бір үстелдегі мәйіттерді ашу саны 2-3 болып қабылданады.

Жалпы саладағы бір сарапшы қызметіне:

- қайтыс болғандардың 100 ашу;
- тірі адамдарды 700 куәландыру;
- химик-токсикологтың сот-медициналық сарапшысына 55 толық талдаулар;
- биолог- сот-медициналық сарапшысына 2000 объект;
- гистолог- сот-медициналық сарапшысына 2100 блок;
- медик – криминалист – сот-медициналық сарапшысына - 55 сараптама;
- молекулярлық-генетикалық бөлім сарапшысына 100 сараптамадан келеді.

4.3.6.12.17 Орындалатын жұмыстардың түріне, сонымен қатар функционалдық және гигиеналық белгілеріне сәйкес сот-медициналық сараптаманың барлық үй-жайларын келесі топтарға бөлуге болады:

- әкімшілік-шаруашылық;
- жалпы сараптама бөлімі;
- зертхана;
- танатологиялық бөлім
- секциялық;

- инфекция;
- салттық.

4.3.6.12.18 Сот-медициналық сараптама бөлімі үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.20-кестеге сәйкес қабылданады.

4.3.6.13 Орталық зарарсыздандыру бөлімі

4.3.6.13.1 Объектілерде орталықтандырылған зарарсыздандыру бөлімі қарастырылады, олар мынадай үш аймаққа бөлінеді:

а) кір (кір материалды қабылдау, сұрыптау, дезинфекциялаушы-жуғыш машинаға салу);

б) таза (дезинфекциялаушы-жуғыш машинадан тазартылған, дезинфекцияланған және кептірілген материалды шығару, қаптау, стерилизаторға салу). Медициналық киімді қаптау үшін жеке үй-жай болуы тиіс;

в) зарасыздандырылған (стерилизатордан зарарсыздандырылған материалды алу және оны сақтау).

4.3.6.13.2 Таза және зарарсыздандырылған аймақтардың үй-жайына санитарлық өткізу орны арқылы кіреді.

4.3.6.13.3 Мынадай қосымша үй-жайларды қарастыру ұсынылады: экспедиция (зарарсыздандырылған материалды беру), санитарлық тораптар және медициналық қызметкерге арналған тұрмыстық үй-жайлар.

4.3.6.13.4 Зарарсыздандыру бу және ауа стерилизаторларында, сонымен қатар қазіргі зарарсыздандыру әдістерімен – газбен, сәулемен және басқаларымен жүзеге асады.

4.3.6.13.5 300 және одан астам төсекті ауруханаларда аппараттарды зарарсыздандыруға арналған үй-жайларды қарастыру керек.

4.3.6.13.6 Орталық зарарсыздандыру бөлімін операциялық блокпен және жалпы ауруханалық коммуникациялармен қолайлы байланыста негізгі корпусқа орналастыру орынды.

4.3.6.13.7 Орталық зарарсыздандыру бөлімінің негізгі үй-жайларын зарарсыздандырылуы тиіс материалдардың екі ағынын ұйымдастыру арқылы бір қабатқа орналастыру керек:

- киімдер мен таңу материалдарын;
- хирургиялық құралдарды және т. б.

4.3.6.13.8 Қуаттылығы әртүрлі амбулаториялық-емханалық ұйымдарға арналған және стационарларға арналған орталық зарарсыздандыру бөлімінің үй-жайының құрамы мен ауданын Ж.21, Ж.22-кестелерді ескере отырып қарастыру керек.

4.3.6.14 Дезинфекциялаушы бөлім

4.3.6.14.1 Дезинфекциялаушы бөлім жеке ғимаратқа немесе шаруашылық корпусындағы басқа қосымша қызметтермен бірге орналасуы мүмкін. Сонымен қатар, дезинфекциялаушы бөлімдерді электрлік дезинфекциялаушы камераларды қолдану арқылы палата корпустарының астыңғы қабатына орналастыруға жол беріледі.

4.3.6.14.2 Қуаттылығы әртүрлі стационарлардың дезинфекциялаушы бөлімдерінің үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.23-кестеде берілген.

4.3.6.15 Кір жуу орны

4.3.6.15.1 Кір жуу орындарының өнімділік есебі арқылы кемінде былайша қабылдау керек:

- стационардағы төсектегі бір тәуліктегі 2,3 кг құрғақ киім ;
- бір жаңа туған сәбиге немесе емшектегі балаға 4,0 кг құрғақ киім;
- 1,0 кг – баламен бірге жатқан анасына;
- амбулаториялық-емханалық мекемелерге бір келуге 0,4 кг құрғақ киім.

4.3.6.15.2 Киімнің шағын көлемін өңдеу қажеттілігі кезінде тікелей бөлімдер жанында толықтай тұйық айналым өнімділігі құрғақ киімнің 10 кг аспайтын кір жуу машиналарын міндетті қолдану арқылы жуу құрылғысына жол беріледі. Киімдерді дезинфекциялау дезинфекциялаушы ерітінділер көмегімен киімдерді кір жуу машиналарында өңдеу арқылы жүргізіледі.

4.3.6.15.3 Қуаттылығы шамалы денсаулық сақтау объектілерінде екі үй-жай құрамымен (біреуі жинауға және жууға арналған, екіншісі кептіруге және үтіктеуге арналған) шағын-кір жуу орнын (арнайы киімдерді, сүлгілерді, майлықтарды жууға арналған) орнатуға жол беріледі.

4.3.6.15.4 Кір жуу орнын астыңғы және бірінші қабаттағы негізгі бас корпус құрамында, сол сияқты ғимараттың немесе шаруашылық блогының жеке корпусында (табиғи-климаттық шарттарды ескере отырып) орналастыруға жол беріледі. Қызметкерге қолайлы еңбек жағдайын жасау, елдің солтүстік өңірлеріндегі (жобада аумақтарға кір жуу орнын орналастыру қарастырылған өңірлер) қолданылған және өңделген (жуылған) киімдерді тасымалдаудың санитарлық-гигиеналық шарттарын сақтау үшін жалғайтын жолдарды немесе кір жуу бөлімі орналастырылатын негізгі корпустан қосымша шаруашылық корпусына дейінгі галереяларды қарастыру ұсынылады.

4.3.6.15.5 Қуаттылығы әртүрлі кір жуу үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.24-кестеде берілген.

4.3.6.15.6 Жұқпалы киімдерді қабылдау және дезинфекциялау үй-жайларының құрамы мен ауданы 7-кестеде берілген.

7-кесте – Жұқпалы киімдерді қабылдау және дезинфекциялау үй-жайының құрамы мен ауданы

Шаршы метрмен

Үй-жайдың атауы	Жұқпалы төсектер саны бар бөлімдер үшін ауданы, кем емес		
	250 дейін	250-500	500-750
1 Күту аймағы	-	4	6

7-кестенің жалғасы

Үй-жайдың атауы	Жұқпалы төсектер саны бар бөлімдер үшін ауданы, кем емес		
	250 дейін	250-500	500-750
2 Киімдерді қабылдау, сұрыптау және сақтау үй-жайы	4	8	12
3 Дезинфекциялау-кептіру цехы	18	24	40
4 Киімдерді жууға тапсыру үй-жайы	4	8	10
5 Дезинфекциялаушы ерітінділерді сақтау үй-жайы	2	6	8
6 Санитарлық өткізу орны	2	2	3

4.3.6.16 Тамақ дайындау қызметі

4.3.6.16.1 Тамақ дайындау қызметін жеке ғимаратқа (тамақтану блогы) орналастыру керек. Бұл ғимаратты, әдеттегідей, инфекциялық және туберкулез бөлімдерінен басқа палата бөлімдерінің ғимараттарымен жерүсті немесе жерасты тоннельдік көлік өткелдерімен жалғау керек. Өтпе жолдардың ені кемінде 3 м, электрокарларды қолданған жағдайда кемінде 4,5 м болуы тиіс. Өтпелі экспедиция үй-жайының байланысы үшін баспалдақты-лифт торабын қарастыру керек.

4.3.6.16.2 Инфекциялық корпус болған жағдайда ол үшін ауданы кемінде 6 $м^2$ экспедиция ұйымдастырылады.

4.3.6.16.3 Ірі ауруханакешендерінде орталық дайындау және палата бөлімдеріне жақын дербес дайындауға дейінгі қызметтерді ұйымдастыруға жол беріледі.

4.3.6.16.4 Шикізатпен жұмыс істеуге арналған қуаттылығы әртүрлі стационарлардағы тамақ дайындау қызметі үй-жайының құрамы мен ауданы Ж.25-кестеде берілген.

4.3.6.16.5 Қуаттылығы әртүрлі стационарлардағы дайындауға дейінгі асхана үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.26-кестеде берілген.

4.3.6.17 Қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар

4.3.6.17.1 Қызметкерге арналған тұрмыстық үй-жайлар санитарлық өткізу орнының түрі бойынша жабдықталады және олардың құрамына: киім сақтайтын орындар, душ бөлмесі, қолжуғыш, дәретхана, арнайы киімді және жеке қорғаныс құралдарын сақтауға арналған үй-жайлар кіреді. Киім сақтайтын орындар арнайы және жеке киімдерді сақтауға арналған жеке шкафтармен жабдықталады.

4.3.6.17.2 Қызметкерді тамақпен қамтамасыз ету үшін асхана немесе буфеттерді қарастыру керек, барлық бөлімдерде тоңазытқышпен, суды және тамақты жылытуға

арналған құрылғылармен, қол жууға арналған раковиналармен жабдықталған ауданы кемінде 12 м^2 (инфекция бөлімдері үшін – кемінде 14 м^2) қызметкерге арналған бөлме бөлінеді. Жұмыс орындарында тамақ қабылдауға жол берілмейді.

4.3.6.17.3 Қызметкердің көшеге киетін киімдерін сақтайтын орын саны қызметкердің тізімдік құрамының 60 % тең болып қабылданады.

4.3.6.17.4 Үй және көше киіміне арналған киім сақтайтын орындағы шкафтар саны қызметкердің тізімдік құрамының 100 % тең болып қабылданады.

4.3.6.17.5 Душ кабиналарының санын 10 адамға бір душ кабинасы есебінен қабылдау керек. Инфекциялық және туберкулез бөлімдерінде, қалған бөлімдерде – орташа және кіші қызметкердің ең көп ауысымында жұмыс істейтін 15 адамға бір душ кабинасы.

4.3.6.17.6 Санитарлық аспаптардың – унитаздардың және әйелдер мен ерлер дәретханаларындағы писсуарлар саны ең көп ауысымда дәретхананы пайдаланушылардың санына байланысты, бір санитарлық аспапқа 30 адам есебімен қабылдануы тиіс.

4.3.6.17.7 Ерлер дәретханасындағы писсуарлар саны унитаздар санына тең болуы тиіс. Ерлер саны кемінде 15 адам болғанда, дәретханаға писсуарларды қарастыру талап етілмейді. Унитаздар саны 16 аспауы тиіс.

4.3.6.17.8 Конференц-залдағы орындар санын қызметкердің тізімдік құрамының 50 % тең деп қабылдау керек.

4.3.6.17.9 Стационарға келушілер саны төсектер санынан 70 % тең болып қабылданады.

4.3.6.17.10 Жобалау тапсырмасын қызметкерлерге арналған тұрмыстық үй-жайларды, сауда дүңгіршектерін және басқа қосымша үй-жайлар мен кешендерді қарастыруға жол беріледі.

4.3.6.17.11 Қуаттылығы әртүрлі қызметтік және тұрмыстық үй-жайлардың құрамы мен ауданын Ж.27-кестені ескере отырып қарастыру керек.

4.3.6.18 Клиникалық кафедралар үй-жайы

4.3.6.18.1 Клиникалық денсаулық сақтау емдеу-профилактикалық ұйымдары мамандарды дайындауға және медициналық институттардың клиникалық кафедраларының, дәрігерлерді жетілдіру институттарының және ғылыми-зерттеу мекемелерімен ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған.

4.3.6.18.2 Клиникалық кафедрада оқу тәжірибелік сабақтардан тұрады, олар студенттердің науқастарды бақылауға, тексеруге, клиникалық мекеменің әртүрлі бөлімшелерінде жүргізілген операцияларына, процедураларына және клиникалық тәртіп бойынша дәріс курстарына қатысуын қарастырады. Тәжірибелік сабақтар кафедра қызметкерінің басшылығымен және клиника қызметкерлерінің қатысуымен топтарда (10 адамнан аспауы тиіс) жүргізіледі.

4.3.6.18.3 Клиника бөлімдеріндегі санитарлық-гигиеналық және емдеу-қорғау режимдерін қамтамасыз ету үшін кафедра үй-жайының негізгі бөлігін салалы бөлімдерге жақын жоспарлы оқшауланған кафедра блогына шоғырландырған дұрыс.

4.3.6.18.4 Негізгі салалы кафедраларға арналған үй-жайлардың құрамы мен ауданы Ж.28-кестеде берілген.

4.3.6.18.5 Оқу процедуралық бөлімдерін аурухана процедуралық бөлімдерінің жанына орналастырған дұрыс.

4.3.6.18.6 Әрбір салалас палата бөлімінде бір оқу бөлмесі және бөлімге жалпы, үй-жайлар тобына орналасқан кезекші студенттер бөлмесі қарастырылады.

4.3.6.18.7 Бірнеше кафедралардың базасы болып табылатын ірі клиникалық емдеу-профилактикалық мекемелерінде ғылыми зертханаларды және дәріс аудиторияларын интеграциялау және кешенді қолдану мүмкіндігін ескере отырып, кафедралардың барлық негізгі үй-жайларын біріктіретін бірыңғай оқу-ғылыми блогын құрған дұрыс.

4.3.7 Жедел медициналық көмек және санитариялық авиация ұйымдары

4.3.7.1 Жылына 75 000 және одан көп шығатын жедел медициналық көмек станцияларының құрамын, әдеттегідей, жедел медициналық көмек станциялары бойынша қарастыру керек.

4.3.7.2 Жедел медициналық көмек станциялары, сонымен қатар шағын станциялары үшін жылына шығулар саны жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.3.7.3 Жедел, медициналық бөлімдердің қызметкерлерінің және станция ғимаратында, сонымен қатар жедел медициналық көмек шағын станцияларында бір уақытта болған жүргізушілердің есептік санын ең көп ауысымдағы санының 80 % тең деп қабылдау керек.

Демалу бөлмелерінде ең көп ауысымдағы көшпелі бригадаларының тізімдік құрамының 80 % төсектер қарастырылуы тиіс.

4.3.7.4 Жедел медициналық көмек станцияларының (шағын станциялардың) ғимаратының астындағы учаскенің өлшемі бір автомашинаға 0,05 Га, бірақ 0,1 кем емес ауданына сүйене отырып анықталады.

4.3.7.5 Жедел медициналық көмек пен санитарлық авиация станциясының (шағын станцияның) аумағына мыналар орналастырылады:

а) гаражы және автожуу орны бар негізгі корпус (15 автомашинаға – 1 жуу орны);

б) автопарктің 30 % жазғы автомашиналар тұрағы (бір автомашинаға кемінде 25 $м^2$);

в) аппаратураны медициналық газбен зарядтау станциясы;

г) ауысымдағы 100 жұмысшыға 15-тен 20 дейінгі автомашина есебімен қызметкердің автомашиналар тұрағы;

д) автомашиналарды жуатын ағынды суларға арналған тазарту ғимараттары;

е) қызметкерлер демалуға арналған алаңдар.

Ескертпе – Аталған в), г), д) тармақтарында көрсетілген аурухана құрылысының құрамындағы жедел медициналық көмек бөлімін орналастыру кезінде ауруханалар мен станциялар үшін жалпы жасауға жол беріледі.

4.3.7.6 Шығу үй-жайының блогы гаражбен (жазғы тұрақ) тікелей байланысқан көлік бөлігімен шектестіріп орналастырылады.

4.3.7.7 Үй-жайдың ауданын анықтау үшін қызметкердің есептік санын қабылдау керек:

- үй-және жұмыс киімдерін сақтайтын орын – тізім құрамының 100 %;

- вестибюль-киім сақтайтын орын – тізім құрамының 75 %;

- медициналық қызметкердің сабағына арналған үй-жай – дәрігерлердің, фельдшерлердің және санитарлардың тізім құрамының 25 %;

- конференц-зал – тізім құрамының 70 %.

4.3.7.8 Жедел медициналық көмек станцияларының (шағын станциялардың) үй-жайларының құрамы мен ауданы Ж.29 және Ж.30-кестелерде берілген.

4.3.7.9 Санитариялық авиация бөлімі облыстық ауруханалар құрамына кіреді, медициналық жабдық немесе пациент тұрған орын бойынша медициналық ұйымда лайықты білікті мамандардың болмауына байланысты медициналық көмек көрсете алмаған жағдайда, жедел медициналық көмек көрсетеді. Санитариялық авиация түрінде медициналық көмекті ұсыну мамандандырылған орынға білікті мамандарды жеткізу немесе науқасты әртүрлі көлік түрімен тиісті медициналық ұйымға тасымалдау арқылы жүзеге асырылады.

4.3.7.10 Бір жылдағы санитариялық авиацияның көшу саны жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.3.7.11 Ғимаратта бір уақытта болған жүргізушілерді қосқанда, санитариялық авиация қызметкерінің есептік санын ең көп ауысымдағы санына 80 % тең деп қабылдау керек.

4.3.7.12 Демалу бөлмелерінде ең көп ауысымдағы көшпелі бригадалардың тізімдік құрамының 80 % төсектер қарастырылуы тиіс.

4.3.7.13 Санитариялық авиация бөлімінің ғимаратының астындағы учаскенің өлшемі бір автомашинаға 0,05 Га, бірақ 0,1 кем емес ауданы нәтижесінде анықталады.

4.3.8 Қан орталығы

4.3.8.1 Қан орталығының қуаттылығы қанды жылына дайындау көлемі бойынша анықталады.

4.3.8.2 Қан орталығы үй-жайының құрамы мен ауданы Ж.31-кестеде берілген.

4.3.8.3 Қан орталығының донорлық бөлімінің үй-жайының ауданы донорлардың орташа санына байланысты анықталады: дайындау үшін жылына 4000 бастап 8000 л дейін - 100 донорға дейін, жылына12 000 л дейін - 140 донорға дейін.

4.3.8.4 Донорларға арналған вестибюль-киім сақтайтын орын және күту орнын бір донорға кемінде 0,5 $м^2$ есебі нәтижесінде қарастыру керек. Сырт киім сақтайтын орын 1 адамға кемінде 0,08 $м^2$ нәтижесінде есептеледі.

4.3.8.5 Операция бөлімдерін екі бөлімде жобалаған дұрыс – тұтас қан дайындау үшін және плазмаферез әдісімен қан алу үшін. Жылына 8000 л дейін қан дайындауға арналған алты орынды және жылына 12 000 л дейін қан дайындау үшін тоғыз орынды бір боксталмаған операция жасау бөлмесіне жол беріледі.

4.3.8.6 Бокстардың жалпы санын төмендегідей анықтау керек:

- плазмаферез үшін – операция бөлімінде әрбір төрт орынға біреу (операция бөлімінде тек плазмаферез жүргізу есебімен ең көп);

- компоненттерді алу үшін: бір - жылына 8000 л дейін қанды дайындау кезінде, екі-жылына 12 000 л дейін қанды дайындау кезінде.

4.3.8.7 Компоненттерді алу үшін бокстардың жанында алынған компоненттерді паспорттауға арналған 4 °С есептелген тоңазыту камерасы бар үй-жайды қарастыру керек.

4.3.8.8 Жылына 8000 л дейін қанды дайындайтын қан орталығы үшін үш центрифуганы, жылына 12 000 л дейін қанды дайындайтын қан орталығы үшін бес центрифуганы орналастыруға арналған үй-жайды қарастыру керек.

4.3.9 Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника (медициналық ұйымдар үшін) айналысы саласындағы объектілер

4.3.9.1 Денсаулық сақтау ұйымдарын дәрілік құралдармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және медициналық техникамен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника (медициналық ұйымдар үшін) айналысы саласындағы объектілерге:

- медициналық ұйым дәріханасы;
- алғашқы медициналық-санитарлық, консультативтік-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріханалық пункт;
- дәріхана қоймасы;
- медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар қоймасы жатады.

4.3.9.2 Емдеу-профилактикалық мекемелерде дәрілік құралдарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы қабылдауға және уақытша сақтауға арналған үлестіру пункттері қарастырылады.

4.3.9.3 Дәріханалық үлестіру пункттері үй-жайының құрамы мен ауданы 8-кестеде берілген.

8-кесте – Дәріханалық үлестіру пункттері үй-жайының құрамы мен ауданы

Шаршы метрмен

Үй-жайдың құрамы	Емдеу-профилактикалық ұйымдарының ауданы, кем емес	
	300 төсекке дейін қоса алғанда	300 бастап 500 дейінгі төсекті қоса алғанда
1 Ашу	8	8
2 Дәрілік құралдарды сақтау және беру бөлмесі	12	12

4.3.9.4 Өндірістік үй-жайлар және дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника (медициналық ұйымдар үшін) айналысы саласындағы объектілерді сақтау үй-жайларын ішкі әрлеу (қабырғаларының ішкі беттері, төбелерді, едендерді), қабылдау және халыққа қызмет көрсету үй-жайын әрлеу (қабырғаларының ішкі беттері, едендерді) тегіс, ашық реңді болуы тиіс және Қазақстан

Республикасында қолдануға жол берілген жуғыш және дезинфекциялаушы құралдарды қолдану арқылы дымқыл жинау жұмысын жасауға жол берілуі тиіс.

4.3.9.5 Асептикалық кешен үй-жайларында келесі толассыздық сақталады: жуу бөлмесі – зарарсыздандыру ыдысы – ассистент бөлмесі (инъекциялық дәрілік түрлерін, көз тамшыларын және жаңа туған сәбилерге арналған дәрілік түрлерін дайындауға арналған) - шлюзі бар орап өлшеу - тегістеу - зарарсыздандырылған дәрілік түрлері. Осы үй-жайларды ауыстыратын терезелермен, есіктер арқылы байланыстыруға жол беріледі. Инъекциялық дәрілік түрлерін, көз тамшыларын және жаңа туылған сәбилерге арналған дәрілік түрлерін дайындау барысында ассистент бөлмесімен байланыстыру ауыстыратын терезе арқылы жүзеге асырылады.

4.3.9.6 Инъекцияға арналған ерітінді, көз тамшылары және жаңа туған сәбилерге арналған дәрілік құралдар қолдану тәсіліне байланысты стерильдік болуы тиіс, оларды өндіріс үй-жайынан шлюздермен бөлінген, жеке кіреберісі бар асептикалық блокта дайындайды. Басқа дәрілік түрлерді асептикалық блокта дайындауға жол берілмейді.

4.3.10 Балалар сүт асханалары, сүт асханаларын үлестіру пункттері

4.3.10.1 Балалар сүт асханалары орталықтандырылған дайындау және емшектегі және балдырған жасындағы балаларды жоғары сапалы сүт өнімімен және емдік тамақтану өнімімен жабдықтауға арналады.

4.3.10.2 Сүт асханасы үй-жайының жалпы тізіміне: тоңазыту камерасынан сүтті қабылдауға арналған үй-жай; құтылар жуу бөлмесі; сүтті сүзу және құюға арналған үй-жай; сүтті жылумен өңдеуге және сүт қоспаларын дайындауға арналған үй-жай; сүт қоспаларын салқындатуға арналған тоңазыту камерасы бар үй-жай; ұйытқыны дайындауға сақтауға арналған және термостат бөлімі бар айран цехы; сүзбе жасау цехы; коли-бактерин дайындауға арналған үй-жай; тоңазыту камерасы бар экспедиция; көкөністер мен жемістерді жууға арналған бөлігі бар жеміс және көкөніс қоспаларын дайындауға арналған үй-жай; керек-жарақтарды және асхана ыдысын жуу бөлмесі; кепкен өнімдер қоймасы; көкөністер қоймасы; материалдық бөлме қоймасы; шыны ыдыс қоймасы; тұрмыстық үй-жайлар, душ бөлмесі, санторапттар; қызметкердің, сүт асхана меңгерушісінің бөлмелері, бухгалтерия және басқалар.

4.3.10.3 Өндірістік және қосымша үй-жайларды қолдануға және пайдалануға қойылатын, балалар сүт асханасының үй-жайының құрамы мен аудандарына қойылатын талаптарды тағам өнімін өндіру бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес қабылдау керек.

4.3.10.4 Балалар сүт асханаларын жеке тұрған және жапсарлас ғимараттарға, балалар амбулаториялық-емханалық және жеке кіреберіс бар стационарлық ұйымдардың үй-жайларына орналастыруға жол беріледі. Әкімшілік және тұрғын ғимараттардың бірінші қабаттарына өнімділік қуаты тәулігіне 5 мың үлеске дейінгі балалар сүт асханаларын орналастыруға жол беріледі. Балалар сүт асханаларын ғимараттың жартылай жертөле және жертөле қабаттарына орналастыруға жол берілмейді.

4.3.10.5 Балалар сүт асханасын және сүт асханасының үлестіру пунктін біріктіруге жол беріледі.

4.3.11 Медициналық газдар, вакуум желісі және сығылған ауа құбырлары

4.3.11.1 Медициналық газдар

4.3.11.1.1 Бір ауысымда 1200 астам келушілер бар стоматологиялық емханаларда оттегіні және сығылған ауаны орталықтандырылған тарту қарастырылады.

4.3.11.1.2 Оттегімен жабдықтау орталық пункттерден немесе оттегі-газдандыру станцияларынан тұтынылатын оттегінің мөлшеріне және жергілікті жағдайларға (газ тәрізді немесе сұйық оттегінің болуы) байланысты жүзеге асырылады.

4.3.11.1.3 Оттегінің, азоттың шала тотығының, сығылған ауаның және вакуумның құбырлары жасырын (еденді дайындауда, штрабтарда және қабырғаны сылауда), сол сияқты ашық (қабырғалармен және арақабырғалармен), сонымен қатар тұтыну нүктелеріне орнатылатын арматура конструкциясын ескере отырып, декоративтік сәндеу арқылы жүргізіледі.

4.3.11.1.4 Емдік газбен жабдықтау кешеніне келесідей жүйелер кіреді:

- медициналық оттегімен (бұдан әрі - оттегі) жабдықтау;
- азоттың шала тотығымен жабдықтау;
- сығылған ауамен жабдықтау;
- көмірқышқыл газымен жабдықтау;
- вакууммен қамтамасыз ету.

Аталған жүйелер, әдеттегідей, орталықтандырылып жобалануы тиіс.

4.3.11.1.5 Азоттың шала тотығы қолданылатын емдеу-профилактикалық ұйымдардың үй-жайлары наркоз газын кетіру жүйелерімен жабдықталуы тиіс.

4.3.11.1.6 Емдік газдардың құбырларын жобаның технологиялық бөлігінде көрсетілген тұтыну нүктелеріне жүргізуді қарастыру керек.

4.3.11.1.7 Жобаның технологиялық бөлігінде осындай мәліметтер болмаған жағдайда, емдік газдарды жүргізуді жүзеге асыруға жол беріледі.

4.3.11.1.8 Оттегі құбырларын келесі үй-жайларда жүргізуді қарастыру керек:

- операциялық;
- наркоз;
- таңу;
- босандыру;
- реанимация залдары;
- барокамера үй-жайы;
- процедуралық ангиография кабинеттері, эндоскопия, бронхоскопия процедуралық бөлімдері;
- операциядан кейінгі палаталар;
- қарқынды терапия палаталары;
- босандыру алдындағы палаталар;
- психиатриялық бөлімдерден басқа барлық бөлімдердің бір және екі төсекті палаталары;
- кардиологиялық, күйік шалу бөлімдерінің палаталары;
- жүктілік патология бөлімінің палаталары – олардың жалпы санының 50 % төсек;

- гинекологиялық бөлімінің палаталары - олардың жалпы санының 25 % төсек;

- босанғаннан кейінгі физиологиялық және обсервация бөлімдерінің жаңа туған сәбилердің палаталары;

- шала туған балалардың палаталары – барлық төсектерге;

- босанғаннан кейінгі физиологиялық және обсервация бөлімдерінің палаталары – олардың жалпы санының 30 % төсек;

- балар ауруханасында: қарқынды терапия палаталары, реанимация залдары, емшектегі және жаңа туған сәбилер палаталары - олардың жалпы санының 40 % кішкентай балалар төсектері, қалған палаталар - олардың жалпы санының 15 % кішкене балалар төсектері.

Аталған мөлшеріне бір және екі төсекті (кішкене балалар төсектері) палаталардың төсектері (кішкене бала төсектері) кіреді.

4.3.11.1.9 Азоттың шала тотығының құбырларын келесі үй-жайларда жүргізуді қарастыру керек:

- ауруханалар мен емханалардың операциялық бөлімдері;

- эндоскопия процедуралық бөлімі;

- наркоз;

- реанимация залдары;

- балаларға арналған реанимация залдары;

- босандыру;

- операциядан кейінгі палаталар;

- қарқынды терапия палаталары;

- босандыру алдындағы палаталар;

- күйік шалу бөлімдерінің палаталары- барлық төсектер;

- емшектегі және жаңа туған сәбилер палаталары (оның ішінде жарақаттанған және шала туғандар) - олардың жалпы санының 40 % кішкене балалар төсектері.

4.3.11.1.10 Вакуум желісін келесі үй-жайларда жүргізуді қарастыру керек:

- операциялық, наркоз;

- реанимация залдары;

- босандыру;

- таңу және процедуралық;

- операциядан кейінгі палаталар;

- қарқынды терапия палаталары;

- күйік шалған науқастардың палаталары;

- жаңа туған және шала туған сәбилер палаталары.

4.3.11.1.11 Көмірқышқыл газының құбырларын ванна залдарына жүргізу қарастырылады.

4.3.11.1.12 Сығылған ауа құбырларын үй-жайларға, сонымен қатар зертханаларға, ингаляторияға, ванна залдарына, наркоз газын шығару жүйелері қарастырылған үй-жайларға, хирургиялық пневмоқұралдар қолданылатын үй-жайларға жүргізуді қарастыру керек.

4.3.11.1.13 Сығылған ауа құбырларын палаталарға жүргізуді, егер осы жобаның технологиялық бөлігінде қарастырылған болса ғана орындау керек.

4.3.11.1.14 Емдік газбен жабдықтау жүйелерін орнату кезінде үй-жайларды ішкі әрлеуге арналған материалдарды қолдану санитарлық қадағалау органдары рұқсат бергендер қатарынан болуы тиіс.

4.3.11.1.15 Палата және емдеу корпустарындағы емдік газдардың құбырларына әрбір қабатқа бақылау блоктарын орнатуды қарастыру керек.

4.3.11.1.16 Бақылау блоктарына ажырату шүмектері және манометрлер, сонымен қатар емдік газдарды уақытша беретін апатты жүйе, кіріктірілген визуалдық және дыбыстық дабыл орнатылуы тиіс. Медициналық газбен жабдықтау жүйесінің жабдығының жұмысындағы ақаулық туралы жарық және дыбыстық сигналдар қызметкер тұрақты болатын үй-жайдағы пультке шығуы тиіс. Бақылау блоктарынан емдік газдардың құбырлары тұтыну көздеріне жүргізілуі тиіс.

4.3.11.1.17 Тұтыну көздеріндегі емдік газдардың шығыны, ұзақтығы және оларды қолданудың бір уақыттық коэффициенттері қолданылатын медициналық жабдыққа және оның жұмысының бір уақыттылығына байланысты берілген жобаның технологиялық бөлігіндегі нұсқауларға сәйкес қабылдануы тиіс.

4.3.11.1.18 Наркоз газын шығару аппаратын қосу орнындағы сығылған ауаның шығыны 40 л/сағ. құрайды.

4.3.11.1.19 Хирургиялық пневмоқұралдардың жұмысы үшін сығылған ауаның шығыны бір тұтыну көзіне 350 л/мин тең болып қабылдануы тиіс.

4.3.11.1.20 Емдік газдардың қысымы және тұтыну көздеріндегі одан жол берілген ауытқушылығы 9-кесте бойынша қабылдануы тиіс.

9-кесте – Емдік газдардың қысымы және жол берілген ауытқушылық

Килопаскальмен есептегенде

Газдың атауы	Газ қысымы	Рұқсат етілген ауытқу
Оттегі, азоттың шала тотығы, көмірқышқыл газы, емдік мақсаттағы сығылған ауа	500*	минус 100
Хирургиялық пневмоқұралдардың жұмысына арналған сығылған ауа	800*	плюс 200
Вакуум	кемінде 40**	-

* Артық.

** Абсолюттік.

4.3.11.2 Оттегімен орталықтандырылған жабдықтау жүйесі және оттегімен жабдықтау көздері

4.3.11.2.1 Орталықтандырылған оттегімен жабдықтау жүйесі келесі элементтерден тұрады:

а) оттегімен жабдықтау көзі;

б) оттегі құбырларының сыртқы желісі;

в) ішкі жүйелер.

4.3.11.2.2 Оттегі көздеріне:

- оттегі-газдандыру станциясы;

- оттегі пунктінде немесе арнайы шкафтарға орнатылған газ қысымы 15 МПа 40-литрлік балондар негіз болады.

4.3.11.2.3 Оттегі көзін таңдау туралы шешім тұтынылатын оттегінің мөлшеріне, сонымен қатар объектіге сұйық немесе газ тәрізді оттегіні жеткізу мүмкіндігіне байланысты қабылдануы тиіс. Оттегі көздері емдік газбен жабдықтау жүйелерінің жобалау тапсырмасында көрсетілуі тиіс.

4.3.11.2.4 Қолданылған және толтырылған балондарды сақтауды жеке қарастыру керек.

4.3.11.2.5 Оттегі желісіне орнатылған сүзгі өлшемдері 50 мкм және одан жоғары өлшенген оттегіні тазалауды қамтамасыз етуі тиіс.

4.3.11.2.6 Балондар тігінен орнатылуы және балондардың құлап қалуын қорғайтын түгендеу аспаптарымен бекітілуі тиіс.

4.3.11.2.7 Оттегі балондары бар үй-жайлардағы ауа температурасы кемінде 10 °С болуы тиіс.

4.3.11.2.8 Оттегі-газдандыру станциясы шатыр астында ашық алаңда орналасуы тиіс.

4.3.11.2.9 Оттегі-газдандыру станциясының жабдығы орналасқан аумақта рұқсатсыз қатынау үшін жабық аумақты белгілейтін қоршау болуы тиіс.

4.3.11.2.10 Қоршау жанбайтын материалдардан жасалуы тиіс.

4.3.11.2.11 Оттегі-газдандыру станциясының криогенді ыдыстарындағы оттегі қоры емдеу-профилактикалық ұйымның жұмысын кемінде 5 тәулік қамтамасыз етуі тиіс.

4.3.11.2.12 Орталық оттегі пункті бір қабатты жапсарлас үй-жайлардағы немесе жеке тұрған ғимараттардағы қабырға жанындағы жанбайтын шкафтарға орналастырылуы мүмкін.

4.3.11.2.13 Қабырға жанындағы жанбайтын шкафтарға және бір қабатты жапсарлас үй-жайларға газ қысымы 150 атм гидравликалық сыйымдылығы 40 литр балондардың 10 астамы орналастырылады.

4.3.11.2.14 Қабырға жанындағы шкафтар жер деңгейінен 1,2 м белгісі бар алаңдарға орналастырылады.

4.3.11.2.15 10 данадан астам баллондар саны кезінде немесе газ қысымы 150 атм сыйымдылығы 200 және 400 л гидравликалық реципиенттер болғанда, олар жылытылатын (ішкі темпераатурасы 10°С төмен емес) жеке тұрған ғимаратқа орналастырылады. Ғимараттың қабылдау алаңы және едені жер деңгейінен 1,2 м белгіде орналасады.

4.3.11.2.16 Баллондар контейнерлерге 8 данадан немесе сақтауға арналған клеткаларда 20 данадан орналастырылады.

4.3.11.3.17 Ғимаратқа реципиенттер мен балондарды бір уақытта орналастыру нұсқасы мүмкін.

4.3.11.2.18 Оттегіні сыртқы желіге беру оттегі бар балондар немесе реципиенттерді орнату кезінде басқару торабы үшін рампалардан жүзеге асырылады.

4.3.11.2.19 Оттегі балондары бар рампалардың немесе реципиенттердің екі тобы орнатылады, біреуі жұмысшы, екіншісі резервті. Орталық оттегі пункті балондарды түсіру және орналастыру үшін механикаландыру құралдарымен жабдықталады.

4.3.11.2.20 Балонның әрбір тобында ғимарат шегінен тыс шығарылатын үрлеу желісі болуы тиіс.

4.3.11.2.21 Орталық оттегі пункттері және оттегі-газдандыру станциялары ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 25 м арақашықтықта орналасады.

4.3.11.2.22 Оттегі-газдандыру станциясын ашық алаңға немесе жеке тұрған ғимаратқа орналастыру керек. Ашық алаңға орналастыру кезінде станция үстіне шатырды орнатуға жол беріледі.

4.3.11.2.23 Оттегі-газдандыру станцияларына орналастырылған алаңдарда және газификаторға сұйық оттегі толтыру үшін криогендік сыйымдылықтағы көлік құралы орналастырылатын кірме жол бөлігінде бетоннан немесе басқа жанбайтын материалдардан жасалған тұтас жабын болуы тиіс.

4.3.11.2.24 Алаң шекараларына арналарды, орларды, шұңқырларды, құдықтарды және басқа жерасты құрылыстарын орнатуға жол берілмейді.

4.3.11.2.25 Оттегі-газдандыру станциясының аумағына рұқсатсыз қатынауды болдырмау үшін жанбайтын материалдардан жасалған қоршауларды қарастыру керек. Оттегі-газдандыру станцияларын ашық алаңға орнату кезінде бақылау-өлшеу жабдығы атмосфералық жауын-шашындардың әсерінен қорғалуы тиіс.

4.3.11.2.26 Оттегі құбырларын белгіленген тәртіпте қолдануға рұқсат етілген медициналық газдар мен вакуумға арналған жіксіз дөңгелек мыс құбырларынан жасау керек. Құбырлардың әрбір партиясы арнайы медициналық құбырларды өндіруге берілген нормаларына сәйкестік сертификатымен бірге жүруі тиіс.

4.3.11.2.27 Әрбір оттегі-үлестіру торабы бойынша кемінде екі тәуелсіз сыртқы оттегі құбыры жүргізілуі тиіс.

4.3.11.3 Оттегі құбырларының сыртқы желілері

4.3.11.3.1 Оттегімен жабдықтау көздерінен оттегі құбырларының сыртқы желілері бойынша тұтынушы ғимаратына тасымалданады (10 және 11-кестелер).

10-кесте – Жерасты оттегі құбырларынан ғимараттарға, құрылыстарға және параллель орналасқан коммуникацияларға дейінгі көлденеңінен (көрінетін) ең аз арақашықтық

Метрмен есептегенде

Атауы	Оттегі құбырларына дейінгі арақашықтық
Қоғамдық және өндірістік ғимараттар, өтетін және өтпейтін тоннельдер – қабырғаларға дейін	3
Автожолдар	2,5

10-кестенің жалғасы

Метрмен есептегенде

Атауы	Оттегі құбырларына дейінгі арақашықтық
Электр кабельдер және байланыс кабельдері	1
Су құбыры	1,5
Канализация, дренаж, суағарлар	2
Жылу желілері – сыртқы қабырғаға дейін	2
Жанғыш газ құбыры	1
Ағаш діңіне дейінгі ағаш көшеттері	1,5

4.3.11.3.4 Жерасты оттегі құбырларын автомобиль жолдары, өтетін жолдар және басқа инженерлік құрылыстар қиып өткен кезде қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес қысымы жоқ құбырлар үшін асбоцементті құбырлардан жасалған қаптар қарастыру ұсынылады.

4.3.11.3.5 Бұл жағдайда қаптың ішкі диаметрі құбырдың сыртқы диаметрінен 100 бастап 200 дейін болуы тиіс. Қаптардың шеттері қиылыс шектерінен әрбір жаққа кемінде 0,5 м шығады.

4.3.11.3.6 Оттегі құбырларының сыртқы желілеріндегі газдың қысымы 16 кгс/см^2 дейін, ал қозғалыс жылдамдығы 50 м/с қабылданады.

4.3.11.3.7 Жерүсті оттегі құбырын ғимарат қасбеті бойынша жүргізуге жол беріледі.

4.3.11.3.8 Жерасты оттегі құбырларына арматураны орнатуды, камералар мен құдықтарды орнатуға тыйым салынады.

4.3.11.3.9 Оттегі құбырларын ашық орларға, науаларға, сонымен қатар ғимараттар мен құрылыстардың астындағы жертөлелерге және еден астыларына төсеуге жол берілмейді.

4.3.11.3.10 Барокамераларды оттегімен қамтамасыз ету жеке құбырмен жүргізілуі тиіс.

11-кесте – Құрылыстардың инженерлік желілерін басып өткен кездегі оттегі құбырларының тігінен (көрінетін) ең аз арақашықтығы

Метрмен

Атауы	Оттегі құбырына дейінгі арақашықтық
Әртүрлі мақсаттағы құбырлар	0,2
Күштік және бақылау (электр кабельдер, байланыс кабельдері*)	0,5
Байланыс кабельдері	0,15

11-кестенің жалғасы

Метрмен

Атауы	Оттегі құбырына дейінгі арақашықтық
Жерасты арналары, әртүрлі мақсаттағы тоннельдер – сыртқы шетінен	0,15

*) оттегі құбырын басып өту учаскесіне төсеген жағдайда және қаптағы әрбір жағына 2 м арақашықтыққа азайтуға жол беріледі;

- күштік және бақылау кабельдері үшін – 0,25 м дейін;
- байланыс кабельдері үшін – 0,15 м.

Ордың түбі бойынша енін Д + 0,3 м тең, бірақ кемінде 0,7 м белгілеу керек, мұнда Д – құбырдың сыртқы диаметрі.

Оттегі құбырларын ашық орларға, науаларға, тоннельдерге және арналарға, сонымен қатар ғимараттар мен құрылыстардың астына төсеуге жол берілмейді.

Орларға төселетін жерасты оттегі құбырлары қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес адасқан токтармен туындайтын коррозиядан қорғалады. «Коррозиядан және ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Жерүсті құрылыстары. Жалпы техникалық талаптар». Оттегі құбырларына арналған қорғаныш осы алаңдағы барлық инженерлік желілерді қорғау орындалған жағдайда орындалады.

Монтаждау үшін жеткізілетін құбырларда, жабу арматурасында, жабдықта, фасонды бөліктерде, дәнекерлеу және оқшаулар материалдарында сертификаттар немесе дайындаушы зауыттың паспорты немесе олардың қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкестігін куәландыратын сертификаттар көшірмелері бар анықтамалар болуы тиіс.

4.3.11.4 Ішкі жүйелер

4.3.11.4.1 Оттегі ішкі жүйеге 1-ші және одан жоғары орналасқан қабаттардағы ең көп тұтынылатын орындарды ескере отырып орналасатын жеке үй-жайға орналастырылатын оттегі блогы немесе басқару торабы арқылы (жоба ұйымының сызбалары бойынша дайындалады) сыртқы желілерден келеді. Оттегі блогын және басқару торабын қабырғаға монтаждау керек. Оттегі блогында конструкциясында редуктор жоқ, сондықтан қысымды реттеу үшін оттегі блогының алдына берілетін құбырларға редукторлар орнатылады. Басқару торабы конструкциясында редуктор қарастырылады. Жұмыс қысымы 4,5 кгс/см^2 болғанда оттегі блогының өткізу қабілеттігі – кемінде 20 м^3/ч. Бір фазалы айнымалы тоқ желісінен блокты электр қоректендіру, кернеуі 220 В.

4.3.11.4.2 Оттегі-үлестіру торабы әдеттегідей, жеке үй-жайда жүктеу ортасында орналасуы тиіс. Емдеу-профилактикалық мекемелері ғимаратының сәулеттік-жоспарлау шешіміне, сонымен қатар оттегіні тұтыну көлеміне байланысты ғимаратқа бірнеше оттегі-үлестіру тораптарын орнатуға жол беріледі.

4.3.11.4.3 Блок тұтынатын қуат 300 ВА аспайды. Оттегі блогы балондар бар бір рампадан екіншісіне автоматты түрде ауыстыруды жүзеге асырады. Басқару торабының өткізгіш қабілеттігі торап монтаждалатын құбырлар және арматура қимасымен анықталады.

4.3.11.4.4 Емдеу-профилактикалық мекемеде оттегіні тұтынуға және сәулеттік-жоспарлау шешімінің ерекшеліктеріне байланысты бірнеше оттегі блоктыра немесе басқару тораптары орнатылуы мүмкін.

4.3.11.4.5 Оттегі блогының және басқару торабының жұмысы кезекші медбикелердің посттарына операция алдындағы немесе наркоз бөлмелерінде Ч.П. деңгейінен 1,7 м биіктікте орнатылатын қайталама сигнализация панеліне сигналды шығару арқылы жарық сигнализациясымен бақыланады.

4.3.11.4.6 Оттегі блогы және қайталама сигнализацияның панелі «Оттегіні, азоттың шала тотығын және вакуумды орталықтандырылған беруге арналған жабдықтар жиынтығына» кіреді.

4.3.11.4.7 Рампаға гидравликалық сыйымдылығы 40 л және қысымы 150 кгс/см^2 алты баллон орнатылады (екі тобы үш баллоннан, бір топтан екінші топқа қолмен ауыстырып қосқыш арқылы).

4.3.11.4.8 Оттегі блогынан, басқару торабынан немесе КСС-2 оттегі ішкі ажыратқыш құбырлары бойынша тұтыну нүктелеріне беріледі, мұнда тиісті арматура немесе жабдық орнатылады.

4.3.11.4.9 Құбырдың өлшемін $Д_{вн}$ келесідей формула бойынша есептеу ұсынылады:

$$Д_{вн}=\sqrt{\frac{4GU}{3600}}=\sqrt{\frac{4Y}{3600}}=0{,}0188\sqrt{\frac{Y}{W}}\ \text{м}, \qquad (1)$$

$$\text{немесе } Д_{вн}=18{,}8\sqrt{\frac{Y}{W}}\ \text{мм},$$

мұнда G – ағып жатқан ортаның салмақтық шығыны, кг/сағ.;

Y – ағып жатқан ортаның көлемдік шығыны, м^3/сағ.;

U – ағып жатқан ортаның меншікті көлемі, м^3/кг;

W – ағып жатқан ортаның жылдамдығы, м/с.

4.3.11.4.10 Құбырдағы қысым кезіндегі оттегінің (тоттануға-төзімді болаттан немесе мыс және мыс негізіндегі қорытпалардан жасалған) 16 кгс/см^2 дейінгі жылдамдығы 50 м/с дейінгі жылдамдыққа жол беріледі.

4.3.11.4.11 Еденнен 1200 м биіктіктегі қабырғадағы медициналық газдарды тұтыну орындарына консольдің шығын клапандары (қосымша функциялары бар шығын клапандары бір панельге топтастырылған) немесе бір панельге топтастырылған вакуум реттегіштер орналастырылады.

4.3.11.4.12 Жоспардағы панельдер үйлесімін операциялық және реанимациялық операциялық үстел шетжағындағы залдар үй-жайларында технологтар анықтайды.

4.3.11.4.13 Құбырларды операциялық үстелге жеткізу еденге жасырын швеллерде орындалады.

4.3.11.4.14 Ішкі жүйелердің құбырларындағы оттегінің қысымы 2 бастап 7,5 кгс/см^2 дейін қабылданады. Құбырлар «2Т» маркалы мыс құбырлардан жасалады.

4.3.11.4.15 Оттегі құбырларына тек оттегі үшін арнайы арналған арматураны орнату керек (жез, қола, тот баспайтын болат, футерленген).

4.3.11.4.16 Оттегінің (ішкі жүйе), азоттың шала тотығының, көмірқышқыл газының және вакуумның орталықтандырылған жүйелерін мыс құбырлардан монтаждау қарастырылады.

Арматураны «төмен қарай» шпиндельмен орнату ұсынылмайды.

4.3.11.4.17 Құбырларды ашық жүргізген кезде оларды есік ойығы мен төбе немесе жалғамалы төбе арасындағы қабырғалар бойынша, ал түсіргеннен кейін плинтустың үстіне еденнің жанымен монтаждау керек.

4.3.11.4.18 Құбырларды қабырғаға қамыттармен бекітуге болады.

Құбырларды бекіту:

- 1,5 м дейін 1 арқылы тік учаскелер,
- 1,0 м дейін 0,75 арқылы көлденең учаскелерде жүргізіледі.

4.3.11.4.19 Аражабын, қабырға және аражабындар арқылы өту жолдарында құбырлар су-газ құбырларынан жасалған қорғаныш қаптарға (гильзалар) салынады. Құбыр мен қап арасындағы кеңістік асбестік шнурмен бітеледі.

4.3.11.4.20 Қаптың (гильзаның) шеттерін қабырғалардың, арақабырғалардың және төбелердің бетімен бір деңгейде және үй-жайдың таза едені деңгейінен 50 мм жоғары орналастыру керек.

4.3.11.4.21 Барлық құбырлар монтаждалғаннан кейін беріктігі және герметикалығы пневматикалық түрде сыналуы тиіс. Сынау қысымының шамасы келесі түрде қабылданады:

а) беріктігі 1,25Р (Р – жұмыс қысымы 4,5 кгс/см^2);

б) герметикалығы жұмыс қысымына сәйкес болуы тиіс.

Оттегі құбырлары көгілдір түске боялады.

4.3.11.5 Майсыздандыру

4.3.11.5.1 Барлық оттегі құбырлары және оларға орнатылған арматура қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес майсыздандырылуы тиіс. Оттегі құбырларын майсыздандыруды Ж.32-кестеге сәйкес сулы жуу ерітінділермен орындау ұсынылады.

4.3.11.5.2 Ерітінділерді дайындау үшін қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес ауыз су қолданылады.

Суды айналма сумен жабдықтау жүйелерінен қолдануға жол берілмейді.

4.3.11.5.3 0,5 м ұзындықта құбыр ұштарының сыртқы беті жуғыш ерітіндіге дымқылданған майлықтармен сүртіліп, кейін ашық ауада кептіру арқылы майсыздандырылады.

4.3.11.5.4 Құбырлардың ішкі беттері кемінде 30 минут ішінде келесі тәсілмен майсыздандырылады:

а) Жуғыш ерітінділерді құю арқылы. Құбырлардың ұштарына технологиялық тығындар орнатылады, тиісті штуцер арқылы тығынға жуғыш құралды құяды, содан кейін штуцерді жабады, ал жуғыш ерітіндімен барлық ішкі бетін жуу үшін құбырларды 3-4 рет жүйелі түрде аударады.

б) Жуғыш құралы бар ваннаға батыру арқылы.

в) Бұйым көлемінен кем емес мөлшерде жуғыш ерітіндіні айналдыру арқылы.

4.3.11.5.5 Құбырлар монтаждауды бастағанға дейін ұштары ағаш тығындармен жабылады (оларды кейінгі ластанулардан қорғау үшін).

4.3.11.5.6 Арматураны бөлшектелінген күйінде жуғыш ерітінділермен майын кетіреді. Егер м арматураның майы дайындаушы зауытта тазартылып (ілеспе құжатпен немесе сәйкесінше таңбалаумен расталуы тиіс) және қаптамасы бұзылмаған болса, монтаждау алдында оның майын кетірудің қажеті жоқ. Жуғыш құралдармен майын кетіруді ыстық сумен (60 °С бастап 80 °С дейін) аралық және соңғы жуу арқылы екі еселі жүргізеді.

4.3.11.5.7 Егер жуғыш ерітіндідегі майдың құрамы бақылау майын кетіруден кейін бастапқы құрамымен салыстырғанда көп дегенде 20 мг/дм^3 ұлғайса, екінші рет майын кетіру талап етілмейді.

4.3.11.5.8 Толтыру, батыру немесе жуғыш ерітіндінің айналым уақыты 2 сағаттан аспауы тиіс.

4.3.11.5.9 Бір метр құбырдың ішкі бетінің бір рет майын кетіру үшін қажетті жуғыш ерітіндінің болжамды шығыны келесідей формуламен есептеледі:

$$Q = 0,06 Д, \qquad (2)$$

мұнда Q – еріткіш шығыны, 1 м құбырға дм^3;

Д – құбырдың ішкі диаметрі, см.

4.3.11.5.10 Майсыздандыруды жүргізу актімен расталуы тиіс. Майсыздандыру бойынша барлық жұмыстарды дайындауды және жүргізуді жауапты тұлға басқаруы тиіс. Жеке құбырлар, сол сияқты монтаждалған құбырлар учаскелері де майсыздандырылуы мүмкін.

4.3.11.5.11 Жеке құбырлардың немесе құбырлар учаскелерінің монтаждалған (майсыздандырылған) жүйесін құрамында майы немесе азоты жоқ ауамен үрлейді, ал пайдалануға қосар алдында атмосфераға шығару арқылы оттегімен үрлейді.

4.3.11.6 Азоттың шала тотығын орталықтандырылған жабдықтау жүйесі

4.3.11.6.1 Емдеу-профилактикалық мекемелерде медициналық азоттың шала тотығы (сұйытылған газ) қолданылады.

4.3.11.6.2 Азоттың шала тотығымен жабдықтау азоттың шала тотығы бар 10 литрлік үш баллон үшін рампаның екі тобымен жүзеге асырылады (біреуі – жұмыс, екіншісі – резервтік). Азоттың шала тотығы бар үш балонға арналған рампалар жертөледен басқа ғимараттың кез келген қабатына терезе ойықтары бар үй-жайларға орналастырылады (мүмкіндігінше ең көп тұтынылатын орынға жақындау).

4.3.11.6.3 Балондағы газ қысымы 60 кгс/см^2. Бір балоннан азоттың газ тәрізді шала тотығының шығуы 3000 литрді құрайды. Азоттың шала тотығы бар үш балонға арналған рампалар оттегі блоктары немесе басқару тораптары орналасқан сол үй-жайға орнатылады. Азоттың шала тотығы балондардан азоттың шала тотығы блогы немесе басқару торабы арқылы құбырлар бойынша тұтыну нүктелеріне беріледі. Азоттың шала

тотығына арналған жабдықты және құбырлар жүйесін монтаждау оттегіге арналған жабдықты және құбыр жүйелерін монтаждауға ұқсас. Азоттың шала тотығы құбырларындағы қысым 0,5 бастап 4,5 кгс/см^2 дейін қабылданады. Құбырлар қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес «Т» маркалы мыс құбырлардан жасалады. Жалғау, төсеу және сынау оттегі құбырларына ұқсас. Азоттың шала тотығы құбырлары сұр түске боялады.

4.3.11.6.4 Азоттың шала тотығы бар балондар орнатылған үй-жайда үш еселік ауа алмасуды қарастыру керек.

4.3.11.7 Вакууммен орталықтандырылған қамтамасыз ету жүйесі

4.3.11.7.1 Тұтынушыларды вакууммен қамтамасыз ету үшін екінші дәрежелі үй-жайлар астындағы (вестибюль, киім сақтайтын орын, киімді сақтау және т. б., яғни адамдар тұрақты келмейтін үй-жайлар) жертөле немесе астыңғы қабат үй-жайларына орнатылған вакуумды қондырғылар немесе вакуум сорғылары қарастырылады. Егер вакуумды сорғылар үй-жайындағы шуылдың деңгейі жол берілген шектен асатын болса, онда шектескен үй-жайларға шудың кіруін ескертетін шаралар қарастырылады.

4.3.11.7.2 Жүйе вакуумды қондырғыдан немесе вакуумды сорғыдан және құбырлар желісінен тұрады.

4.3.11.7.3 Сору жылдамдығының технологиялық мәліметтері болмаған жағдайда, вакуум жүйесін есептеу үшін (вакуумға арналған жабу клапандары арқылы) бір нүктеге 0,5 л/с (Р = 760 мм п.ст. болғанда) қабылдау ұсынылады.

4.3.11.7.4 Бір уақыттық коэффициенті тұтыну режиміне байланысты технологтардың келісімі бойынша қабылданады. Мысалы, операция, қарқынды терапия палаталары, реанимация залдары, операциядан кейінгі палаталар және босандыру бөлімі – 0,7; наркоз, таңу және жаңа туған сәбилерге арналған палаталар– 0,3.

4.3.11.7.5 Вакуум сорғысын таңдау үшін тікелей вакуум сорғысының алдындағы жүйеде айдау жылдамдығы анықталады:

$$H = \frac{Q}{Pн} \text{ л/с} \qquad (3)$$

мұнда Q – айдау өнімділігі, л. мм. п.ст/с;

Рн – вакуум сорғысы алдындағы қысымы, мм п.ст.

$$К \times П \times Q = S \quad Р \text{ л. Мм п.ст/с}, \qquad (4)$$

мұнда S – бір нүктеден сору жылдамдығы, л/с;

П – сору нүктелерінің саны;

К – бір уақыттық коэффициенті;

Р – атмосфералық қысым (760 мм п.ст.).

$$Рп = Рт – Рд, \qquad (5)$$

мұнда Рт – сору нүктесінің алдындағы қысымы, мм п.ст. (жүйедегі минус токты ажырату атмосфералыққа тең).

4.3.11.7.6 Мысалы, егер жүйедегі токты ажырату (технологтар береді) 400 мм п.ст. құрайтын болса, онда сору нүктесінің алдындағы қысым – 360 мм п.ст.

Рд - 15 – жүйедегі қысымның болжамдық шығыны (30 мм п.ст.).

4.3.11.7.7 Вакуумды құру көзі ретінде жүйедегі айдау жылдамдығына байланысты қолдануға вакуум қондырғылары немесе су сақиналы вакуум-сорғылар ұсынылуы мүмкін.

4.3.11.7.8 Вакуум қондырғысы вакуум сорғыларының блогынан және екі ресиверстерден тұрады. Вакуум сорғыларының блогы дәнекерленген конструкцияны ұсынады, оған екі вакуум сорғы маркасы; сусақиналы вакуум-сорғылар орнатылған. Вакуум қондырғылары және вакуум сорғылары екінші дәрежелі үй-жайлар астындағы (вестибюль, киім сақтайтын орын, киімді сақтау және т. б.) жертөле немесе астыңғы қабат үй-жайларына орналастырылады. Вакуум сорғыларынан шығатын шуылдың деңгейі 85 дБА аспауы үшін, сорылатын ауаның шығарындысын ғимарат шектерінен тыс орындау керек.

4.3.11.7.9 Құбырлар қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес «Т» маркалы мыс құбырлардан жасалады. Құбырларды оттегі құбырларына ұқсас дәнекерлеу арқылы жалғау керек.

4.3.11.7.10 Вакуум құбырлары жертөледе төбе астына ашық жүргізіледі, ал қабаттар бойынша жасырын жүргізуге болады (оның ішінде еденді дайындауда).

4.3.11.7.11 Вакуум құбырларына тек арнайы мақсаттағы арматура орнатылады. Монтаждалған вакуум құбырлары пневматикалық сынаулардан басқа вакууммен сынауға ұшырауы тиіс.

4.3.11.7.12 Вакуумды 400 мм п.ст. жасағаннан кейін вакуумды құбыр вакуумды қондырғыдан ажыратылады, содан кейін екі сағат ішінде вакуумның түсуі 10 % аспауы тиіс. Вакуум құбырлары сары түске боялады.

4.3.11.8 Сығылған ауамен орталықтандырылған жабдықтау жүйесі

4.3.11.8.1 Жүйе компрессор қондырғысынан, тазалау, кептіру және сығылған ауаны жинау құрылғыларынан (құрылғыларды таңдау компрессор және технологиялық тұтынушылар түріне байланысты), құбырлар желілерінен және технологиялық тұтынушылардан тұруы мүмкін.

4.3.11.8.2 Жүйелердегі сығылған ауа қысымы жабдықтың – тұтынушының техникалық сипаттамалары бойынша қабылданады. Сығылған ауа шығыны келесідей формула бойынша анықталады:

$$К \cdot П \cdot Q = S \ м^3/ч, \qquad (6)$$

мұнда S – бір тұтыну нүктесіндегі сығылған ауаның шығыны, $м^3/ч$;

П – тұтыну нүктелерінің саны;

К – бір уақыттық коэффициенті.

4.3.11.8.3 Ауаның есептік шығынын анықтау барысында өнімсіз шығындар: аппаратураның қалыпты тозуы, тұтынылатын сығылған ауа шығынының 10 % бастап 15 % дейінгі мөлшерде арматурадағы және жалғанған шлангтердегі ауаның шығуы ескеріледі.

4.3.11.8.4 Сығылған ауа көзі ретінде өзінің өнімділігі және қысымы бойынша технологиялық талаптарға жауап беретін сериялық зауыт дайындайтын компрессорлар қолданылуы мүмкін тиісті тазалау, кептіру және талап етілсе, сығылған ауаны салқындату сығылған ауа қолданылатын технологиялық процеске байланысты жүргізіледі.

4.3.11.8.5 Ресиверді орнатуды емдеу-профилактикалық мекемелерінің ғимараттары шектерінен тыс қарастыру қажет.

4.3.11.8.6 Ресивер қабырғасының температурасы 55 °С аспауы тиіс. Одан жоғары температурада ресивер беті оқшауланууы тиіс. Бұл жағдайда оқшаулау бетіндегі температура 55 °С аспауы тиіс.

4.3.11.8.7 Емдік мақсаттар үшін және хирургиялық пневмоқұралдардың жұмысы үшін сығылған ауа беру кезінде екі компрессор орнатылуы тиіс.

4.3.11.8.8 Тек ванна залдары үшін сығылған ауаның берілуін қамтамасыз ететін бір компрессорды орнатуды қарастыруға жол беріледі.

4.3.11.8.9 Емдік мақсаттар үшін және хирургиялық пневмоқұралдардың жұмысы үшін сығылған ауаның қысымы 9-кесте бойынша қабылдануы тиіс.

4.3.11.8.10 Ванна залдарына және зертханаға берілетін сығылған ауаның қысымы жобаның технологиялық бөліміне сәйкес қабылдануы тиіс.

4.3.11.8.11 Сығылған ауамен жабдықтау көзі орнатылған үй-жайдағы ауаның температурасы кемінде 10 °С болуы тиіс.

4.3.11.8.12 Аталаған үй-жайда сонымен қатар бір рет ауа алмастыруды қарастыру қажет.

4.3.11.8.13 Компрессордың жұмысы үшін қажетті ауаның берілуін қосымша қарау керек.

4.3.11.8.14 Сығылған ауа берілетін құбырда келесілер орнатылуы тиіс:

- сығылған ауадағы су буларының құрамын бақылау датчигі;
- жалпы тазалау сүзгісі;
- бактерицидтік сүзгісі;
- таңдамалы тазалау сүзгісі.

4.3.11.8.15 Емдік мақсаттар үшін қолданылатын сығылған ауа тұтыну нүктелерінде келесідей талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- май құрамы 0,1 артық емес, мг/м^3;
- су буының құрамы 67 артық емес, мл/ м^3;
- O_2 құрамы, 20,4 % бастап 21,4 % дейін, %;
- CO құрамы, 5 артық емес, мл/ м^3;
- CO_2 құрамы, 500 артық емес, мл/ м^3;
- SO_2 құрамы, 1 артық емес, мл/ м^3;
- $NO + NO_2$ құрамы, 2 артық емес, мл/ м^3.

4.3.11.8.16 Хирургиялық пневмоқұралдардың жұмысы үшін қолданылатын сығылған ауа тұтыну нүктелерінде келесідей талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- май құрамы 0,1 артық емес, мг/м^3;

- су буының құрамы 67 артық емес, мл/м^3.

4.3.11.8.17 Ингаляторияға және ванна залдарына сығылған ауаны беру үшін тот баспайтын болаттан жасалған құбырлар, ал зертханаға беру үшін болат су-газ құбырлы мырышталған құбырлар қарастырылады.

4.3.11.8.18 Сығылған ауа құбырлары жертөледе төбе астына ашық жүргізіледі, ал қабаттарға жасырын жүргізуге болады (оның ішінде еденді дайындауда).

4.3.11.8.19 Сығылған ауа құбырларын сынауды ішкі жүйелерге арналған оттегі құбырларына ұқсас жүргізу керек. Әдеттегідей, құбырларды дәнекерлеу арқылы жалғау керек.

4.3.11.8.20 Сығылған ауа құбырлары ақ түсті дөңгелектері бар қара түске боялады.

4.3.11.9 Көмірқышқыл газымен орталықтандырылған жабдықтау жүйесі

4.3.11.9.1 Көмірқышқыл газымен жабдықтау шкафтың бітеу қабырғасына жанамалай орналастырылған көмірқышқыл газды 40 литрлік баллондармен жүзеге асады. Құбырлар қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес «Т» маркалы мыс құбырлардан жасалады. Құбырларды монтаждау, жалғау және сынау оттегі құбырларына ұқсас. Көмірқышқыл газды құбырлар сары түсті дөңгелектер бар қара түске боялады.

4.3.11.9.2 Көмірқышқыл газды балондарды жеке үй-жайға орнатуға жол беріледі, сондай-ақ балондарды оттегі-үлестіру торабының үй-жайына орнату қарастырылады.

4.3.11.9.3 Балондарды түсіру рампасы деңгейіндегі ғимараттың сыртына орнатылатын жеке үй-жайға немесе металл шкафқа сақтауды қарастыру қажет.

4.3.11.10 Наркоз газын кетіру және емдік газдарды үлестіру жүйесі

4.3.11.10.1 Наркоз газын кетіру жүйесіне мыс құбырлардан жасалған, қысымы кемінде 500 кПа сығылған ауа құбыры жүргізілуі тиіс.

4.3.11.10.2 Наркоз газын кетіру құбыры диаметрі 20 мм мыс құбырлардан жасалады және үй-жай шектерінен тыс сыртқы қабырға арқылы шығарылуы тиіс. Шығару құбыры жер деңгейінен кемінде 2 м биіктікке шығарылуы тиіс.

4.3.11.10.3 Жобаларда шығару құбырына атмосфералық жауын-шашынның және бөгде заттардың түсуінің алдын алатын техникалық шешімдерді қарастыру қажет.

4.3.11.10.4 Емдеу мекемелерінің ғимарат үй-жайларында емдік газдардың құбырлары газ розеткаларына жүргізілуі тиіс.

4.3.11.10.5 Емдеу палаталарында емдік газдардың розеткалары төсек жанындағы панельдерге орнатылуы тиіс.

4.3.11.10.6 Операция, реанимация және қарқынды терапия палаталарында газ розеткалары төбе немесе қабырға консольдеріне орнатылуы мүмкін.

4.3.11.10.7 Медициналық жабдық штекерлер арқылы газ розеткаларына қосылуы тиіс.

4.3.11.10.8 Емдік газдың әрбір түрінде штекерлерді басқа газ түріне жалғауға мүмкіндік бермейтін газ розеткаларының және штекерлердің конструкциясы болуы тиіс.

4.3.11.11 Емдік газ құбырларын жүргізу

4.3.11.11.1 Емдік газдар құбырларындағы палата және емдеу корпустарында әрбір қабатта бақылау блоктары құрылғысын қарастыру қажет. Бақылау блоктарында ажырататын шүмектер мен манометрлер орнатылуы тиіс. Емдік газдар құбырлары бақылау блоктарынан тұтыну нүктелеріне таратылуы тиіс.

4.3.11.11.2 Бір бақылау блогына қосуға жол беріледі:

- екі операция;
- алты тұтыну нүктесі – қарқынды терапия палаталарында (реанимациялық залдар);
- 45 тұтыну нүктесі - палаталарда.

4.3.11.11.3 Емдік газдардың құбырларын, әдеттегідей, бірге жүргізу керек.

4.3.11.11.4 Емдік газдардың құбырларын әкімшілік, тұрмыстық және шаруашылық үй-жайларға, сонымен қатар электр үлестіруші құрылғылар, желдету камералары, жылу тораптары және сорғы үй-жайларына жүргізуге жол берілмейді.

4.3.11.11.5 Оттегі, компрессорлық, вакуумды станция үй-жайларында емдік газдардың құбырларын, әдеттегідей, ашық жүргізеді.

4.3.11.11.6 Қабаттар арасындағы емдік газдардың транзиттік құбырларын штрабтарға немесе арналарға жасырын жүргізу керек. Штрабтар және арналар жанбайтын материалдардан жасалған алмалы-салмалы панельдермен жабылуы тиіс.

4.3.11.11.7 Емдік газдардың құбырларын қабат бойынша тартуды алмалы-салмалы жалғамалы төбе конструкциясына дәліздер бойынша немесе есік ойықтарынан жоғары қабырғалар бойынша ашық орындау керек.

4.3.11.11.8 Емдік газдарды тұтыну нүктелері бар үй-жайларда құбырларды:

- қабырғалар мен еңдердің конструкциясында жасырын;
- қабырғалар және төбе бойынша ашық жүргізу керек.

4.3.11.11.9 Емдік газдардың ашық жүргізілетін құбырларын алмалы-салмалы жартылай қаптармен жабу ұсынылады.

4.3.11.11.10 Жасырын жүргізілгенді тек бүтін құбырлардан жүзеге асыруға жол беріледі (құбырларды көлденең жалғау құрылғысыз). Жасырын жүргізген жағдайда, мыс құбырларды полимер қаптарға салу керек.

4.3.11.11.11 Емдік газдар құбырын бірге орналастырған жағдайда, су тасымалдайтын құбырлардан жоғары жүргізілуі тиіс.

4.3.11.12 Емдік газдардың есептік шығынын анықтау

4.3.11.12.1 Емдік газбен жабдықтау жүйелері көздерінің өнімділігін тиісті газдардың есептік шығынын бір типті тұтынушылардың топтары бойынша қосу арқылы анықтау керек.

4.3.11.12.2 Газ тәрізді оттегінің есептік шығынын *Q*к, л/тәул. келесідей формула бойынша анықтау керек:

$$Q_к = Q_{нк} \cdot N_к \cdot K^{и}_к \cdot n \cdot 60, \qquad (7)$$

мұнда $Q_{н_к}$ – бір тұтыну нүктесіне оттегінің номиналдық шығыны, л/мин;

Nк - бір типті тұтынушылардың тұтыну нүктелерінің саны;

$К^{и}_{к}$ - оттегіні қолдану коэффициенті;

n - оттегіні қолдану ұзақтығы, сағ./тәул.

4.3.11.12.3 Емдік мақсаттар үшін сығылған ауаның есептік шығынын *Q*с.в., л/мин келесідей формула бойынша анықтау керек:

$$Q_{с.в.} = Q^{н}_{с.в.} \cdot N_{с.в.} \cdot K^{о}_{с.в.}, \quad (8)$$

мұнда, $Q^{н}_{с.в.}$ - бір тұтыну нүктесіне емдік мақсаттар үшін сығылған ауаның номиналдық шығыны, л/мин;

$N_{с.в.}$ - бір типті тұтынушылардың тұтыну нүктелерінің саны;

$К^{о}_{с.в}$ - бір уақыттылық коэффициенті.

4.3.11.12.4 Хирургиялық пневмоқұралдардың жұмысы үшін сығылған ауаның есептік шығынын $Q_{с.в.}$, л/мин, келесі формула бойынша анықтау керек:

$$Q_{с.в.} = Q^{н}_{с.в.} \cdot N_{с.в.} \cdot K^{о}_{с.в.}, \quad (9)$$

мұнда $Q^{н}_{с.в.}$ – бір тұтыну нүктесіне хирургиялық пневмоқұралдардың жұмысы үшін сығылған ауаның номиналды шығыны 350 л/мин тең болып қабылданады;

$N_{с.в.}$ - бір типті тұтынушылардың тұтыну нүктелерінің саны;

$К^{о}_{с.в}$ - бір уақыттылық коэффициенті.

4.3.11.12.5 Азоттың шала тотығының есептік шығынын *Q*з.а., л/тәул. келесідей формула бойынша анықтау керек:

$$Q_{з.а.} = Q^{н}_{з.а.} \cdot N_{з.а.} \cdot К^{и}_{з.а.} \cdot n \cdot 60, \quad (10)$$

мұнда $Q^{н}_{з.а.}$ - бір тұтыну нүктесіне азоттың шала тотығының номиналдық шығыны, л/мин;

$N_{з.а.}$ - бір типті тұтынушылардың тұтыну нүктелерінің саны;

$К^{и}_{з.а.}$ - азоттың шала тотығын қолдану коэффициенті;

n - азоттың шала тотығын қолдану ұзақтығы, сағ./тәул.

4.3.11.12.6 Вакууммен қамтамасыз ету жүйесіндегі алыстатылатын ортаның көлемін *Q*о, л/мин келесідей формула бойынша анықтау керек:

$$Q_{о} = Q^{н}_{о} \cdot N_{о} \cdot K^{о}_{о}, \quad (11)$$

мұнда $Q^{н}_{о}$ – бір сору нүктесіндегі номиналдық шығын, л/мин;

$N_{о}$ – бір типті тұтынушылардың сору нүктелерінің саны;

$К^{о}_{о}$ - бір уақыттылық коэффициенті.

4.3.11.12.7 Көмірқышқыл газының есептік шығыны $Q_{к.г.}$, л/тәул. келесідей формула бойынша анықтау керек:

$$Q_{к.г.} = Q^{н}_{к.г.} \cdot N_{к.г.} \cdot К^{и}_{к.г.} \cdot n \cdot 60, \quad (12)$$

мұнда $Q^{н}_{к.г.}$ – бір тұтыну нүктесіне көмірқышқыл газының номиналдық шығыны, л/мин жобалау тапсырмасы бойынша қабылданады;

$N_{к.г.}$ - бір типті тұтынушылардың тұтыну нүктелерінің саны;

$К^{и}_{к.г.}$ – көмірқышқыл газын қолдану коэффициенті жобалау тапсырмасы бойынша қабылданады;

n - көмірқышқыл газын қолдану ұзақтығы, сағ./тәул. жобалау тапсырмасы бойынша қабылданады.

4.3.11.13 Құбырлар диаметрін есептеу

4.3.11.13.1 Құбырлар диаметрін есептеу барысында емдік газбен жабдықтау жүйесі қажетті есептік шығынмен және тұтыну нүктелерінде газдардың қысымымен қамтамасыз етілуі тиіс. Газдардың құбырлармен қозғалу жылдамдығын 10 м/с аспайтындай қабылдау керек.

4.3.11.13.2 Құбырлардың ішкі диаметрі *d*, мм, вакууммен қамтамасыз ету жүйелерін келесідей формула бойынша есептеуге жол беріледі:

$$d=18{,}8\sqrt{\frac{6Q}{100v}} \quad (13)$$

мұнда, Q – алыстатылған орта көлемі, л/мин;

v – алыстатылған орта жылдамдығы, 2,0 м/с аспайтындай қабылданады.

4.3.11.13.3 Емдік мақсаттағы оттегінің және сығылған ауа құбырларын есептеу үшін газдардың көлемді шығынын *Qo(с.а.),* л/мин келесідей формула бойынша анықтау керек:

$$Qo(с.а.) = Q^{max}_{о(с.а.)} \cdot N_{о(с.а.)} \cdot К^{о}_{з.а(к.г.,о)} \quad (14)$$

мұнда $Q^{max}_{о(с.а.)}$ – бір тұтыну нүктесіне оттегінің немесе сығылған ауаның ең жоғарғы шығыны, л/мин;

$N_{о(с.а.)}$ - тұтыну нүктелерінің саны;

$К^{о}_{з.а(к.г.,о)}$ - бір уақыттылық коэффициенті.

4.3.11.13.4 Азоттың шала тотығының, көмірқышқыл газының, вакуум құбырларын есептеу үшін көлемді газ шығынын $Q_{з.а(к.г.,о)}$, л/мин, келесі формула бойынша анықтау керек:

$$Q_{з.а(к.г.,о)} = Q^{н}_{з.а(к.г.,о)} \cdot N_{з.а(к.г.,о)} \cdot K^{о}_{з.а(к.г.,о)} \quad (15)$$

мұнда, $Q_{з.а(к.г.,о)}$ - бір тұтыну нүктесіне тиісті азоттың шала тотығының, көмірқышқыл газының, вакуумның номиналдық шығыны, л/мин;

$N_{з.а(к.г.,о)}$ - тиісті газдың тұтыну нүктелерінің саны;

$K^{о}_{з.а(к.г.,о)}$ - тиісті газ үшін бір уақыттылық коэффициенті.

4.3.11.14 Автоматтандыру және бақылау

4.3.11.14.1 Емдік газбен жабдықтау жүйелерінде автоматты реттегіштерді және құрылғыларды қарастыру керек, олар келесілерді қамтамасыз етеді:

- құбырлардағы берілген газ қысымы (ажырату);
- балондардың бір тобынан екінші тобына, сонымен қатар емдік газдардың қысымы берілген шамадан ауытқыған жағдайда бір криогенді сыйымдылықты екіншісіне автоматты ауыстыруды;
- резервті компрессорларды және вакуум-сорғыларды автоматты қосу;
- компрессорларды және вакуум-сорғыларды кезекпен қосу.

4.3.11.14.2 Жабдықтың жұмысындағы ақаулықтар туралы жарық және дыбыстық сигналдар, сонымен қатар емдік газдар құбырларындағы қысымның рұқсат етілген мәндерден жоғары ауытқуы (ажыратылуы) туралы сигналдар техникалық кезекші қызметкердің бөлмесіндегі пультке шығарылуы тиіс.

4.3.11.14.3 Бақылау блоктарындағы емдік газдардың қысымның жол берілген мәндерден жоғары ауытқуы (ажыратылуы) туралы жарық және дыбыстық сигналдар кезекші медбикелердің пульттеріне, сонымен қатар операция алдындағы және наркоз үй-жайларындағы пульттерге шығарылуы тиіс.

4.3.11.15 Емдік газбен жабдықтау жүйелерін монтаждау

4.3.11.15.1 Емдік газбен жабдықтаудың ішкі жүйелері қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес Т маркалы мыс құбырлардан монтаждалуы тиіс.

4.3.11.15.2 Сығылған ауаны ингаляторияға және ванна залдарына жіберуге арналған құбырларды тоттануға төзімді болаттан жіксіз суықтай және жылумен деформацияланған құбырлардан жасауға, зертханаларда қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес болат су-газқұбырлы мырышталған құбырлардан жасауға жол беріледі.

4.3.11.15.3 Емдік газбен жабдықтау жүйелерін монтаждауға арналған құбырлардың ішкі беттері майлар ластанғандарының бар-жоғын алдын ала бақылауға берілуі тиіс. Бақылау жұмысы қысымы бар құбырлардың шетжақтарында жүргізілуі тиіс:

- кемінде 1,6 МПа – тексеру арқылы;
- 1,6 МПа және одан жоғары- қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес.

4.3.11.15.4 Қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес белгіленгеннен асатын ластануларды анықтаған жағдайда, құбырлар майсыздандырылуы тиіс.

4.3.11.15.5 Оттегі құбырларына, сұйық оттегі сыйымдылықтарына және газдандырылған қондырғыларға орнатылатын арматура, бөлшектер мен бұйымдар, бақылау-өлшеу аспаптарының құбырлары және астарлар монтажға жеткізілгенге дейін майсыздандырылуы тиіс.

4.3.11.15.6 Дайындаушы кәсіпорында майдан тазарту туралы паспортында белгісі бар және зақымданбаған тығындарымен және бүтін қаптамада монтаждау орнына жеткізілген аппаратураны, арматураны, құбырлар мен бөлшектердің майын тазартпауға жол беріледі.

4.3.11.15.7 Майсыздандыру кезінде санитарлық қадағалау органдары рұқсат еткен компоненттер қолданылуы тиіс.

4.3.11.15.8 Болат құбырлар ішкі бетінде қақтардың және механикалық ластардың жоқтығы тексерілуі тиіс. Бақылау құбырлардың шетжағында жүргізілуі тиіс.

Аталған ақаулар анықталған құбырлар монтаждалмайды.

4.3.11.15.9 Тексерілгеннен және майсыздандырылғаннан кейін монтаждауға қабылданған құбырлардың шетжақтары оларды объект бойынша жылжыту кезінде ластануының алдын алатын тығындармен жабылуы тиіс.

4.3.11.15.10 Мыс құбырлар, әдеттегідей, фасонды бұйымдарды қолдану арқылы өзара дәнекерленіп жалғануы тиіс.

4.3.11.15.11 Бұрандалы жалғаулар жабу, реттеуші арматурамен жалғау үшін, сонымен қатар бақылау-өлшеу аспаптарын орнату үшін қолданылуы тиіс.

4.3.11.15.12 Мыс құбырларды дәнекерлеуді қоршаған ауаның 5 °С төмен емес температурасы кезінде орындауға жол беріледі.

4.3.11.15.13 Мыс құбырлардың иілу радиусы құбырлардың сыртқы үш диаметрінен кем болмауы тиіс.

4.3.11.15.14 Тоттануға-төзімді болаттан жасалған болат құбырлар өзара дәнекерлеумен жалғануы, болат су-газ құбырлы мырышталған құбырлар – бұрандамен жалғануы тиіс.

4.3.11.15.15 Қабаттың биіктігі 3 м және одан аз болғанда оларды тігінен орналастырған жағдайда болат құбырлардың бекіту құралдарын қарастырмауға жол беріледі, ал қабаттың биіктігі 3 м асқан жағдайда, бекіту құралдарын қабаттың жартылай биіктігіне орналастыру қажет.

4.3.11.15.16 Көлденең жүргізілетін болат құбырлар үшін бекіту құралдарының арасындағы арақашықтық кемінде болуы тиіс:

а) 2,5 м - құбырдың шартты өту диаметрі кезінде 15 мм дейін қоса алғанда;

б) 3,0 м - құбырдың шартты өту диаметрі кезінде 16 бастап 20 мм дейін;

в) 3,5 м - құбырдың шартты өту диаметрі кезінде 21 бастап 25 мм дейін;

г) 4,0 м - құбырдың шартты өту диаметрі кезінде 26 бастап 32 мм дейін;

д) 4,5 м - құбырдың шартты өту диаметрі кезінде 33 бастап 40 мм дейін.

4.3.11.15.17 Көлденең және тігінен жүргізілетін мыс құбырлар үшін бекіту құралдарының арасындағы арақашықтық кемінде болуы тиіс:

а) 1,5 м - құбырдың шартты өту диаметрі кезінде , 15 мм дейін қоса алғанда;

б) 2,0 м - құбырдың шартты өту диаметрі кезінде 16 бастап 30 мм дейін;

в) 2,5 м - құбырдың шартты өту диаметрі кезінде 31 бастап 54 мм дейін;

г) 3,0 м - құбырдың шартты өту диаметрі кезінде 54 мм астам.

4.3.11.15.18 Құбырларды бекіту құралдары құбырлардың электролиттік тоттанудың алдын алатын тоттануға-төзімді материалдан жасалуы тиіс.

4.3.11.15.19 Арматураны пайдалану процесінде құбырға түсетін күшті болдырмау үшін арматураны орналастыру орындарында бекіткіштерді орнатуды қарастыру қажет.

4.3.11.15.20 Құбырлардың аражабындарды, қабырғаларды және арақабырғаларды басып өтетін жерлерінде құбырлар болат құбырлардан жасалған гильзаларда жүргізілуі тиіс. Гильза мен құбыр арасындағы кеңістікті жанбайтын иілгіш материалмен бекіту қажет (мысалы- минералды мақта).

4.3.11.15.21 Құбырдың сыртқы қабырғасы мен гильзаның ішкі қабырғасы арасындағы саңылау кемінде 20 мм болуы тиіс.

4.3.11.15.22 Гильза таза еденнің белгісінен 30 м жоғары және қабырғалардың, арақабырғалардың және төбелердің бетімен бет орналасуы тиіс.

4.3.11.15.23 Құбырлардың көлденең жіктерін гильзаларды орнату орындарына орнатуға жол берілмейді.

4.3.11.15.24 Болат және мыс құбырлар айқасқан кезде соңғыларын полимер қаптарда жүргізу керек.

4.3.11.15.25 Емдік газбен жабдықтау жүйелері үшін сәйкесінше газдарға арналған жабу және реттеуші арматура, бақылау-өлшеу аспаптары қолданылуы тиіс.

4.3.11.15.26 Құбыр арматурасын оған қызмет көрсететін орындарға және әдеттегідей, топтармен орналастыру керек.

4.3.11.15.27 Қол жетегі бар сермерлерді үй-жайдың немесе қызмет көрсету алаңының еден деңгейінен 1,8 м аспайтындай биіктікке орналастыру керек.

4.3.11.15.28 Емдік газдардың құбырларын беріктігіне және тығыздығына сыналуы тиіс.

4.3.11.15.29 Емдік газдардың құбырларын беріктігіне және тығыздығына сынау құрамында майлары немесе CO_2, N_2 газдары болғанда сығылған ауамен жүргізілуі тиіс.

4.3.11.15.30 Егер жүйедегі сынау ортасының қысымының түсуі 2 бастап 24 сағ. дейін сынау кезеңі ішінде сағатына 0,025 % астам құрайтын болса, емдік газдың жүйесі беріктігі мен тығыздығын сынауға төзімді деп саналады.

4.3.11.15.31 Қоршаған орта температурасы өзгерген кезде сынау ортасы қысымының түсуі келесідей формула бойынша түзетілуі тиіс

$$P_2=P_1\frac{T_1}{T_2} \qquad (16)$$

мұнда, P_2 – сынау соңындағы сынау ортасының қысымы, кПа;

P_1 – сол сияқты, сынау басында, кПа;

T_1 – сынау басындағы қоршаған ауа температурасы, °С;

T_2 - сол сияқты, сынау соңында, °С.

4.3.11.15.32 Құбырлардың беріктігі мен тығыздығын сынауды аяқтағаннан кейін құбырларға орнатылған жабу арматурасының жабылу тығыздығын тексеру қажет.

4.3.11.15.33 Монтаждауды аяқтағаннан кейін құбырлардың әрбір секциясы сығылған ауамен үрлеу арқылы тазартылуы тиіс. Тазалау процесі құбырлардан аспапсыз көзге көрінетін бөлшектердің шығуы тоқтағанан кейін аяқталуы тиіс.

4.3.11.15.34 Емдік газбен жабдықтаудың әрбір жүйесінде паспорты және пайдалану журналы болады.

4.3.12 Қоқыстарды, қалдықтарды жою және шаңдарды жинау

4.3.12.1 Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған бөлме тартатын желдеткішпен, биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазыту жабдығымен, сөрелермен, медициналық қалдықтары бар пакеттерді жинауға арналған контейнерлермен, ыстық және суық суды жеткізетін раковинамен, бактерицидті шаммен жабдықталады.

4.3.12.2 Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жай шығаруға арналған кірме жолдары бар емдеу-профилактикалық мекемелері объектісінің корпусынан шыға берісіне тікелей жақын орналасады.

4.3.12.3 Елді мекендерге орналасқан, орталықтандырылған қоқысты және қалдықтарды жинау қызметі жоқ емдеу-профилактикалық мекемелердің шаруашылық аймағында қоқысты өртеу пештерін қарастыру керек. Қоқыстарды өртеу пештерінен палаталары бар корпустарға дейінгі арақашықтық кемінде 30 м болуы тиіс.

4.3.12.4 600 және одан көп төсекті ауруханалар мен диспансерлерде орталықтандырылған шаң сору қондырғысын қарастыру керек. Қондырғымен жұмыс істеген кезде палаталардағы шуыл 45 дБ аспауы тиіс.

4.3.12.5 Қоқыс жинау алаңдарының палата және емдеу-диагностикалық корпустарға дейінгі арақашықтығы кемінде 25 м болуы тиіс. Осындай контейнерлерге арналған алаң үш жағынан кемінде 1,5 м биіктікпен қоршалуы тиіс.

4.3.12.6 Контейнерлерді орнатуға арналған шаруашылық алаңының өлшемі кемінде 40 $м^2$ болуы тиіс, кіріктірме үй-жайларға қалдықтарды жинағыштарды орнатуға жол беріледі.

4.3.12.7 Ғимаратқа кіреберістердегі, демалу орындарындағы және аумақтардағы (әрбір 50 м сайын) қоқысты ағымдағы жинау үшін қоқыс салатын жәшіктер орнатылуы тиіс.

4.3.12.8 Қоқыс салатын жәшіктердің санын анықтау кезінде келесі есептеуге сүйену керек: емдеу-профилактикалық мекемелердің әрбір 700 $м^2$ аула аумағына 1 қоқыс салатын жәшік.

4.3.12.9 Негізгі аллеяларға бір-бірінен 10 м қашықтықта қоқыс салатын жәшіктер орнатылуы тиіс.

4.3.12.10 Медициналық қалдықтар уақытша сақтауға арналған жиналған орындарынан емдеу-профилактикалық мекемелер ұйымдарының аумағында орналасқан контейнерлерге немесе медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған жеке үй-жайларға жіберіледі.

4.3.12.11 Медициналық қалдықтарды жинау үшін бір рет қолданылатын су өткізбейтін қағаз қаптар, қалталар, металл және пластик ыдыстар, қауіпсіз жою қораптары, контейнерлер қолданылады.

4.3.12.12 Емдеу-профилактикалық мекемелердегі қалдықтарды жинауғ уақытша сақтау, зарарсыздандыру, тасымалдау және жою денсаулық сақтау объектілері мен қалдықтарды кәдеге жаратуға қойылатын қолданыстағы құжаттар талаптарына сәйкес жүзеге асады.

4.3.12.13 Денсаулық сақтау объектілерінің аумақтарындағы медициналық қалдықтарды зарасыздандыру бойынша арнаулы қондырғыларды орналастыру және пайдалану дұрыс санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылар және экологиялық сараптамалар болған жағдайда жол беріледі.

Қондырғыларды орнату үшін келесілер қарастырылады: қалдықтарды уақытша сақтайтын ауданы кемінде 10,0 $м^2$ үй-жай, тартуынан соруы басым сорып-тартатын желдеткішімен жабдықталған, су бұру жүйесіне тартатын қондырғыны орнататын ауданы кемінде 20,0 $м^2$ үй-жай (егер басқасын өндіруші қарастырмаса), қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар (қызметкердің бөлмесі, санторап, душ бөлмесі).

Ішкі әрлеу үшін үй-жайдың функционалды мақсатына сәйкес материалдар қолданылады.

4.3.12.14 Қалдықтарды өртеуге арналған өнімділігі 100 кг/сағ. дейін пештер 50 метр арақашықтықта стационардың шаруашылық аймағының құрамына, ал жеке тұрған өнімділігі 100 кг/сағ. жоғары пештер тұрғын ғимараттардан 100 метр және корпустардан 50 метр арақашықтықта орналасады.

4.3.12.15 Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың аумақтық органдарының талабы бойынша көрсетілген арақашықтықтар желдің бағытын, пештің қуатын және басқа жергілікті шарттарды ескере отырып ұлғаюы мүмкін. Қалдықтарды жою үшін қалалық ұйымдар және кәсіпорындар (крематория және басқалар) қолданылуы мүмкін.

4.3.13 Крематория

4.3.13.1 Крематория құрамына келесідей үй-жайлар топтары қарастырылады:

- қайтыс болғандарды қабылдауға арналған тамбур, вестибюль, тоңазыту камерасы бар үй-жайлар және қайтыс болғандарды кремациялауға дейін сақтауға арналған үй-жайлар;

- қайтыс болғандарды кремациялауға, өңдеуге және сақтауға арналған кремациялау залы, кремацияланған сүйектерді өңдеу үй-жайы, күлі салынған ыдыстар қоймасы, газ тазалау үй-жайы, жөндеу шеберханасы, инженерлік-техникалық қызмет үй-жайлары, сантиралық-техникалық үй-жайлары, демалу және психологиялық жеңілдеу бөлмелері бар үй-жайлар.

4.3.13.2 Крематориялардағы кремациялау пештерінің саны жерлеу салттарының, халықтың өлім-жітімінің санымен, салттар санымен анықталады (крематорияның өткізу қабілеттігі бір кремацияға бір сағат есебімен анықталады).

4.3.13.3 Белгіленген тәртіпте санитарлық-гигиеналық және экологиялық сараптамадан өткен және санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар пештерді қолдануға жол беріледі.

4.3.13.4 Денсаулық сақтау объектілер аумағында қалдықтарды өртеуге жол берілмейді. Қалдықтарды термиялық (өртеу) тәсілмен зарарсыздандыру 800 ºС бастап 1500 ºС дейін температурада медициналық қалдықтарға термиялық әсер ету арқылы жүргізіледі.

4.3.13.5 А класты қалдықтар пайда болған орындарынан денсаулық сақтау объектілер аумағында орналасқан контейнерге жеткізіледі және контейнерлер толғанда қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына кемінде үш күнде бір рет шығарылады.

4.3.13.6 Қалдықтарды жоюдың соңғы өнімдері қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылады.

4.4 Ғимараттардың конструктивтік шешімдері және құрылыс конструкцияларын есептеу әдістері

4.4.1 Жобалау және салу кезінде, соның ішінде сейсмикалық аудандарда, емдеу-профилактикалық мекемелерде көтергіш конструкцияларды есептеуді Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттар ережелерін ескере отырып жүргізу керек.

4.4.2 Топырақ негізін даярлаған кезде топырақтың шөгуін тұрақтандыру, ісінуді болдырмау, топырақты жасанды бекіту, топырақ суының төмендеуі және ҚР ЕЖ 2.03-101 сәйкес басқа да талаптар бойынша шараларды орындау керек.

4.4.3 Жер жұмыстарының өндірісі, емдеу-профилактикалық мекемелердің негізі мен іргетасын орнату кезінде ҚР ЕЖ 5.01-102 талаптарын сақтау керек.

4.4.4 Жобалау кезінде көтергіш конструкцияны есептеуді ғимараттың талап етілген механикалық қауіпсіздігін, пайдалану жарамдылығын және төзімділігін ескере отырып жүргізу керек.

4.4.5 Құрылыс конструкцияларының сенімділігін ғимаратты жобалау, конструктивтік элементтерді дайындау, салу және пайдалану кезінде оның жалпы тұжырымдамасын өңдеу сатысында қамтамасыз ету керек.

4.4.6 Конструктивтік элементтердің төзімділігіне және отқа төзімділігіне қойылатын талаптар тиісті құрылыс материалдарын және бұйымдарды қолданумен қамтамасыз етіледі.

4.5 Инженерлік қондырғылар

4.5.1 Сумен қамту және канализация

4.5.1.1 Мекемелер ғимараттары ҚР ЕЖ 4.01-103 сәйкес орталықтандырылған суық, ыстық сумен қамту және канализация жүйелеріне қосылады.

Елді мекендерде орталықтандырылған сумен қамту жүйелері болмаған жағдайда, жергілікті жүйені орнатуға жол беріледі немесе санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуі тиіс сырттан әкелінген су қолданылады.

4.5.1.2 Балалар және психиатриялық палаталардағы таратушы желідегі ыстық судың температурасы 37 °С аспауы тиіс.

4.5.1.3 Палаталарға, кабинеттерге, дәретханаларға, процедуралық, таңу және қосымша үй-жайларға араластырғыштар арқылы ыстық және суық суды жеткізетін қол жуғыштар орнатылады. Құралдарды өңдеу жүргізілетін кабинеттерде қол жууға арналған жеке раковина және құралдарды өңдеуге арналған жуғыш қарастырылады.

4.5.1.4 Операция алдындағы, таңу, босану залы, процедуралық кабинеттер, жаңа туған сәбилер палаталарының жанындағы медбикелер постылары, хирургиялық және гинекологиялық кабинеттер, бокс шлюздері, жартылай бокстар, зертханалар білек шүмектері мен сұйық антисептикалық сабын және антисептик ерітінділері салынған білек мөлшерлеуіштерін орнату арқылы раковиналармен жабдықталады.

4.5.1.5 Жаңа туған сәбилер палаталарына үлкен тостағы бар және балаларды жуындыруға арналған араластырғыштар арқылы ыстық және суық суды жеткізетін раковиналар орнатылады.

4.5.1.6 Инфекциялық, туберкулез, тері-венерологиялық бөлімдердің бокс, жартылай бокс шлюздеріне және қызметкерге арналған дәретханаларға білек немесе жанаспайтын шүмектер бар қолжуғыштарды орнату керек, сонымен қатар барлық дәретханаларда шаю бөшкелеріне арналған тепкішті ағызулар қарастырылады.

4.5.1.7 Санитарлық өткізу орындарында, операция алдындағы және босандыру залдарында, процедуралық, таңу, егу кабинеттерінде, зарарсыздандыру, жаңа туған және бір жасқа толмаған балалар бөлімдерінде, санитарлық-тұрмыстық бөлмелерде, жуу бөлмелерінде, буфеттерде, үлестіру, тамақтану блоктарында, кір жуу орындарында орталықтандырылған ыстық сумен қамту болмаған жағдайда, үздіксіз әрекет ететін су жылытқыштар орнатылады.

4.5.1.8 Операция алдындағы, босандыру кезіндегі даярлық үй-жайларында, ваннада, екі және одан көп унитаздармен жабдықталған дәретханаларда, клизма жасау бөлмелерінде, инфекция бөлімдерінің бокстарында және жартылай бокстарында, клеенкаларды жууға және кептіруге арналған үй-жайларда, өндірістік сүт асханалары үй-жайларында d = 100 мм жолдарын және суық және ыстық су жеткізілетін қабырғаға қыстыратын су шашатын шүмектер қарастыру керек.

4.5.1.9 Канализацияланбаған елді мекендерге объектілерді орналастыру барысында жергілікті канализацияны орнату қарастырылады. Ағын суларды қабылдау жерасты бетондалған су өткізбейтін ыдыста жүзеге асады. Ауладағы дәретхананы және бетондалған су өткізбейтін ыдысты ғимараттан кемінде 25 м арақашықтыққа орналастырады.

4.5.1.10 Объектілердің ағынды суларын тазалау және зарарсыздандыру жалпы қалалық канализациялық тазарту құрылыстарында жүзеге асады.

4.5.1.11 Инфекция және туберкулезге қарсы стационарларда (бөлімдерде) жергілікті тазарту құрылыстарын қарастыру қажет.

4.5.1.12 Ауруханалардағы тағам дайындау қызметінің ғимаратынан шығатын шығыңқы жерлердегі өндірістік ағын суларды тазалау үшін ҚР ЕЖ 4.01-101 талаптарына сәйкес май ұстағышты орнату (ғимараттан тыс) қарастырылуы тиіс.

4.5.1.13 Едендегі ағынды канализацияға арналған басқыштар дәретхана ыдыстарын жуу және дезинфекциялау, жинау құрал-жабдықтарын өңдеуге арналған үй-жайларға, тамақтану блоктарының және кір жуу орындарының негізгі цехтарында көлбеу жабдықталады.

4.5.1.14 Балшықпен емдеудің балшықты процедуралар үй-жайларынан және балшықты асүйінен ағынды сулардың түсуі балшықты тұндырғыштағы арнайы басқыштар арқылы жүзеге асады. Гипсті дайындауға арналған үй-жайларда қолжуғыштың астына сыйымдылығы 0,1 $м^3$ гипс тұндырғыштарды орнатуды қарастыру керек.

4.5.1.15 Палата бөлімдерінің санитарлық бөлмелері дәретхана ыдыстарын, клеенкаларды өңдеу және кептіру үшін шағын механизация құралдарымен жабдықталады.

4.5.1.16 Су құбыры және канализация жүйелерінің құбырлары барлық ұзындығы бойынша қаптамалармен жабылады және жуғыш және дезинфекциялаушы құралдарға төзімді материалдан жасалады.

4.5.1.17 Аражабындары, арақабырғалары және инфекциялық ауруханалар (бөлімдер) ғимараттарының қабырғалары бар суық және ыстық сумен қамту құбырлары қиылысқан жерлерде тығыздалып битумдалған жібі бар қаптарды қарастыру керек.

4.5.1.18 Тамақты дайындау қызметтері, сүт асханалары және кір жуу орындарына арналған санитарлық-техникалық құрылғыларды және су шығынын ҚР ЕЖ 3.02-108 сәйкес қабылдау керек.

4.5.1.19 Шаруашылық-ауыз су құбырының сорғыларын аурухана корпустарына орнату ҚР ЕЖ 4.01-101 талаптарына сәйкес жүзеге асуы тиіс.

4.5.1.20 Кір жуу және емдеу-профилактикалық мекемелерінде су шығынының нормасы ҚР ЕЖ 4.01-101 талаптарына сәйкес қосымша ескерілуі тиіс.

4.5.1.21 Медициналық ванналардың саны екі және одан көп болғанда, канализация құбырларының диаметрін 100 мм қабылдау керек.

4.5.1.22 Балшықпен емдейтін ауруханалардағы 1 төсекке судың шығын нормасын технологиялық талаптарға сәйкес қабылдау керек, басқа емдеу-профилактикалық мекемелердегі судың шығын нормасын ҚР ЕЖ 4.01-101 сәйкес қабылдау керек.

4.5.1.23 Емдеу-профилактикалық мекемелердің ыстық сумен қамту жүйесі су айналмасы арқылы жобалануы тиіс. Ыстық судың тіреушелер бойынша айналмасы ғимараттың 3 қабат және одан жоғары биіктігі кезінде қарастырылуы тиіс.

4.5.1.24 30 $м^3$ дейінгі бассейн ванналарындағы су алмасу, әдеттегідей, таза судың үздіксіз ағынымен қарастырылады (дезинфекциялау арқылы бір реттік қолдану).

4.5.1.25 Емдік бассейндерге түсетін су қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.5.1.26 Сумен емдеу кафедрасы кемінде 3,0 кг/$см^2$ тұрақты суық және ыстық су ағынымен қамтамасыз етілуі тиіс.

4.5.2 Жылумен қамту

4.5.2.1 Емдеу-профилактикалық мекемелер жылумен қамту сенімділігі бойынша келесі санаттарға жатады:

а) 1-ші санат – науқастар үнемі келіп-кететін ауруханалар, перзентханалар, стационары бар диспансерлер, балалар сүт асханалары;

б) 2-ші санат – қалған мекемелер.

4.5.2.2 I санатты жылу тұтынушылардың жылумен қамту жүйелерін жобалау барысында тәуелсіз көздерінде немесе шығыршықталған жылу магистральдарында жылудың екі іске қосылуы қарастырылады. Бұл жағдайда жылудың жылу желілеріне берілуінің қорда сақталуы қарастырылады. Тек бір жылу іске қосылғанда жобаланатын мекемеден жеке немесе онымен бірге учаскеде резервті қазандық қарастыруға жол беріледі.

4.5.2.3 Резервтік қазандықтың жылу қуаты палата бөлімдері (секциялар), операция, реанимация, қарқынды терапия палаталары орналасқан ғимаратты жылумен қамтуға, жылытуға, ауаны баптауға және 100 % көлеміндегі үй-жай үшін ыстық сумен қамтуға түскен жүктемені жабу есебімен тағайындалады, басқа тұтынушылар үшін жылу шығыны тек кезекші жылытуға қарастырылады.

4.5.2.4 I санатты жылу тұтынушыларды шеткі ұйымдарға тиесілі I санатты қазаннан жылумен қамту кезінде резервті құбырларды тарту қарастырылады.

4.5.2.5 Құрылғысы, резервті қазаны бар тұйық жылу желілерінен I санатты жылу тұтынушыларын жылумен қамтамасыз ету үшін тиісті негіздеме кезінде барлық ғимарат кешені үшін бірыңғай жылу тасымалдаушы параметрлері бар жылу пунктін қарастыруға жол беріледі.

4.5.2.6 II санатты жылу тұтынушылар үшін сыртқы жылу желілерінен бір іске қосу қарастырылады.

4.5.2.7 Жылу көздері болмаған кезде, жылумен қамтамасыз ету сенімділігі және осы бөлімнің талаптары бойынша тұтынушының санатын ескере отырып, мекеме жобалайтын бөлек немесе онымен шектес учаскеде жеке қазанды салуға жол беріледі.

4.5.2.8 Ауруханалар, перзентханалар, стационары бар диспансерлер қазандықтары, сонымен қатар балалар сүт асханасының өндірістік қазандықтары жылу беру сенімділігі бойынша I санатқа; қалғандары екіншісіне жатқызылады.

4.5.2.9 Жылуды есепке алудың автоматтандырылған пункттері жалпы жылу қуаты 0,5 сағ. асқан жағдайда шеткі ұйымдардың жылу көздерінен жылумен қамту барысында, сонымен қатар «ашық» сызба бойынша ыстық сумен қамту шешімі кезінде қарастырылады. Г/кал «жабық» қосылу сызбалары кезінде су камераларын орнатуға жол беріледі.

4.5.2.10 Апатты қорды, отынды жағу жүйелері газбен жұмыс істейтін тек I санатты қазандықтар үшін қарастырылады.

4.5.2.11 Жерасты суларының тұруының жоғары деңгейлі учаскелерінде (жердің жоспарлы бетінен 1,2 м және одан төмен) орналасқан денсаулық сақтау ұйымдарының жылу желілерін тарту төменгі тіректерде ауамен, ал өтетін жолдар мен өткел орындарында – жоғары тіректерде орындалады.

4.5.2.12 Бу қазандарының белгіленген жылу қуатының артығы болған жағдайда оларды ыстық сумен қамту қажеттіліктері және басқа мақсаттар үшін қолдануға жол беріледі.

4.5.2.13 Қажеттілігіне қарай және техникалық-экономикалық негіздемеде технологиялық бумен қамту мақсаты үшін энергияны үнемдеу ұйымдарының келісімі бойынша электр термиялық жабдықты қолдануға жол беріледі.

4.5.3 Жылыту

4.5.3.1 Объектілер орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосылады немесе ҚР ЕЖ 4.02-101 сәйкес жеке жылу көзі қолданылады.

4.5.3.2 Балалар сүт асханасында бумен жылытуға жол беріледі.

4.5.3.3 Дәріханаларда, амбулаторияларда және фельдшерлік-акушерлік пункттерде табиғи газбен, қатты отынмен, ал өртті қадағалау органдарының келісімі кезінде сұйық отынмен жұмыс істейтін қуаттылығы аз жылу генераторларымен қыздыруға жол беріледі.

4.5.3.4 Үй-жайлардағы ауаның есептік температурасы Ш.1-кесте бойынша қабылданады.

4.5.3.5 Жылыту аспаптарының бетінің орташа температурасы келесідей болуы тиіс:

- 80 °С - ауруханалардың палата бөлімдерінің ғимараттары, стационары бар диспансерлер және перзентханалар үшін;

- 95 °С – қалғандары үшін: емдеу-профилактикалық мекемелердің және психиатриялық бөлімдердің ғимараттарының үй-жайы.

4.5.3.6 Жылыту жүйелерінің қыздыру аспаптары әдеттегідей қуыстары жоқ терезе астына орналастырылады. Әкімшілік-шаруашылық үй-жайларды және балалар ауруханаларын пайдалану және жинау үшін еркін қатынауды қамтамасыз ету шарттары кезінде оларға қоршауларды орнатуға жол беріледі.

4.5.3.7 Негіздеме кезінде жеткіліксіз қыздыру беттерін ішкі қоршауларға орналастыруға жол беріледі.

4.5.3.8 Жылыту жүйелерінде, әдеттегідей, жеңіл тазаланатын тегіс беті бар қыздыру аспаптары қолданылады.

4.5.3.9 Палата бөлімдері, операциялық, реанимациялық, босану бөлімдері және қарқынды терапия бөлімдері дәліздерінен басқа вестибюльдерде, баспалдақ клеткаларында және дәліздерде болат конвекторларды қолдануға жол беріледі.

4.5.3.10 Қыздыру аспаптары ретінде жылыту панельдік раиаторлар келесі үй-жайларда қолданылады: операциялық, операция алдындағы, реанимациялық залдарда, наркоз, босандыру, электр жарықпен емдеу үй-жайларында, ауруханалардың психиатриялық бөлімдерінде, жаңа туған сәбилерге арналған палаталарда және манипуляциялық-дәретханаларда, шала туған, жарақаттанған балаларға, емшектегі және жаңа туған сәбилерге арналған палаталарда, жұқпалы аурулармен ауыратын науқастарға, күйікпен ауыратын науқастарға арналған палаталарда, бокстарда және жартылай бокстарда, қанды сақтауға, дайындауға және жіктеуге арналған үй-жайларда, зарарсыздандырылған материалдарды сақтауға және асептикалық жағдайларда дәрі-

дәрмектерді дайындауға арналған үй-жайларда, рентген кабинеттерінде, зертханаларда және эксперименталдық-биологиялық клиникаларда.

4.5.3.11 Асептикалық жағдайларды қамтамасыз ету бойынша талаптар ұсынылатын үй-жайларда құбырларды және арматураны жасырын тарту қарастырылады.

4.5.3.12 Құбырларды және жылыту ауа өткізгіштерін, желдетуді және ауа баптауды инфекциялық ауруханалар және бөлімдер ғимаратының аражабыны, арақабырғасы және қабырғалар арқылы жүргізген кезде гильзаларда тығыздығы қарастырылады.

4.5.4 Желдету және ауа баптау

4.5.4.1 Үй-жайдың санаттылығын ескере отырып тазалық деңгейі бойынша желдету және ауа баптау жүйелері:

- үй-жайдың микроклиматының талап етілген параметрлерін (температура, қозғалғыштығы, ылғалдылығы, үй-жайдың тазалаық класы бойынша санаттылығын ескере отырып, олардың мақсатына байланысты үй-жайдың берілген химиялық және бактериялық ауа тазалығы) сақтауы тиіс;

- кір аймақтардан таза аймақтарға ауаның өту мүмкіндігін болдырмау, палаталардың, палата секцияларының және бөлімдердің, операциялық және босандыру блоктарының және басқа құрылымдық бөлімшелердің оқшауланған ауа режимін жасау, атап айтқанда:

- Т (таза) санатты үй-жайдан ӨТ (өте таза) санатты үй-жайға;

- К (кір) санатты үй-жайдан ӨТ, Т санатты үй-жайға;

- қабаттың жеке секциялары арасында;

- ғимараттың қабырғаларының арасында.

4.5.4.2 Объектілер үй-жайының табиғи ауа алмасуы кезінде ауа алмасу температурасы, еселігі ҚР ЕЖ 4.02-101 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.5.4.3 Ғимараттар жасанды күштегі сорып-тартатын желдеткіш жүйелерімен жабдықталады. Инфекциялық және туберкулезге қарсы стационарлардағы (бөлімдерде) палата секциясының әрбір боксіне және жартылай боксіне гравитациялық себеппен желдетудің жеке сору жүйесі орнатылады, ауаны зарарсыздандыру құрылғыларымен және дефлектормен жабдықталады. Инфекция бөлімдерінде жасанды күштегі сору-тарту желдеткіштері болмаған жағдайда, әрбір боксты және жартылай боксты рециркуляциялық типтегі ауаны зарарсыздандыру құрылғысымен жарақтандыру арқылы табиғи желдеткіш жабдықталады.

4.5.4.4 Сору-тарту желдеткішінің дербес жүйелері: операциялық блоктар (асептикалық және септикалық бөлімдер үшін жеке), реанимациялық залдар және қарқынды терапия палаталары (ауруханаға сырттан және аурухана бөлімдерінен түскендер үшін жеке), босану – физиологиялық бөлім үшін жеке, ауруханалардың (перзентханалардың) акушерлік бөлімдеріндегі палаталар – физиологиялық бөлім үшін жеке, әрбір бөлімнің жаңа туған, шала туған және жарақаттанған балалар үшін (физиологиялық бөлім үшін жеке), рентген бөлімдері, балшықпен емдеу, сумен емдеу зертханалары, күкіртсутекті және радонды ванналар, радонды дайындау зертханасы,

санитарлық тораптар, тоңазыту камералары, шаруашылық есептегі дәріхана үй-жайлары үшін қарастырылады.

4.5.4.5 Механикалық күштегі сору-тарту желдеткіштерінен өзге операциялық бөлімнен басқа барлық үй-жайларда табиғи желдеткіш болуы тиіс.

4.5.4.6 Ауа баптау, операция, наркоз, босандыру, операциядан кейінгі палаталарда, қарқынды терапия, онкогематологиялық науқастар палаталарында, ЖИТС науқастары, терісі күйгендер, реанимациялық палаталарда, жаңа туған балаларға, емшектегі, шала туған, жарақаттанған балаларға арналған палаталарда қарастырылады. Кювездермен толықтай жабдықталған палаталарда ауа баптауға жол берілмейді.

4.5.4.7 Қабылдау бөлімдерінде, палата корпустарынд, сумен емдеу бөлімдерінде, инфекциялық корпустарда және бөлімдерде (биіктігі 3 қабаттан аспайтын жеке тұрған ғимараттар үшін) табиғи тартатын желдеткішін орнатуға жол беріледі. Бұл жағдайда тартатын желдеткіші механикалық күшпен және ауаны дәлізге жіберумен қарастырылады.

4.5.4.8 Тартылатын ауаны орталықтандырылған берусіз-ақ табиғи тартатын желдеткішін келесі ғимарттарға (биіктігі 3 қабаттан аспайтын жеке тұрған ғимараттар үшін) орнатуға жол беріледі: жедел медициналық көмек, амбулаторияларда, фельдшерлік-акушерлік пункттерде, IV-VIII санатты шаруашылық есептегі дәріханалар, жанбайтын негізде рентгенограммаларды (500 кг дейін) сақтауға арналған үй-жайларда, тез тұтанғыш сұйықтықтар, дезинфекциялаушы құралдар, қышқылдар мен сілтілердің ағымдағы қоры, конференцзалдар және санаториялардың жатын корпустары.

4.5.4.9 Ауа алмасу еселігі және табиғи ауа алмасу кезіндегі ауаны сору Ш.2, Ш.3-қосымшалар бойынша анықталады.

4.5.4.10 Медициналық ұйымдар ретінде қалыптасқан ғимараттарда механикалық күштегі сорып-тартатын желдеткіші операциялық блоктарда, рентген кабинеттерінде және зертханаларда қарастырылады.

4.5.4.11 Массаж кабинетттері сағатына бес еселік ауа алмасу арқылы сору-тарту желдеткішімен қамтамасыз етіледі.

4.5.4.12 Үй-жайдың ауа ортасының бактериалды тұқымдануы және тазалық класы, сонымен қатар ауадағы дәрілік құралдардың қауіптілік класы жол берілген деңгейден аспауы тиіс.

4.5.4.13 Ұйымдастырылған ағын құрылғысыз жасанды күштегі сору желдеткіші автоклавты, душ бөлмелерінде, дәретханаларда, санитарлық бөлмелерде, кір киімге арналған үй-жайларда, қалдықтарды уақытша сақтау орындарында және дезинфекциялаушы құралдарға арналған қоймаларда жабдықталады.

4.5.4.14 Санитарлық-гигиеналық талаптары және жұмыс ұзақтықтары бірдей бөлімдер немесе үй-жайлар тобы, әдеттегідей, тарту және сору орталықтарында кемінде екі желдеткішті орнату арқылы бір орталықтандырылған сору-тарту желдету жүйесімен жабдықталады.

4.5.4.15 Аралас құрылымы және үй-жайлардың әрбір тобына қойылатын әртүрлі санитарлық-гигиеналық талаптары бар, сонымен қатар әртүрлі жұмыс ұзақтығы бар ғимараттар үшін орталықсыздандырылған желдету жүйесі орнатылады.

4.5.4.16 Сору шкафы арқылы шығарылатын ауаның көлемі технологтардың тапсырмасы бойынша шкафтың есептік ойығындағы ауаның қозғалу жылдамдығына байланысты анықталады.

4.5.4.17 Үй-жайға қызмет көрсететін, автоматты өрт сөндіру жүйелерімен жабдықталған тартатын, соратын ауа өткізгіштерінде автоматты өрт сөндіру жүйелерімен бұғатталған электр жетегі бар автоматты жапқыштар (клапандар) қарастырылады. Жапқыштар ауа өткізгішімен қызмет көрсетілетін үй-жайға тікелей жақын орнатылады.

4.5.4.18 А және Б санатты процестері бар үй-жайлардың сору жүйелері үшін негізгі желдеткіш тоқтаған кезде және желдеткіштің жұмысы туралы жарық сигнализациясы автоматты түрде қосылатын резервті желдеткіштер қарастырылады. В1-В4 санатты процестері бар үй-жайлар үшін резервті желдеткіштер қарастырылмайды. Жергілікті сору желдеткішімен жабдықталған үй-жайда жергілікті сору желдеткішінің жұмысы туралы жарық сигнализация құрылғысы қарастырылады. Жергілікті сору конструкциялары жобалау құжаттамасының технологиялық бөлім құрамына кіреді.

4.5.4.19 А және Б санаттағы процестер жүргізілетін үй-жайларға қызмет ететін тартатын желдеткішінің және ауа баптау жүйелері басқа үй-жайлардан бөлек жобаланады.

4.5.4.20 Ауаны зертхана, қалпына келтіріп емдеу, функционалдық диагностика үй-жайларындағы ауаны беруді В1-В4 санатты процестер жүргізілетін үй-жайларға қызмет көрсететін тартатын желдеткішінің және ауа баптау жүйелерін қарастыруға жол беріледі, бұл жағдайда В1-В4 санатты процестер жүргізілетін үй-жайларда ауаны дербес ауа өткізгіш бойынша беру қарастырылады (желдету жабдығы үй-жайынан немесе статикалық қысым камерасынан); осы ауа өткізгіште кері клапан болуы тиіс.

4.5.4.21 А және Б санатты процестер жүргізілетін үй-жайларға қызмет көрсететін сору желдеткішінің жүйелері басқа үй-жайлардан бөлек жобаланады.

4.5.4.22 Шкафтармен жабдықталған, сонымен қатар жарылу қауіпті заттармен жұмыс істеуге арналған В санатты процестер жүргізілетін үй-жайлардың сору желдеткішінің жүйесі жобаланады:

а) жеке ауа өткізгіштері және әрбір үй-жайға арналған желдеткіші бар сору шкафтарынан орталықсыздандырылған;

б) әрбір жеке үй-жайлардан соратын ауа өткізгіштері ғимараттың шектерінен тыс орналасқан құрама тік коллекторға немесе сору жүйелерін жабдықтауға арналған үй-жайдың техникалық қабатына орналасқан көлденең коллекторға біріктіріледі.

4.5.4.23 Сору желдеткішінің орталықтандырылған жүйесінде ауа өткізгіштердің үй-жайларға жүргізілген тармақтарына отты бөгейтін клапандарды орнату қарастырылады.

4.5.4.24 Коллекторда улылығы жоғары булар, газдар және аэрозольдар қоспаларының түзілуіне жол берілмейді.

4.5.4.25 Сору желдеткішінің орталықсыздандырылған жүйесі кезінде қосымша үй-жайларды желдету жүйелеріне арналған жабдықпен бірге В1-В4 санатты процестер жүргізілетін үй-жайларға қызмет көрсететін жүйелер жабдығын орналастыруды қарастыруға жол беріледі. Бұл жағдайда тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтар қолданылатын үй-жайлардың сору жүйелерінің ауа өткізгіштеріне автоматты отты бөгейтін клапандар орнатылуы тиіс.

4.5.4.26 В1-В4 санатты процестер жүргізілетін үй-жайлар үшін жалпы тартатын коллекторларды жобалауға жол беріледі. Ауа өткізгіштердің қабат бойынша тармақтарын немесе қабат бойынша коллекторларын біріктіру ең көп дегенде 9 қабат үшін жол беріледі. Бұл жағдайда оттан бөгейтін клапандарды әрбір қабаттың тармағына немесе қабат коллекторына орнатуды қарастыру қажет.

4.5.4.27 Зертхана үй-жайында жергілікті сору мен жалпы алмасатын сорып шығаруды бір сору жүйесіне біріктіруге жол беріледі. Жергілікті сорудың және жалпы алмасатын сорып шығарудың ауа өткізгіштері зертхана үй-жайы немесе желдету жабдығы үй-жайының шектерінде біріктірілуі мүмкін.

4.5.4.28 Ауа қоспасын химиялық белсенді газдармен немесе булармен шығару кезінде зертхананың сору желдеткіші жүйелерінде тоттануға төзімді материалдардан жасалған ауа өткізгіштер қолданылады.

4.5.4.29 Ауа өткізгіштер, торлар, желдету камералары таза күйде, механикалық зақымданулар, тоттану іздері, герметикасында бұзылушылықтар болмауы тиіс. Сору-тарту (баптау) ауа өткізгіштерінде үй-жайға ауа өткізгіш материалының бөлшектерін, қорғаныш жабынын шығаруды болдырмайтын ішкі беті болуы тиіс. Ішкі жабынында сорбциялаушы қасиеттері болмауы тиіс.

4.5.4.30 Шлюздерді желдету үшін тәулік ішіндегі ең көп жұмыс ұзақтығын белгілеу қолданылады. Шлюзге берілетін желдету ауасының мөлшері есеппен анықталады және бөлімдердің (үй-жайлар топтары) жалпы ауа теңгерімінде ескеріледі.

4.5.4.31 Салқын, сол сияқты жылы жыл мезгілдері үшін бапталатын үй-жайдың ауасының есептік температурасы ретінде қабылданады, бұл жағдайда операция, наркоз, операциядан кейінгі палаталардағы, босану, реанимациялық залдарда және қарқынды терапия палаталарындағы салыстырмалы ауа ылғалдылығы 55 % бастап 60 % дейінгі шектерде қабылданады, ал ауа қозғалысының жылдамдығы 0,15 м/с аспайтындай қабылданады.

4.5.4.32 Қысқы уақыттағы палаталардағы салыстырмалы ауа ылғалдылығы 30 % бастап 50 % дейінгі шекте қабылданады.

4.5.4.33 Операция, наркоз, босандыру алдындағы, босандыру, операциядан кейінгі палаталар, реанимация залдары, қарқынды терапия палаталары, күйікпен ауыратын науқастарға арналған бір және екі төсекті палаталар, жаңа туған, емшектегі, шала туған және жарақаттанған балаларға арналған палаталарға берілетін ауа бактерицидті сүзгілерде қосымша тазартылады. Бұл жағдайда I дәрежелі ауа тазарту ретінде май сүзгілерін орнатуға жол берілмейді.

4.5.4.34 «Айрықша таза» үй-жайлар үшін ауа тазалау сызбасын таңдаған кезде атмосфералық ауадағы фондық шаң шоғырланымы мәліметтерін басшылыққа алады.

4.5.4.35 Ашық сәуле көздері бар радиологиялық бөлімдерден, инфекциялық бөлімдерден шығарылатын ауа сүзгілерде тазартылады.

4.5.4.36 Сүзгілер конструкциясы және оларды орнату орындары сүзу элементтерінің ластануына қарай оларды қолайлы тазалауға немесе ауыстыруға мүмкіндік беруі тиіс.

4.5.4.37 Үй-жайлардағы тартылатын ауа бойынша ауаның алмасуының 1,5 және одан жоғары еселігімен ауаны тікелей үй-жайға беру керек. Басқа жағдайларда есіктің тығыз жабылмауы арқылы ауаның дәліздерден жіберілуіне жол беріледі.

4.5.4.38 Желдің 5 м/с және одан жоғары есептік жылдамдығы бар аудандарда сыртқы ауаға қатысы бойынша палаталар мен дәліздердегі ауаның тірелуі қарастырылады.

4.5.4.39 Ауа, әдеттегідей, үй-жайдың жоғарғы аймағына беріледі. Зарарсыздандырылған үй-жайларға (операция, босану және басқалары) ауа ламинарлық немесе әлсіз турбулентті ағынмен беріледі.

4.5.4.40 Ауа, әдеттегідей, екі аймақтан 40 % - жоғарғы аймақтан (төбеден 10 см), 60 % - төменгі аймақтан (еденнен 30 см) осы үй-жайларға жарылу қауіпті қоспаларды немесе оң зарядталған ауыр иондарды түзуі мүмкін шығаруды ескере отырып операция, наркоз бөлімдерінен, реанимациялық палаталардан, босандыру және рентгенкабинеттерден шығарылады.

4.5.4.41 Операция, наркоз бөлімдерінен, реанимациялық палаталардан, тез тұтанғыш сұйықтықтарды сақтау, аккумулятор үй-жайларынан ауа шығаратын желдеткіштер ұшқын түзбейтін әртекті металдардан қарастырылады.

4.5.4.42 Психиатриялық ауруханалардағы сабырлы науқастарға арналған палаталарда тек соратын желдеткіш орнатылады, палаталарға кіретін есіктер әрдайым ашық күйінде бекітілгендіктен және науқастар күндізгі уақытта медициналық процестің технология талаптары бойынша палаталарда болмайтындықтан ағын теңгерім бойынша дәлізге беріледі.

4.5.4.43 Инфекциялық (туберкулез) ауруханаларындағы бокс, жартылай бокс үй-жайларында және осы секцияның басқа үй-жайларында механикалық күшпен тарту желдеткішін, ауаны зарарсыздандыру құрылғыларымен жабдықталған – әрбір көрсетілген үй-жайдан шахта сағасына дейін дефлектор шахтасына орнату арқылы дербес арналармен табиғи сорғышты қарастыру керек. әртүрлі бөлімдердің, секциялардың және қабаттардың бөлімдерінен сору желдеткішінің арналарын бір дефлекторға біріктіруге жол берілмейді. Табиғи желдету жүйелерін есептеу үшін есептік температура tн = 0 °С тең болып қабылданады.

4.5.4.44 Ауаны әрбір секцияға және әрбір қабатқа беруді сәйкесінше үй-жайдың температурасына тең $t_п = t_в$ тартатын ауаның температурасымен жеке тарту желдеткішінің жүйелері арқылы жүзеге асыру керек.

4.5.4.45 Ауаны есік жақтауларының саңылаулары арқылы палатаға ауаның есептік көлемінің кіруін қамтамасыз ететін бокстар және жартылай бокстарға ауа ағымын қамтамасыз ету арқылы оларға ауа беруге жол беріледі.

4.5.4.46 Инфекция ауруханасының палата секциялары және басқа үй-жайлары үшін механикалық күші бар сорып-тартатын желдету қарастырылады. Бір аттас инфекциялары бар палаталар үшін бөлімге бір қондырғыны қарстыруға жол беріледі.

4.5.4.47 Әртүрлі санитарлық-гигиеналық талаптары және бір тәулік ішіндегі жұмыстың ұзақтығы бірдей үй-жайларда ауаны баптау барысында, әдеттегідей, әрбір аймаққа бактерицидтік сүзгілерді және жеткізгіштерді орнату арқылы орталық көп аймақты жүйелер қарастырылады.

4.5.4.48 Бапталған ауаның талап етілген параметрлерін кондиционерлер қамтамасыз ету шарты кезінде басқа түрдегі кондиционерлерді қолдануға жол беріледі.

4.5.4.49 Медициналық және басқа дербес кондиционерлер орталық жүйені қолданудың техникалық-экономикалық қолайсыздығы кезінде қолданылады.

4.5.4.50 Құрылыс конструкцияларындағы ауа өткізгіштер, әдеттегідей, қолданылмайды.

4.5.4.51 Тарту желдеткіш жүйелерінің ауа өткізгіштері (ауа баптау) бактериологиялық сүзгілерден кейін тот баспайтын болаттан қарастырылады.

4.5.4.52 Ингаляторияда сағатына төрт есе, топтық ингаляторияда он есе ауа алмасуды қамтамасыз ететін жеке сорып-тартатын желдету жүйесі болуы тиіс.

4.5.4.53 Барлық үй-жайларға ауа жоғарғы аймаққа, стерильді үй-жайларға ламинарлы немесе әлсіз турбулентті ағындармен 0,15 м/сек аспайтын жылдамдықпен беріледі.

4.5.4.54 Желдету жүйелерінің жабдығы дәрігерлердің кабинеттеріне, операциялық бөліміне, палаталарға, адамдар тұрақты мекендейтін үй-жайларға тігінен және көлденеңінен шектеспейтін тартатын және соратын жүйелер үшін бөлек арнайы үй-жайларға орналасады.

4.5.4.55 Сору жүйелеріне арналған үй-жайларда бір сағатта бір мәрте ауа алмасатын желдеткіші, тарту жүйелері үшін екі мәрте ауа алмасатын тарту желдеткіші болуы тиіс.

4.5.4.56 Асептикалық үй-жайларда ауа өткізгіштерді, құбырларды, арматураны жасырын жүргізіледі.

4.5.4.57 Жер бетінен кемінде 3 м биіктікте таза ауаны желдету және баптау жүйелеріне арналған сыртқы ауаны жинау. Туберкулезге қарсы стационарда (бөлімде) шығарынды кемінде 2 м биіктікте жүргізіледі.

4.5.4.58 Операция, наркоз, босандыру, реанимация бөлімдеріне, операциядан кейінгі палаталарға, қарқынды терапия палаталарына, тері күйігімен ауыратын науқастарға арналған палаталарға берілетін ауа тазалау деңгейі жоғары бактерицидті ауа сүзгілерінің көмегімен зарарсыздандырылады (кемінде 95 %).

4.5.4.59 Операция бөлімдерінде, қарқынды терапия палаталарында, реанимацияда, босану, процедура және медициналық жабдықты пайдалану ауаға зиянды заттарды шығарумен қоса жүретін басқа үй-жайларда жергілікті сору құрылғысын немесе сору шкафтарды орнату қарастырылады. Препараттардың әртүрлі бояуларының күрделі әдістемелерін қолданатын зертханаларда биологиялық қауіпсіздік шкафтары орнатылады.

4.5.4.60 Желдетудің және баптаудың дербес жүйелері таза және іріңді операциялық бөлмелерде, босандыру блоктарында, реанимациялық палаталарда, онкогематологиялық, күйікпен ауыратындар бөлімдерінде, таңу, жеке палата секцияларында, рентген кабинеттерінде жабдықталады.

4.5.4.61 Туберкулезге қарсы стационарларда (бөлімдерде) мынадай ережелер сақталуы тиіс:

а) желдету жүйесі палаталарда аэрозоль-түзуші процедураларға арналған үй-жайларда (қақырықты жинау бөлмесі, эндоскопия және басқалары) он екі еселік ауа алмасуды қамтамасыз етуі тиіс және іркілген аймақтардың туындауына жол бермеуі тиіс;

б) роторлы немесе қатпарлы түрдегі рекуператорларды қолдануға жол берілмейді;

в) HEPA-сүзгілерді немесе қарқындылығы жеткілікті бактерицидті ультракүлгін сәулемен емдеуді қолдану арқылы ауаны зарарсыздандыру үшін жоғары тәуекелді аймақтарға қызмет ететін сору қондырғылары және 1-2 класты биологиялық қауіпсіздік шкафтары жабдықталады;

г) қабат желілерін бір тік коллектормен біріктіруге жол берілмейді;

д) ауаны беруге және шығаруға арналған жабдық қарама-қарсы қабырғаларға орналасады. Жұқпалы үй-жайдан ауаның шығу көлемі кіргеннен көп болуы керек;

е) үй-жайлардың және шлюздердің барлық есіктері автоматты жабылуға арналған құрылғылармен, палаталардың және бокстардың есіктері (есіктің бөлігінің төменгі жағы) ауаның кіруі үшін желдету торларымен жабдықталады;

ж) микробактерияның көптеген дәрілік орнықтылығы бар науқастарға арналған бөлімдердегі соратын желдеткіш гравитациялық күшпен және дефлекторды орнату арқылы әрбір палатаға жеке орнатылады. Осы бөлімдердегі тартатын желдеткіш механикалық күшпен және ауаны дәлізге беру арқылы қарастырылады;

к) сору ауасының шығыны бір төсекке кемінде 80 $м^3$/сағ. құруы тиіс. Бактерия бөлмейтін науқастарға арналған палаталар сорылатын ауаның көлемінен 80 % тартылатын ауа шығынымен сорып-тартатын желдеткішпен жабдықталады;

л) баспалдақ клеткалары, лифт шахталары, көтергіштер оқпаны, қолданған киімдерді сақтайтын орын соруы басым дербес сору-тарту желдеткішімен жабдықталады;

м) сору-тарту желдеткішінің жүйесі тәулік бойы пайдаланылуы тиіс.

4.5.4.62 Ерекше эпидемияға қарсы режимді сақтауды талап еттін үй-жайларда сплит-жүйелерді қолдану тиімділігі жоғары сүзгілер болған кезде жол беріледі. Сплит-жүйелерді орнату тиісті аумақта халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы аясында мемлекеттік органмен келісіледі.

4.5.5 Газбен қамту

4.5.5.1 Барлық зертханаларда сыйымдылығы 5 л аспайтын балондардағы сұйытылған газ қолданылады.

4.5.5.2 Газбен жалын фотометрлерін және зертханалар мен дәріханалардың тұрмыстық газ плиталарын қамтамасыз ету үшін сыйымдылығы әрқайсысында кемінде 50 л 2 балонды сыртқы түсірілген шкаф қондырғыларын орнатуға жол беріледі.

4.5.6 Электр техникалық құрылғылар

4.5.6.1 Жасанды жарықтандыру ҚР ЕЖ 2.04-104 және ҚР ЕЖ 4.04-106 сәйкес барлық үй-жайларда қарастырылады.

4.5.6.2 Төбелерге орнатылған жарықтандыру шамдары тұтас (жабық) плафондармен жабдықталады.

4.5.6.3 Палаталарды (балалар және психиатриялық бөлімдерден басқа) жарықтандыру үшін әрбір төсекке еден деңгейінен кемінде 1,7 м биіктікте орнатылатын қабырғаға ілінетін құрамдастырылған шамдар (жалпы және жергілікті жарықтандыру) қолданылады.

4.5.6.4 Табиғи, бірлескен және жасанды жарықтандыруды ҚР ЕЖ 2.04-104 ережесіне, Ш.1, Ш.4-кестеге сәйкес жобалау керек.

4.5.6.5 Операциялық блоктың, босандыру бөлімінің, анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімдерінің, жедел бөлімнің, шығу бригадаларының және

дәріхана пункттерінің жәшіктерін сақтау үй-жайларының, жедел медициналық көмек станцияларының (бөлімдер), лапароскопия, бронхоскопия және ангиография кабинеттерінің, өртке қарсы құрылғылардың және күзет сигнализациясының, эвакуациялық жарықтандыру және аурухана лифтілерінің электр қабылдағыштары электрмен қамту сенімділігінің I санатына жатады.

4.5.6.6 Емдеу-профилактикалық мекемелерде өлшемі кемінде 1,0 м × 2,0 м каталкалардың еркін өтуіне арналған лифтілерді қарастыру қажет.

4.5.6.7 Электрмен қамту сенімділігінің I санатты тұтынушылары үшін үшінші тәуелсіз резервтік қуаттандыру көзін қарастыру ұсынылады.

4.5.6.8 Әрбір палатада еденнен кемінде 0,3 м биіктікте есіктің жанына орнатылған, балалар және психиатриялық бөлімдерде еден деңгейінен кемінде 2,2 м биіктікте орнатылған түнгі жарықтандыру шамдары болуы тиіс.

4.5.6.9 Әрбір төсектің басында жарықтандыру желісінің екі полюсті штепсель розеткасы орнатылуы тиіс.

4.5.6.10 Палаталарды (балалар және психиатриялық бөлімдерден басқа) тасымалды медициналық аппаратураны қосу үшін әрбір екі төсекке жерге тұйықтау түйіспесі бар бір-бірден екі полюсті розетканы қарастыру керек.

4.5.6.11 Балалар және психиатриялық бөлімдерде жерге тұйықтау түйіспесі бар штепсель розеткалар палатаға кіреберістегі дәліздерге орнатылуы тиіс (психиатриялық бөлімдерде – жабылатын есіктері бар арнайы қуыстарға).

4.5.6.12 Экрандалмаған бактерицидті шамдарға арналған ажыратқыштар сәуле шығаратын есіктің алдына орнатылады және «Кірмеңіз, бактерицидті сәуле қосулы» жарық сигналымен оқшауланылуы тиіс.

4.5.6.13 Операциялық бөлімдерде жерге тұйықтау түйіспесі бар екі полюсті және үш полюсті розеткалардың жиынтығымен әрбір операциялық үстелге екі электр қалқаннан орнатылуы тиіс.

4.5.6.14 Қан орталығының ғимаратында энергиямен қамту жүйелерінің қос толтырғышы және энергиямен қамтудың дербес көзі болуы тиіс.

4.5.6.15 Қалқандар еденнен бастап электр қалқан астына дейін 1,6 м дейін биіктікте операциялық бөлімнің екі жағынан орнатылуы тиіс.

4.5.6.16 Осындай биіктікке наркоз бөлімінің үй-жайларына және реанимациялық палаталардың залдарына электр қалқандар және штепсель розеткалар орнатылады.

4.5.6.17 Дәліздерде, вестибюльдерде, конференц-залдарда әрбір 20 м сайын жерлендіргіш түйіспелері бар екі полюсті және үш полюсті штепсельді розеткаларды қарастыру керек.

4.5.6.18 Конференц-залдарда, дәрісханаларда көрсету аппараттары үшін штепсельдік розеткаларды қарастыру керек.

4.5.6.19 Электрмен емдеуге арналған әрбір үй-жайда енгізу-үлестіру құрылғыларынан немесе дербес үлестіру қалқанынан жүргізілген дербес төрт сымды қуаттандыру желісі болуы керек.

4.5.6.20 «Шығу» жарық көрсеткіштерін орнату керек:

- түскі тамақ ішетін үй-жайлардың және акт залдарының, дәрісханалардың, конференц-залдардың және бір уақытта 100 астам адам болуы мүмкін басқа үй-жайлардың шыға берістеріне;

- тұрақты келетін жалпы саны 50 астам адамы бар үй-жай жанасатын дәліздер шығаберістеріне;

- баспалдақ торына кіреберісте және бірінші қабат арқылы және жертөледен шығатын шыға берісте;

- 25 м астам дәліздерді бойлай. Бұл жағдайда жарық көрсеткіштері бір-бірінен 25 аспайтын арақашықтыққа, сонымен қатар дәліздердің бұрылыс орындарына орнатылуы тиіс;

4.5.6.21 «Шығу» жарық көрсеткіштері апатты жарықтандыру желілеріне жалғануы тиіс. Көрсеткіштерде дербес қуаттандыру көздері болған жағдайда, олар кез келген түрдегі жарық беретін желіден қуаттандырылуы және кемінде 2 м биіктікте орнатылуы мүмкін.

4.5.6.22 Апатты жарықтандыруды операциялық блоктардағы, реанимациялық палаталардағы, босану бөлімдеріндегі, таңу, процедуралық және манипуляциялық үй-жайлардағы, қабылдау бөлімдеріндегі, жедел талдау зертханаларындағы, кезекші медбике постыларында, жедел бөлім үй-жайларында, шығу бригадаларының жәшіктерін сақтау үй-жайларында, жедел медициналық көмек станцияларының (бөлімдер) дәріхана бөлмесінде, диспетчерлік, операторлық үй-жайларында, байланыс тораптарында, электр қалқан, кезекші өрт постыларында, тұрақты күзет постарында; киім сақтайтын орындарда, вестибюльдерде, лифтілердің машина бөлімдерінде, сонымен қатар жылу пункттерінде және сорғы бөлімдерінде, қауіпті заттарды (қышқылдар, улы химикаттар, дезинфекциялаушы құралдар, жанғыш және тез тұтанғыш сұйықтықтар, сұйытылған газдармен толтырылған баллондар, радиоактивті заттар және т. б.) сақтауға арналған үй-жайларда қарастыру керек.

4.5.6.23 Апатты эвакуациялық жарықтандыруды дәліздерде, негізгі өткелдерде және адамдарды эвакуациялау үшін қызмет ететін баспалдақтарда; физиотерапия үй-жайларында, душ бөлмелерінде, балшықпен емдеу залдарында, ванна бөлмелерінде және қалпына келтіріп емдеу киім ауыстыру бөлімдерінде, сондай-ақ конференц-залдар мен аудиторияларда қарастыру керек.

4.5.6.24 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарға қосымша рентгенодиагностикалық кабинеттердің басқару (пульттік) бөлмелерін, палата бөлімдерінің қызметкерлер бөлмесін, барийді дайындауға арналған кабиналарды, қанды және қан алмастырғыштарды (қан банкі) сақтауға арналған үй-жайларды, есірткі құралдарын сақтауға арналған үй-жайларды, емшек сүтін сүзуге арналған үй-жайларды, материалдық және құрал-жабық-материалдық, қойма, санитарлық тораптар, клизмалық, жеке гигиена бөлмелері, қызметкерлерге арналған душ және гардероб, операция алдындағы және операциялық бөлмелер, аппараттық, наркоздық, фотозертханалық және басқа да және пайдалануы науқастар мен қызметкерлердің тұрақты келуімен байланысты емес басқа үй-жайларды желдеткішке және жасанды жарықтандыруға қойылатын нормаланатын талаптарды қамтамасыз ету шартымен екінші жарықпен немесе табиғи емес жарықтандырумен жобалауға жол беріледі.

4.5.6.25 Электр қабылдағыштарды қуаттандыруды TN-C-S жерге тұйықтау жүйесімен 380/220 В желіден орындалуы тиіс. РЕ-өткізгіштерінің тізбектерінде коммутациялаушы түйіспелердің және түйіспесіз элементтердің болуына тыйым салынады.

4.5.6.26 Енгізу құрылғыларын, енгізу тарату құрылғыларын, негізгі тарату қалқанын, тарату пункттерін және топтық қалқандарды электр қалқанды үй-жайлардан тыс орналастырған кезде олар қызмет көрсету үшін қолайлы және қолжетімді жерлерде, қабығы деңгейі IP 31 төмен емес шкафтарға орнатылуы тиіс.

4.5.6.27 Емдеу-профилактикалық мекемелер ғимараттарында үш сымды желі кезінде қорғаныс түйіспесі бар кемінде 16 А токты штепсель розеткаларды орнатылуы және перделері (ашасы суырылған кезде штепсел розеткасының ұяшығын автоматты жауып тұратын қорғаныс құрылғы) болуы тиіс.

4.5.7 Әлсіз токты желілер

4.5.7.1 Автоматты өрт сигнализациясын жобалау ҚР ЕЖ 2.02-102 және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

4.5.7.2 Қатынауды бақылау және басқару жүйесі келесі функцияларды орындауы тиіс:

- ғимаратқа немесе күзетілетін үй-жайларға қатынауды шектеу;
- ғимаратқа немесе күзетілетін үй-жайларға кіру және шығу деректерін тіркеу;
- ғимаратқа немесе күзетілетін үй-жайларға рұқсатсыз кіру әрекеттерін тіркеу;
- және тапсырыс берушінің талаптарына байланысты басқа функциялар.

4.5.7.3 Кезекші медициналық қызметкерлер постыларына, вестибюльдерге, дәліздерге, операция, операция алды, таңу бөлмелеріне, сонымен қатар уақыт көрсеткіштері функционалдық қажетті болып табылатын басқа үй-жайларда екінші электр сағаттарды қарастыру керек. Операция бөлімдеріне орталық секундтық тілі бар екінші сағаттарды орнату керек.

4.5.7.4 Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін стационарлар мен ұйымдардың емдеу-диагностикалық бөлімдерінің емдеу-профилактикалық бөлімдердің дәрігерлік және процедуралық кабинеттері пациенттерге кабинеттерді босату туралы хабарлау үшін жарық сигнализациясымен жабдықталады.

4.5.7.5 Жедел медициналық көмек станцияларында (бөлімдерде) санитарлық автокөліктің шығуын және кіруін бақылау жүйесін қарастыру керек. Бақылау түрі жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.5.7.6 150 және одан аз төсекті ауруханаларға жарық сигнализациясын орнатуға жол беріледі.

4.5.7.7 400 және одан көп төсекті ауруханаларда және 130 және одан көп төсекті перзентханаларда жергілікті радиотораптан ішкі хабар тарату жүйесін, сонымен қатар орталықтандырылған жатқа жазу жазбалары жүйесін қарастыру керек.

4.5.7.8 Инфекциялық ауруханаларда науқастардың келушілермен көрнекі байланысы үшін бейнетелефонды қондырғыларды қарастыру керек.

4.5.7.9 Электрмен емдеу, жылумен емдеу кабинеттеріндегі және балшықпен емдеу залындағы кушеткаларда, сумен емдеу бөлімдерінің ванналарында медбикеге процедураның аяқталғаны туралы хабар беру үшін жарық сигнализациясын қарастыру керек.

4.5.7.10 Емдеу-профилактикалық мекемелерде әлсіз токты құрылғыларды жобалау қоғамдық ғимараттарға қойылатын нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

4.5.7.11 Емдеу-профилактикалық мекемелер ғимарттарында сонымен қатар келесілер қарастырылуы тиіс:

- емдеу-профилактикалық мекемелерінің және оның бөлімшелерінің негізгі және қосымша басқару кабинеттерінде, барлық мақсаттағы диспетчерлік және кезекші қызметтердің үй-жайларында, негізгі технологиялық үй-жайларда, барлық мамандық дәрігерлерінің кабинеттерінде, қызметкерлер тұрақты келетін техникалық мақсаттағы үй-жайларда, күзет үй-жайларында телефондар;
- келушілер келетін орындарда және палата бөлімдерінде (психиатриялық, инфекциялық және балалар бөлімдерінен басқа) таксофондар;
- жергілікті сымды хабар тарату қондырғыларының нүктелерін қызметкер тұрақты келетін үй-жайларға және палаталарға (реанимация, балалар және психиатриялық бөлімдерден басқа) орнату керек;
- рентген бөлімдерінде, зертханаларда, операция бөлімдерінде, жедел көмек станцияларында дауыс зорайтқыш байланыс;
- бас дәрігер немесе орынбасарының қабылдау бөлмелеріне факстар;
- науқастар күндіз келетін үй-жайларда (науқастардың психиатриялық және боксталған бөлімдерінен басқа), емдеу-профилактикалық мекемелерінің басшыларының кабинеттерінде, оқу аудиторияларында, холлдарда эфирлік телехабар бағдарламаларын қабылдау үшін теледидар желісі (теледидар қабылдағыштары);
- инженерлік жабдықтың күйі туралы (лифтілер, жылу орталығы, су өлшеу торабы, қалқан) ақпаратты қабылдау үшін кезекші үй-жайындағы (тіркеу бөлімі) пульті.

4.5.7.12 Күзет сигнализациясы, адамдарға өрт туралы хабар беру жүйелерін жобалау қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

4.5.8 Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайларды ескерту бойынша инженерлік-техникалық шаралар

4.5.8.1 Емдеу-профилактикалық мекемелерін жобалаған кезде төтенше жағдайлар кезінде халықты қорғауды қамтамасыз ету үшін жобалауға берілген тапсырмамен белгіленген қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес азаматтық қорғаныс бойынша инженерлік-техникалық шаралар орындалуы тиіс. Төтенше жағдайлар аймағындағы төтенше медициналық көмекті зақымданған адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау және олардың күйінің әртүрлі асқынуларын ескерту мақсатында жүргізеді.

4.5.8.2 Айыққан науқастар үшін қалпына келтіріп емдеудің емдеу мекемелерін жобалау, онкологиялық, туберкулез және психиатриялық ауруханалар қала аймағында жобалануы тиіс.

4.5.8.3 Аталған мекемелердің желісін дамыту елді мекендерден көшірілген халықты орналастыру және емдеу мекемелерін өрістету үшін оларды әскери уақытта қолдануды ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

4.5.8.4 Қала аймағындағы эвакуацияланған халықты орналастыру барысында оын үймен қамтамасыз ету бір адамға жалпы ауданы кемінде 2,5 $м^2$ есеппен жүзеге асады.

4.6 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету

4.6.1 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімді ортаны қалыптастыру ҚР ЕЖ 3.06-101 талаптарына сәйкес жүзеге асады, оларды келесі жағдайларда ескеру керек:

а) жаяу жүргіншілер қозғалысы және көркейту бөлігіндегі жер телімін доспарлы ұйымдастыру;

б) ғимаратқа кіреберістерді және ғимарат ішіндегі коммуникациялық жолдарды, сонымен қатар бірінші қабаттан жоғары көтеру құрылғыларын ұйымдастыру;

в) жеке үй-жайларды және үй-жайлар топтарын жоспарлау;

г) дәретханалар, қызмет көрсету және демалу орындарын орнату;

д) өрт қауіпсіздігі шараларын әзірлеу.

4.6.2 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімді кіреберістердегі алаңда: шатыр, су бұрғыш, ал жергілікті климаттық шарттарға байланысты – жабын беттерін жылыту болуы тиіс. Пандус бар кіреберіс алаңының өлшемі кемінде 2,2 м × 2,2 м болуы тиіс.

4.6.3 Мүгедек арбасының бұрылуына арналған кеңістіктің енін кемінде 1,8 м қарастыру керек.

4.6.4 Учаскедегі жаяу жүргіншілер жолдарының жабынында ескерту функциясын орындайтын жанасу құралдарын ақпарат объектісіне немесе қауіпті учаске басталғанға дейін, қозғалыс бағыты өзгергенге, кіреберіске дейін және т. б. кемінде 0,8 м орналастыру керек.

4.6.5 Барлық пандустар мен баспалдақтардың екі жағын бойлай, сонымен қатар көлденең беттер биіктіктерінің барлық құламаларына тұтқыштар бар қоршауларды орнату қажет.

4.6.6 Емдеу-профилактикалық мекемелердің учаскелерінде жаяу жүргіншілер жолдарын бойлай әрбір 50 м сайын отыру үшін, сонымен қатар кресло-арбадағы мүгедектер үшін отыратын орындары бар демалу алаңдарын орнату керек.

4.6.7 Вестибюльде мүгедектердің өзін өзі күтуі, оның ішінде киіну үшін еден үстілік жабдықтан және жиһаздан бос аймақты қарастыру керек, бұл жағдайда 0,8 бастап 1,2 м дейін биіктікте еден деңгейінен қабырғалық сөре-үстелдерді, ілмектерді және тіреу тұтқыштарды орналсастыру ұсынылады.

4.6.8 Емдеу-профилактикалық мекемелерде кресло-арбалардағы мүгедектер үшін арнайы жабдықталған тек 1-ші типті бөлімшелер болған жағдайда санитарлық үй-жайлар (дәретхана, шешіну орындары және басқалары) осы мақсаттағы үй-жайлардың жалпы есептік санына кіруі және орталық вестибюльге, сонымен қатар пациент құрғақ киімге ауыстырмай вестибюльге шыға алмайтын үй-жайдың құрамындағы сауықтыру және емдеу бассейндеріне, сумен емдеу және т. б. бөлімдерге орналасуы тиіс.

4.6.9 2-ші типті бөлімшелер үшін арнаулы дәретхананы және киім ілетін бөлмелерді осы бөлімдердің құрылымына немесе тікелей жақын орналастыру керек.

4.6.10 Кресло-арбадағы мүгедектер үшін арнайы жабдықталған үй-жайлар: санораптар, шешінетін бөлмелер, ванналар және басқалары осы мақсаттағы үй-жайлардың жалпы есептік санына кіруі тиіс.

4.6.11 Мүгедектерге арналған палаталар бірінші қабатқа орналасады. Мүгедектерге арналған палаталар мен тұрмыстық үй-жайлар есік ойықтарының ені кемінде1,2 м болуы тиіс.

4.6.12 Кресло-арбамен жүретін мүгедектерге арналған дәретханаларда қабырғаға құрастырылған қапсырма түріндегі арнайы керек-жарақтармен жабдықталған, ені кемінде 1,65 м және тереңдігі кемінде 1,8 м кабина қарастырылады. Душ бөлмелеріне еден деңгейінен 90 бастап 130 см дейін биіктікте тік тұтқыш, ал ваннаға – көлденең тұтқыштар орнатылады.

4.6.13 Дәрігердің және емдеу кабинеттерінің габариттері кресло-арбалардағы пациенттердің оларға кіруіне кедергі болмауы тиіс. Оларға жабдықтарды орналастыру ені 1,2 м дәрігердің үстеліне еркін кіру және диаметрі кемінде 1,4 м кресло-арбаның бұрылу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

4.6.14 Су асты массаж кабинетіндегі ваннаның тереңдігі 0,4 бастап 0,6 м дейін болуы тиіс. Периметрі бойынша ванна тірек тұтқыштармен жабдықталады. Ваннанның айналасына мүгедек арбасының өтуіне арналған 1,5 бастап 1,6 м дейін кеңістік қарастырылады. Ваннаның айналасындағы еден резеңке немесе басқа сырғанамайтын жабынмен жабылады.

4.6.15 Су асты массаж жасау үй-жайларына және емхананың душ залы кабиналарына тірек-қимыл аппаратының бұзушылығы бар мүгедектерді арбадан ваннаға немесе кабинаға ауыстыру үшін арнайы жабдықты, сондай-ақ арнайы тұтқыштарды және процедура қабылдау кезінде мүгедекті тіреу мақсатында тізелеріне арналған тіректерді орнату ұсынылады.

4.6.16 Емдеу-профилактикалық мекемелерді жобалау барысында осы мекемелердің функционалдық ерекшеліктері айтылған мүгедектер үшін сәулеттік ортаны лайықтау талаптарын ескеру керек.

4.6.17 Мүгедектер үшін әртүрлі санаттағы үй-жайларды жинау және арнайы жабдықпен толықтыру осы үй-жай қандай топқа жататындығына байланысты қабылданады.

4.6.18 Емдік деен шынықтыру үй-жайларының жанында, сонымен қатар душ залының жанында мүгедектердің, оның ішінде кресло-арбалардағы мүгедектердің оларды қолдану мүмкіндігін ескере отырып шешінетін бөлмелер қарастырылуы тиіс (оларда: үй-жайдың ең кіші өлшемдері - 3,0 м × 6,0 м; аймақтың еден үстілік жабдығынан диаметрі

кемінде 1,5 м бос орындар; шешінуге арналған орындықтың басында қабырғаға ілінген тұтқыштар болуы тиіс). Киім сақтайтын орындардағы/шешінетін және душ бөлмелеріндегі шкафтардағы нөмірлер бұдырлы және контрастты фонда болуы тиіс.

4.6.19 Дәріханалардың сауда залдары және сүт асханаларының үлестіру пункттері үшін сауда мекемелерінің сауда залдарына арналған талаптар жарамды.

4.6.20 Дәріхана сөрелері кресло-арбамен жүретін мүгедектер үшін қолжетімді болуы тиіс. Сөрелердегі тауарларды мүгедек арбаларында отырған адамдардың көз аясына орналастыру керек.

4.6.21 Пациенттерді күту және қабылдау орындары арнаулы техникалық және ақпараттық құралдармен (индукциялық және басқа қосымша дыбыстандыру жүйелерімен, жанасу көрсеткіштермен, радиохабар берушілермен және басқалары) жабдықталады.

4.6.22 Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жанындағы ашық автотұрақтарда кіре берістен 50 м алыс емес, ал тұрғын ғимараттарының жанында 100 м алыс емес арақашықтықта көлік қою аймағы бар кемінде 3,5 м мүгедектердің көлігі үшін орындарды 10 % дейін (бірақ кемінде бір орын) бөлу керек.

4.6.23 Мамандандырылған ғимараттар мен құрылыстардың жанында автомобиль тұрақтарында мүгедектер үшін мүгедектердің жеке автомобильдері үшін кемінде 20 % орынды, ал белі ауыртаны науқастарды емдеуде және тірек-қимыл функцияларын қалпына келтіруде мамандандырылған мекемелердің жанына кемінде 20 % орынды бөлу керек.

4.6.24 Салондары кресло-арбадағы мүгедектерді тасымалдауға лайықты автомобильдерді қоюға арналған тұрақтағы орындар болған жағдайда, тұрақ орындарына осындай автомобильдердің жанынан келу ені кемінде 2,5 м болуы тиіс.

4.7 Қоршаған ортаны қорғау және санитарлық-гигиеналық талаптар

4.7.1 Емдеу-профилактикалық мекемелер ұйымдардың құрылысқа берілген жер телімі ластау көздерінен алыс орналасуы тиіс, топырақтағы және атмосфералық ауадағы уытты және зиянды заттардың құрамы, радиация аясының, электр магниттік сәулелердің және шуылдың деңгейі жол берілген мәннен аспауы тиіс.

4.7.2 Емдеу-профилактикалық мекемелері ұйымдарының аумақтары сәулеттенеді, көгалдандырылады, қоршалады және жарықтандырылуы тиіс. Көшеттер мен гүлзарлардың ауданы жер телімінің жалпы ауданының кемінде 40 % құрауы тиіс.

4.7.3 Жоба шешімдерінің нұсқаларын салыстыруды және таңдауды топырақ құнарлығын қалпына келтіру және қоршаған ортаның ластануынан және экожүйелер мен табиғат кешендерінің бұзылуынан экономикалық залалдың орнын толтыру бойынша жұмыс көлемдерін ескере отырып жүргізу керек.

4.7.4 Желдеткіштер және электр қозғалтқыштар өзге шуылдарды шығармау және конструкцияның дірілін тудырмауы тиіс.

4.7.5 Физиотерапия бөлімдеріндегі (кабинеттердегі) жұмыс орындарындағы шуыл, электр статикалық өріс, электр магниттік өрістердің кернеулігі, ауаның иондануы және лазерлік сәулелену деңгейлері жол берілген параметрлерден аспауы тиіс.

4.7.6 Емдеу-профилактикалық мекемелерінің ғимараттары үшін суды тұтыну және су бұру режимі денсаулық сақтау ұйымдарын сумен қамту, су бұруға қойлытаны қолданыстағы нормативтік-құқытқыт актілердің талаптарына сәйкес анықталуы тиіс.

4.7.7 Радиоактивті «ұзақ сақталатын» қалдықтарды көму үшін арнайы полигондарға (қоқыс орындарына) жіберу керек.

5 ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

5.1 Энергия тиімділігін қамтамасыз ету

5.1.1 Емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі энергия тиімділікті мынадай жолмен қамтамасыз ету ұсынылады:

а) ғимарат түрін және бағдарлануын сәйкесінше таңдау;

б) көлемдік-жоспарлы шешімдер;

в) сыртқы қоршаулардың жылумен қорғау сапаларын таңдау;

г) шеттері бойынша қабырғалардың сараланған жарығын және терезелердің өлшемдерін таңдау;

д) желден қоршайтын құрылғыларды қолдану;

е) жасанды жарықтандыру аспаптарын орынды орналастыру, салқындату және басқару арқылы қамтамасыз ету ұсынылады.

5.1.2 Болашақтағы кезеңде энергияны үнемдеудің маңызды бағыттарының қатарында мыналарды қарастыру керек:

а) заманауи құралдарды қолдану арқылы басқару жүйелерін электр қондырғылармен дамытуды;

б) жиналған жылуды, екінші энергетикалық ресурстардың барлық түрлерін қолдануды;

в) электр және жылу энергиясын құрамдастырылған шығаруды қамтамасыз ететін ЖЭО үлесін ұлғайту;

г) ғимараттың қоршау конструкцияларының жылу техникалық сипаттамаларын жақсарту;

д) жылу көздерінің конструкцияларын және жылу тұтынатын жүйелерді жетілдіру.

5.1.3 Энергия тұтынуды ең төменгі деңгейге дейін төмендетуге мүмкіндік беретін келесідей негізгі факторларды қарастыру керек:

а) қоршау конструкцияларының термиялық кедергісінің ұлғаюы;

б) жылуды рекупирлей отырып үй-жайды мәжбүрлі желдету жүйесін құру арқылы желдету жылудан айырылуды төмендету;

в) жарық-мөлдір конструкциялардың термиялық кедергісінің ең жоғары техникалық ықтимал деңгейге дейін ұлғаюы;

г) мекеменің сыртқы ауа ағынына қатысты қажетті герметикалығын қамтамасыз ету;

д) желдің басым бағытын және күн энергиясын қолдану мүмкіндігін ескере отырып, мекеменің сәулет-жоспарлау шешімдерін құру.

5.1.4 Энергия тұтынуды бағдарламалық және орынды реттеу блоктарымен жабдықталған орталық, аймақтық, қасбеттік, қабаттық, жергілікті жеке, бағдарламалық және кідірмелі автоматты реттеуді қолдану ұсынылады.

5.1.5 Ғимаратты жобалау және салу кезінде жүйелерді, жылу оқшаулауды мұқият монтаждауды, өз уақытында жөндеуді, жүйелерге және жеке элементтерге қызмет көрсету және оларды жөндеу бойынша жұмыстар мерзімін және құрамын сақтауды қарастыру керек.

5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

5.2.1 Емдеу-профилактикалық мекемелерін жобалаған кезде ескірген конструкцияларды немесе тұтас ғимараттарды бұзған немесе қайта құрған уақытта жиналатын құрылыс қалдықтарының кешенді пайдаланылуын меңзейтін перспективаға оңтайлы амал қолдану ұсынылады.

5.2.2 Құрылыс кезінде құрылыс қоқыстарының үйінді болып жиналуына жол бермеу үшін құрылыс қалдықтарын қайта өңдеудің баламалы жолдарын көздейтін құрылыс алаңдарындағы қалдықтардың кәдеге асырылуын қарастыру керек.

5.2.3 Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында су шаруашылығы кешенін дамытқан уақытта келесі шараларды қарастыру қажет:

а) сумен қамту жүйелерінің ресурстарды үнемдейтін технологияларын енгізу;

б) судың айналымды және қайта пайдаланылуын кеңейту;

в) жеткізетін коммуналды және суару желілеріндегі судың жоғалуын азайту.

5.2.4 Су тұтынуды азайту үшін мыналарды жүзеге асыру ұсынылады:

а) су шығынын шектегіштерді орнату, ыстық және суық су есептегіштерін орнату;

б) төгу жүйесінде пайдаланылған немесе алдын-ала тазартылған және зарарсыздандырылған жауын суын қолдану;

в) учаскеде өсімдіктерді суғару үшін пайдаланылған немесе тазартылған жауын суын қолдану;

г) аз суаруды талап ететін өсімдіктерді отырғызу.

А қосымшасы
(міндетті)

А.1-кесте – Ғимараттар арасындағы жол берілген ең төменгі арақашықтық

Метрмен

Араларындағы арақашықтық анықталатын ғимараттар мен құрылыстар	Жол берілген ең төменгі арақашықтық
1 Радиологиялық корпус және олармен оқшауланбаған басқа ғимараттар	25
2 Шаруашылық корпуспен, палаталық корпуспен және тұрғын ғимараттармен біріктірілген өнімділігі 100 кг/сағ. дейінгі қалдықтарды жағу пеші*	50
3 Жеке тұрған өнімділігі 100 кг/сағ. астам қалдықтарды жағу пеші және тұрғын ғимараттар *	100
4 Емдік газдарды сақтаудың және үлестірудің орталықтандырылған пункті (әрқайсының сыйымдылығы кемінде 50 л 10 астам баллонды сақтау шарты кезінде), трансформатор шағын станция және басқа ғимараттар мен құрылыстар, сонымен қатар инженерлік жабдық	25
5 Палата корпустары (терезелерімен) және басқа ғимараттар	қарама-қарсы тұрған ғимараттың биіктігі 2,5, бірақ 24 кем емес
6 Палата бөлімдері бар аурухана ғимараттары, перзентханалар, стационарлары бар диспансерлер және қызыл түсті жолдар	30
7 Палата бөлімдері бар аурухана ғимараттары, перзентханалар, стационарлары бар диспансерлер және тұрғын ғимараттар (емдеу-пррофилактикалық мекемелер ғимараттарының қабаттарына байланысты)	30 бастап 50 дейін
8 Палаталары бар корпустар және патологоанатомиялық корпус, сонымен қатар жедел медициналық көмек ұйымының ғимараты	30
9 Тағамды дайындау қызметінің ғимараты және патологоанатомиялық корпус	30
10 Тұрғын ғимараттар, сонымен қатар қызыл жолдар және емдеу-диагностикалық корпустар, емханалар, әйелдер консультацияларының ғимараттары жәнеинсоляция, жарықтандыру шарттарына сүйене отырып, стационары жоқ диспансерлер	15
11 Палаталары бар корпустар және дене шынықтыруға арналған ашық құрылыстар	30

А.1-кестенің жалғасы

Метрмен

Араларындағы арақашықтық анықталатын ғимараттар мен құрылыстар	Жол берілген ең төменгі арақашықтық
12 Палаталары бар корпустар, емдеу-диагностикалық корпустар және трансформатор шағын станциясы	25
13 Қоқыс жинағыш, емдеу ұйымдары және тамақтандыру мекемелері	кемінде 25

_____

* Пешті атмосферадағы зиянды заттарды тарату есебін ескерумен орналастыру керек. Емдеу-профилактикалық мекемелерде жағылатын қалдықтар тізімі мемсанқадағалаудың аумақтық органдарымен келісілуі тиіс.

Ескертпе – Мемлекеттік қадағалау органдарының келісім бойынша реконструкция шарттарындағы кестеде көрсетілген арақашықтық анықталуы мүмкін.

Б қосымшасы
(міндетті)

Амбулаторлық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар құрамы мен ауданы

Б.1-кесте – Ересектерге арналған амбулаторлық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар құрамы мен ауданы

Шаршы метрмен

Құрылымдық бөлімшелер бойынша үй-жайдың атауы	Қуаттылық – ауысымға келушілер кезіндегі емхана ауданы, кем емес					Ескертпе
	1600	960	720	480	240	
Жалпы үй-жайлар*						
1 Дәріхана дүңгіршегі және анықтама бөлімі бар вестибюль	Мекемеде бір уақытта болған келушілердің әрқайсысына 0,3, бірақ 12 кем емес					-
2 Келушілердің киім сақтайтын орны	0,1 бір орынға, бірақ 8 кем емес					-
3 Тіркеу бөлімі	-					-
3.1 Карта қоймасы бар тіркеушіге арналған үй-жай	15 (қабылдау жүргізетін 5 дәрігердің 1,1 тіркеуші лауазымы)					-
3.2 Ақылы қызмет үшін ақшаны қабылдау кассасы	3	3	3	3	3	-
4 Жұмысқа жарамсыз парағын рәсімдеуге арналған үй-жай	6	6	6	6	-	-
5 Шақыруларға арналған үй-жай	-	-	-	-	-	-
6 Заңгер кабинеті	6	6	6	-	-	-
7 Келушілерге арналған дәретхана	қоғамдық ғимараттарға қойылатын талаптарға сәйкес					-
Емдеу-профилактикалық бөлімшелер						
8 Медициналық-оңалту сараптама комиссиясы (МОСК)	-	-	-	-	-	Бар-жоғы жобалау тапсырмасымен анықталады
8.1 Күту аймағы	12	12	12	12	12	-
8.2 Сарапшы дәрігерлер кабинеті	10	10	10	10	10	-

Б.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

Құрылымдық бөлімшелер бойынша үй-жайдың атауы	Қуаттылық – ауысымға келушілер кезіндегі емхана ауданы, кем емес					Ескертпе
	1600	960	720	480	240	
9 Травматологиялық пункт	Қабылдау бөлімдерінің, мамандандырылған бокстардың, травматологиялық пункттердің үй-жайларының құрамы мен ауданы (4.3.5.2 бөлімді қараңыз)					Бар-жоғы жобалау тапсырмасымен анықталады
9.1 Травматологиялық пункт меңгерушісінің кабинеті	10	10	10	-	-	-
10 Терапевтік бөлім	-					-
10.1 Бөлім меңгерушісінің кабинеті	8	8	8	8	8	-
10.2 Аға медбикенің кабинеті	8	8	8	8	8	-
10.3 Учаскелік (цехтік) дәрігер терапевтің кабинеті	12	12	12	12	12	-
11 Жалпы дәрігерлік тәжірибе бөлімі	-					-
Бөлім меңгерушісінің кабинеті	-					-
11.1 Жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті	12	12	12	12		-
11.2 Күту аймағы	8.1 поз.бойынша					-
Егу кабинеті	-	-	-	-	-	-
11.3 Жасөспірімдерге медициналық көмек көрсетуге арналған кабинет	10	10	10	10	10	Кабинеттер саны жобалау тапсырмасымен анықталады
11.4 Ревматолог (кардиоревматолог) кабинет	10	10	10	10	-	Процедуралық бөлме экрандалуы тиіс
11.5 Кардиолог кабинеті	10	10	10	10	-	-
11.6 Инфекция дәрігерінің кабинеті:	10	10	10	10	-	-

Б.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

Құрылымдық бөлімшелер бойынша үй-жайдың атауы	Қуаттылық – ауысымға келушілер кезіндегі емхана ауданы, кем емес					Ескертпе
	1600	960	720	480	240	
ректороманоскопия үй-жайы	12	12	12	12	-	-
дәретхана	3	3	3	3	-	-
клизма жасау бөлмесі	6	6	6	6	-	-
11.7 Эндокринолог кабинеті	10	10	10	-	-	-
11.8 Гастроэнтеролог кабинеті:	10	10	10	-	-	-
Дайындау арқылы гастроскопияға арналған үй-жай	10	10	18+10	-	-	-
11.9 Аллерголог кабинеті:	10	-	-	-	-	-
процедуралық кабинет	10	-	-	-	-	-
11.10 Гематолог кабинеті	10	-	-	-	-	-
11.11 Пульмонолог кабинеті	10	-	-	-	-	-
11.12 Нефролог кабинеті	10	-	-	-	-	-
11.13 Логопед кабинеті	10	-	-	-	-	-
11.14 Профилактика және диспансерлеу кабинеті	12	12	12	12	12	-
11.15 Туберкулезге қарсы препараттарды қабылдауға арналған кабинет	8	8	8	8	8	-
11.16 Күту аймағы	8.1-поз.бойынша					-
12 Хирургиялық бөлім (кабинеті)	-	-	-	-	-	-
12.1 Бөлім меңгерушісінің кабинеті	8	8	-	-	-	-
12.2 Дәрі-дәрмектерге арналған үй-жайы бар аға медбикенің кабинеті	15+6	15+6	-	-	-	-

Б.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

Құрылымдық бөлімшелер бойынша үй-жайдың атауы	Қуаттылық – ауысымға келушілер кезіндегі емхана ауданы, кем емес					Ескертпе
	1600	960	720	480	240	
12.3 Дәрігер хирургтың кабинеті	10	10	10	10	10	-
12.4 Операция алдындағы бөлме-зарарсыздандыру үй-жайы	16	16	-	-	-	-
12.5 Науқастарды киіндіруге арналған шлюзі бар операция жасау бөлмесі	24+6	24+6	-	-	-	-
12.6 Таза жара таңу бөлмесі	10	10	10	10	10	-
12.7 Іріңді жара таңу бөлмесі	10	10	10	10	10	-
12.8 Травматолог-ортопед дәрігерінің кабинеті	10	10	10	10	10	-
12.9 Гипсті жара таңу бөлмесі	10	10	10	10	10	-
12.10 Гипсті сақтауға арналған бөлме	6	6	6	6	6	-
12.11 Уролог дәрігердің кабинеті (шлюзімен)	18	18	18	-	-	-
12.12 Уролог дәрігердің процедуралық кабинеті (ағызатын)	18	18	18	-	-	-
12.13 Нейрохирург дәрігердің кабинеті	10	-	-	-	-	Бар-жоғы жобалау тапсырмасымен анықталады
12.14 Проктолог кабинеті (шлюзімен):	10	-	-	-	-	-
Ректороманоскопияға арналған процедуралық кабинет (ағызғышы бар)	10	-	-	-	-	-
шешінуге арналған	3	-	-	-	-	-

Б.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

Құрылымдық бөлімшелер бойынша үй-жайдың атауы	Қуаттылық – ауысымға келушілер кезіндегі емхана ауданы, кем емес					Ескертпе
	1600	960	720	480	240	
кабина						
12.15 Картотекасы бар хирург-онкологтың кабинеті:	10	10	-	-	-	-
хирург-онколог кабинетінің жанындағы процедуралық кабинет	10	10	-	-	-	-
12.16 Күту аймағы	8.1-поз.бойынша					-
13 Стоматологиялық бөлім	-	-	-	-	-	-
13.1 Бөлім меңгерушісінің кабинеті	8	8	8	-	-	-
13.2 Аға медбикенің кабинеті	10	10	10	-	-	-
13.3 Терапевтік стоматология бөлімі:	-	-	-	-	-	-
дәрігердің кабинеті	14 бір стоматологиялық креслоға (10 – әрбір кейінгісіне)					-
зарарсыздандыруға арналған үй-жай	12	12	10	10	10	Кресло саны 4 және одан көп болғанда қарастырылады
13.4 Периодонтолог кабинеті	10	-	-	-	-	-
13.5 Хирургиялық стоматология бөлімі:	-	-	-	-	-	-
дәрігердің кабинеті	10 бір стоматологиялық креслоға (10 – әрбір кейінгісіне)					-
операция алдындағы бөлме-зарарсыздандыру үй-жайы	14	14	14	-	-	-
операция жасау бөлмесі	22	22	22	-	-	-
анестезиолог бөлмесі	8	8	8	-	-	-

Б.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

Құрылымдық бөлімшелер бойынша үй-жайдың атауы	Қуаттылық – ауысымға келушілер кезіндегі емхана ауданы, кем емес					Ескертпе
	1600	960	720	480	240	
13.6 Ортопедиялық стоматология бөлімі:	-	-	-	-	-	-
дәрігердің кабинеті	14 бір стоматологиялық креслоға (10 – әрбір кейінгісіне)					-
зарарсыздандыру үй-жайы	10	10	10	-	-	-
тіс техникалық зертхана:	-	-	-	-	-	-
а) техниктер бөлмесі	4 бір техникке, бөлмедегі ең көп дегенде 15 техник					-
б) мамандандырылған үй-жай:	-	-	-	-	-	-
полимеризациялық	6 бір жұмыс істеушіге, бірақ 12 кем емес					-
жылтырату	Сол сияқты					-
дәнекерлеу	Сол сияқты					-
гипстеу	Сол сияқты					-
Материалдар мен гипсті сақтауға арналған үй-жай	10	10	10	-	-	-
протездер мен модельдерді сақтауға арналған үй-жай	8	8	8	-	-	-
зертханалық керамика және металлокерамика үй-жайы	6 бір жұмыс істеушіге, бірақ 12 кем емес					-
металлокерамиканы күйдіру үй-жайы	12 бір пешке (6 – әрбір кейінгісіне)					-
протездерді бағалы материалдардан өндіру	4 бір техникке, бірақ 12 кем емес					-
кәдімгі құю	16	16	16	16	-	Бар-жоғы жобалау тапсырмасымен анықталады
құю СВЧ	24	24	24	24	-	-

Б.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

Құрылымдық бөлімшелер бойынша үй-жайдың атауы	Қуаттылық – ауысымға келушілер кезіндегі емхана ауданы, кем емес					Ескертпе
	1600	960	720	480	240	
қышқылдар қоймасы	8	6	4	4	-	-
13.7 Түкіргіштерді, бет орамалдарды, салма қалталарды, қаптарды жинауға, зарарсыздандыруға арналған үй-жай	10	10	10	10	-	-
13.8 Күту аймағы	8.1-поз. бойынша					-
14 Оториноларингологиялық бөлім (кабинет)	-	-	-	-	-	-
14.1 Бөлім меңгерушісінің кабинеті	8	-	-	-	-	-
14.2 Дыбысты оқшаулағыш кабинасы бар оториноларинголог дәрігердің кабинеті	18	18	18	18	18	-
14.3 Вестибулярлы аппаратты зерттеуге арналған кабинет	10	10	10	10	10	Бар-жоғы жобалау тапсырмасымен анықталады
14.4 Операция алды бөлігі бар операция жасау бөлмесі	18+8	18+8	18+8	-	-	Бір ауысымда 480 келушілер келетін емханаларда офтальмологиялық бөліммен жалпы болуы мүмкін
14.5 Күту аймағы	8.1-поз. бойынша					
15 Офтальмологиялық бөлім (кабинет)	-	-	-	-	-	-
15.1 Бөлім меңгерушісінің кабинеті	8	8	-	-	-	-

Б.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

Құрылымдық бөлімшелер бойынша үй-жайдың атауы	Қуаттылық – ауысымға келушілер кезіндегі емхана ауданы, кем емес					Ескертпе
	1600	960	720	480	240	
15.2 Офтальмолог дәрігердің кабинеті (қараңғы бөлмемен)	18	18	18	18	18	-
15.3 Операция алды бөлігі бар операция жасау бөлмесі	18+8	18+8	-	-	-	-
15.4 Күту аймағы	8.1-поз. бойынша					-
15.5 Түйіспелі линзалар зертханасы: дәрігердің кабинеті	10	-	-	-	-	Бар-жоғы жобалау тапсырмасымен анықталады
15.6 Көзді протездеу зертханасы:	-	-	-	-	-	Бар-жоғы жобалау тапсырмасымен анықталады
күту аймағы	8	-	-	-	-	-
шеберхана	25	-	-	-	-	-
материалдар мен құралдарды сақтауға арналған бөлме	10	-	-	-	-	-
дәрігердің кабинеті	10	-	-	-	-	-
16 Неврологиялық бөлім (кабинет)	-					
16.1 Бөлім меңгерушісінің кабинеті	9	-	-	-	-	-
16.2 Невропатолог дәрігердің кабинеті	15	15	9	9	9	-
16.3 Психотерапевт дәрігердің кабинеті:	9	9	9	-	-	-
психотерапевтің кабинеті (шлюзімен)	24	24	24	-	-	-
16.4 зарарсыздандыратын ине рефлексотерапияның процедуралық кабинеті:	10+3	10+3	10+3	-	-	-

Б.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

Құрылымдық бөлімшелер бойынша үй-жайдың атауы	Қуаттылық – ауысымға келушілер кезіндегі емхана ауданы, кем емес					Ескертпе
	1600	960	720	480	240	
дәрігердің кабинеті	9	9	9	-	-	-
16.5 Нарколог кабинеті (картотекасы бар):	6+2	6+2	6+2	-	-	-
Жеке процедураларға арналған үй-жай	6	6	6	-	-	-
